

Марат Оспанов атындағы БҚМУ КОНФЕРЕНЦИЯ СЕРИЯСЫ

XXIV том 2023



Меншік иесі - «Марат Оспанов атындағы
Батыс Қазақстан медицина университеті»
Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ҚР Ақпарат және коммуникациялар
министрлігіне 18.04.2019 ж. тіркеліп,
№17669-Ж куәлігі берілген.

Бас редактор: А.А. Қалиев
Бас редактордың орынбасары:
Н.М. Мусин
Жауапты шығарушы редактор:
Г.С. Дильмагамбетова
Техникалық редактор: С.Д. Оразов
Корректорлар: С.Ұ. Тоғызбаева
А.М. Бекниязова
А.С. Уркунова

Редакция және баспахана мекенжайы:
030019, Ақтөбе қаласы,
Маресьев к., 68,
морфологиялық корпус, 116-каб.
тел./факс: 8/7132/56-23-87.
E-mail: conference@zkgmu.kz

Шыққан күні: 12.10.2023
Таралымы 500 дана.
Тапсырыс № 23/1158

Редакциялық-баспа орталығында басылып
түптелді

РЕДАКЦИЯЛЫҚ ҰЖЫМ

Е.Ш. Базарғалиев
А.Д. Балмагамбетова
С.К. Балмагамбетова
А.М. Баспакова
Г.А. Батырова
Т.А. Джаркенов
Б.С. Жакиев
А.К. Жумагазина
Л.С. Ермуханова
Е.М. Изтлеуов
Б.Ж. Каримова
Г.К. Кошмаганбетова
Х.И. Кудабеева
Н.М. Мусин
Р.Е. Нургалиева
Г.А. Смагулова
Р. М. Ураз

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Л.Р. Ахмадеева (Ресей)
Е.Ж. Бекмухамбетов (Ақтөбе, Қазақстан)
Л.О. Бигрен (Швеция)
Н.Н. Бримкулов (Қырғызстан)
А.В. Виканес (Норвегия)
В.В. Власов (Ресей)
Ж.А. Доскалиев (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
Б.К. Жолдин (Ақтөбе, Қазақстан)
М.К. Изтлеуов (Ақтөбе, Қазақстан)
О-Дэ Квон (Корея)
Т.Т. Киспаева (Қарағанды, Қазақстан)
Р.С. Кузденбаева (Алматы, Қазақстан)
Г. Маккиарелли (Италия)
А.А. Мамырбаев (Ақтөбе, Қазақстан)
С.А. Нотолла (Италия)
К.Ж. Сакиева (Ақтөбе, Қазақстан)
Т.Ш. Шарманов (Алматы, Қазақстан)
Р.Э. Чобанов (Әзірбайжан)

ЖАРИЯЛАНЫМҒА ЖАУАПТЫЛАР

Баубеков Ж.Т.
Сабитбекова М.М.
Утарғалиева Ш.Ш.
Акиева А.С.

СЕРИЯ КОНФЕРЕНЦИЙ ЗКМУ имени Марата Оспанова

XXIV том 2023



Учредитель - Некоммерческое акционерное общество «Западно-Казахстанский медицинский университет имени Марата Оспанова»

Свидетельство о постановке на учет №17669-Ж от 18.04.2019 г. выдано Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан.

Главный редактор: А.А. Калиев
Зам. главного редактора: Н.М. Мусин
Ответственный выпускающий редактор: Г.С. Дильмагамбетова
Технический редактор: С.Д. Оразов
Корректоры: С.Ұ. Тоғызбаева
А.М. Бекниязова
А.С. Уркунова

Почтовый адрес редакции и типографии:
030019, г. Актобе,
ул. Маресьева, 68,
морфологический корпус, 116 каб.
тел./факс: 8/7132/56-23-87.

E-mail: conference@zkgmu.kz

Дата выпуска: 12.10.2023
Тираж 500 экз.
Заказ № 23/1158

Отпечатано в Редакционно-издательском центре

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Е.Ш. Базаргалиев
А.Д. Балмагамбетова
С.К. Балмагамбетова
А.М. Баспакова
Г.А. Батырова
Т.А. Джаркенов
Б.С. Жакиев
А.К. Жумагазина
Л.С. Ермуханова
Е.М. Изтлеуов
Б.Ж. Каримова
Г.К. Кошмаганбетова
Х.И. Кудабаяева
Н.М. Мусин
Р.Е. Нургалиева
Г.А. Смагулова
Р. М. Ураз

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

Л.Р. Ахмадеева (Россия)
Е.Ж. Бекмухамбетов (Актобе, Казахстан)
Л.О. Бигрен (Швеция)
Н.Н. Бримкулов (Кыргызстан)
А.В. Виканес (Норвегия)
В.В. Власов (Россия)
Ж.А. Доскалиев (Нур-Султан, Казахстан)
Б.К. Жолдин (Актобе, Казахстан)
М.К. Изтлеуов (Актобе, Казахстан)
О-Дэ Квон (Корея)
Т.Т. Киспаева (Караганда, Казахстан)
Р.С. Кузденбаева (Алматы, Казахстан)
Г. Маккиарелли (Италия)
А.А. Мамырбаев (Актобе, Казахстан)
С.А. Нотолла (Италия)
К.Ж. Сакиева (Актобе, Казахстан)
Т.Ш. Шарманов (Алматы, Казахстан)
Р.Э. Чобанов (Азербайджан)

ОТВЕТСТВЕННЫЕ ЗА ВЫПУСК

Баубеков Ж.Т.
Сабитбекова М.М.
Утаргалиева Ш.Ш.
Акиева А.С.

Құрметті әріптестер!

Марат Оспанов атындағы БҚМУ «Марат Оспанов атындағы БҚМУ конференция сериясының» кезекті нөмірі «Хирургия саласы бойынша қазақша терминдер мәселелері» тақырыбындағы республикалық терминалогиялық конференцияға арналған. Осы басылымда Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің оқытушы-профессорлық құрамы мен Қазақстанның жетекші медициналық ЖОО-ның терминтоп мүшелері, соның ішінде хирургия саласы бойынша қазақша терминдерді біріздендіру мақсатында зерттеу жүргізіп жүрген мамандардың еңбектері мен іс-тәжірибелері ұсынылып отыр.

Қоғамның жаһандануы мен интернационалдандырылуы дамыған сайын жоғары білімнің алдында жаңа мақсаттар — заманауи әлемде тиімді жұмыс жасауға қабілетті жоғары білікті, құзыретті мамандар дайындау мақсаттары тұрады. Жоғары білімнің ұлттық жүйесі, ұлттық тіл ауқымды үдерістер мен үрдістерден тыс дами алмайды. Сондықтан мемлекеттік тілде жазылған еңбектерде, студенттерді оқытатын оқу-әдістемелік құралдарда медициналық терминдердің аудармасы сапалы, әрі бірдей, ортақ қолданылуы аса маңызды мәселе. Бұл өзгерістер мемлекеттік тілде медициналық білім беру сапасын да жақсартады.

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің профессор-оқытушылар құрамынан жасақталған терминком жұмысы жолға қойылған, топ мүшелері тиісті деңгейде шаралар атқаруда. Конференцияны өткізудің мақсаты — кәсіби медициналық білім беруде кездесетін сапасыз аудармалар мен кейбір қолданыста жүрген медициналық терминдерді, соның ішінде хирургия саласы бойынша қайта қарауды қажет ететін термин сөздер бойынша пікір алмасып, тәжірибе бөлісу және осы бағыттағы зерттеу жұмыстарын жақсарту, медициналық терминдер бойынша ұсыныстар жасау болып табылады.

Конференцияға қатысушыларға жетілу және кәсіби өсу жолында табыс, шығармашылық жетістіктер тілеймін!

Құрметпен: Басқарма Төрағасы - Ректор Қалиев А.А.

ХИРУРГИЯДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Өз елімізде, өзіміздің Қазақстанда 1989 ж. ғана қазақ тілі ұлттық мәртебеге ие болды. Осы мәртебе 1995 жылдың 31 тамызында қабылданған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясымен расталды, бекітілді. Бірақ осы күнге дейін ана тіліміздің қоғамдағы, әртүрлі ғылыми – тәжірибе салаларындағы қолданысы мез емес. Ғылыми деректерге сүйінсек, қазақ тілі әлемдегі алты мыңға жуық тілдердің ішектегі қолдану өрісі жағынан жетпісінші, ал тіл байлығы жағынан алғашқы ондықтар қатарында тұр.

Мәшһүр Жүсіп Көбейұлы: «Дүниедегі ең асыл тіл – араб тілі, одан кейін түрік тілі, түрік тілі ішіндегі гауһары – қазақ тілі» деген [1]. Егемендік алып, ана тіліміздің қолдану аясын кеңейту қажет болғанда арасында «жаңа қазағы» бар, «шала қазағы» бар ұлт сатқындары қазақ тілін қолдану мүмкіншілігі «медицина саласында шектеулі» деп кері тартты, қазақ тілінің байлық қоры жетпейді деп байбалам салды. Қазақ тілінің жанашыры, «соңғы қазақ» атанған ұлты неміс Г. Бельгердің айтуынша М. Әуезовтың «Абай жолы» романында 16983 сөз қолданылған, ал орыс классиктерінің (Маяковский, Фадеев) сөз қорында 15000 ғана сөз бар көрінеді [2].

Сонда қай тілдің бай болғаны? Медицина саласында қазақ тілін қолдану шектеулі деген сөзге илануға бола ма? Медицина саласындағы қызметкерлер ауызекі сөйлесу барысында орысшаны араластырып, қойыртпақ жасайды. Халел Досмұхаммедұлы: «ана тілін біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесен, бұл – сүйініш, ана тілін білмей тұрып, орысша жақсы сөйлесен, бұл - күйініш» деген.

Медицина саласындағы қазақ тілін қолдану аясы әлі күнге дейін қанағаттандырмайды. Басқа да мәселелер жеткілікті. Бірақ екі мәселе толғандырады: бірі – дүние жүзінде медицинадағы ортақ тіл – латын тілін құрту, екіншісі – ана тілімізді, яғни қазақ тілін қолданысқа кіргізуді кешеуілдету, оған немқұрайлы қарау.

Қазір медициналық жоғары оқу орындарында латын тілін оқытпайды, ондай пән жоқ. Латын алфавитіне көшеміз деп даурығып жүргенде оны қалай түсінуге болады?

Медицинада саласында қазақ тілін кең қолданысқа енгізу барысында біз оның кәсіби тіл екенін есте ұстауымыз керек, ол: ғылыми тіл, кәсіби ауызекі тіл, оқулықтар тілі, тәжірибе (практика) тілі немесе кәсіби тіл [3]. Медицинада үш жүйелік тіл – анатомиялық, фармацевтикалық және клиникалық терминдер тілі жоғарыда аталған салаларда бір жүйеге келтірілулері керек-ақ. Медициналық терминдерді қазақ тіліне аударуда тағы екі мәселе алдыңнан шығады: 1)

латын, грек, ағылшын тілдеріндегі халықаралық сипат алып кеткен терминдерді қазақшалау қажет пе? 2) Ағза, ауру, дәрі-дәрмек, тексеру тәсілдерін және т.б. республикамыздың барлық өңіріне тән, түсінікті қазақша терминге айналдыру.

Талай ғасырлар бұрын римляндар мен гректер медициналық терминдерді, аурулардың (дерттердің) аты мен атауын енгізді. Осы негізде медициналық қоғамда кеңінен тараған және бүгінгі таңға дейін күшін жоймаған қолданыстағы халықаралық медициналық тіл (терминология, аурулардың аттары, т.б.) қалыптасты. Ол терминдер мен атаулар дүние жүзінің медициналық қоғамына ортақ. Олай болса, сол терминдерді қайткенде де қазақшаға аударамыз деп тырысып, «сирақтан бүйрек шығаруымыз» керек емес сияқты [4]. Латын, грек, ағылшын тілдерінде халықаралық болып кеткен терминдерді қазақшаға аударуға тырыспауымыз керек деп ойлаймын.

Қазақ тілі мемлекеттік тіл статусын алғаннан бастап еліміздегі жоғарғы медициналық оқу орындары мен колледж ғалымдары жеке немесе ұжымдық түрде әртүрлі сөздіктер мен терминология жинақтарын шығара бастады. Олардың барлығы бірдей Республикалық терминкомның саралауларынан өткен, бір жүйеге келтірілген сөздіктер емес.

Кең байтақ Республикамыздың кейбір өңірлерінде ауызекі немесе жазбаша атақ – атауларда, қолданбалы сөздерде айырмашылық бар екенін ескерсек, кейде бір ағзаның, ауру (дерт) атының әртүрлі аталулары әбден мүмкін. Жарық көрген сөздіктердің ішінде кең қолданысқа ие болған екі сөздікті атап айтқым келеді.

1) Біріншісі – 2009 ж. жарық көрген 40 мыңға жуық терминдерді қамтитын Мұхамбетия Ахмет – Төре Ахметовтың «Орысша – қазақша - ағылшынша» медициналық сөздігі.

2) Екіншісі – үш бөлімнен (3 томнан) тұратын м.ғ.д., профессор, марқұм Қыдырқожа Әбдікәрімұлы Жаманқұловтың «Медициналық терминдердің энциклопедиялық сөздігі» атты қыруар еңбегі.

Мен де жалпы және жеке хирургиядан оқулық және оқу құралдарын жазғанмын. Олардың кемшілігі, осал тұстары жоқ деп айта алмаймын. Қиыншылықтар жетіп артылады. Бірнеше мысал келтірейін: Жалпы хирургия тәжірибесінде ең жиі кездесетін дерт – жедел аппендицит, басқаша айтқанда соқырішектің құрт тәрізді өсіндісінің кенеттен жедел қабынуы. Сол ауруды халық арасында да, дәрігерлер арасында да түрліше айтады: соқырішек, жедел аппендицит, жіті аппендицит, соқырішектің құрттәрізді өсіндісінің жедел қабынуы. «Соқырішек» деген терминнің бұл дертке қатысы жоқ, ол тоқ ішектің алғашқы бастау

бөлігі, демек анатомиялық термин. Құрт тәрізді өсіндінің қабынуы – жедел аппендицит (appendix) – бұл клиникалық термин. Аппендицит – құрттәрізді өсіндінің қабыну дертін айқындайды, демек бұл ауруды «жедел аппендицит» деп атаған жөн. «Жіті аппендицит» деген атау құлаққа үйреншікті емес.

Екінші: орысша «пузырь» деген сөздің екі мағынасын айырады: 1 – қуық; 2 – күлдір бөртпе, сулы бөртпе. Хирургияда «қуық» терминімен жиі ұшырасамыз. Күнделікті тәжірибеде «қуық» деп зәр қуығын (мочевой пузырь) түсінеді, ол қарапайым халықтың да, дәрігерлердің арасында солай аталады. Орысша «желчный пузырь» деген сөз тіркесі бар. Біз оны «өт қалтасы» деп түсінеміз, ауызекі сөзде де, оқулық тілінде де солай пайдаланамыз.

Кейбір сөздіктер мен оқулықтарда оны «өт қуығы» деп жазып жүр. Ол сөзбе-сөз аудармаға жатады. Біздің ойымызша мағанасына қарап «өт қалтасы» деп аударған дұрыс сияқты.

Осы сияқты көптеген түсініксіз терминдер көп, оларды бір жүйелендіретін кез келді. Ол үшін әрбір медициналық жоғарғы оқу орындарында республикалық терминкоммен тығыз байланысты, терминдерді егжей-тегжейіне дейін талдайтын комитет

керек. Мүмкін ол сол өңірдің Облыстық «Тіл қоғамына» бағынып, белгілі мөлшерде қаржыландырылуы керек шығар. Шешілмеген мәселе көп, әр саладағы тіл тағдыры (қазақ тілі) ұлт тағдыры екенін ұмытпауымыз керек.

Ресейде 1887 ж. бірінші халық санағын жүргізгенде сауалнамада қандай ұлтқа жататынын емес, қандай тілді ана тілім деп есептейтінін сұраған. Ана тілінің құдреті деген осы!

Әдебиеттер тізімі:

1. Sarbalina AB, Zhubaeva OS, Suleimenova ZhN,. Термины казахского языкознания: когнитивные основы. Вестник КазНУ. Серия филологическая. 2019 June;[S.l.]v173n1:95-101. ISSN 2618-0782.
2. Кокенова ЗК. Дефиниции в медицине Язык науки Вестник КазНМУ
3. Айтбайұлы Ө. Основы казахской терминологии. Алматы: Издательство «Абзал-Ай». 2014;384.
4. Ахметжанова ЗК, Валиханова РЕ. Сопоставительно-функциональное исследование лексико-фразеологических систем казахского и русского языков. Алматы: КазУМО и МЯ. 1999;183.

Н. АЛЕКЕНОВА

КЛИНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ДӘЛЕЛДІ МЕДИЦИНА ТЕРМИНДЕРІ

Марат Оспанов атындағы медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Соңғы он жылдан астам уақытта «Дәлелді медицинаға» ауысу үрдісі жалғасуда. Дәлелді медицина пән ретінде жоғары және жоғары білімнен кейінгі деңгейде білім алушыларға білім беру бағдарламаларына енгізілген. Дәлелді медицина жаңа ғылым емес, ғылыми ақпаратты жинауды, талдауды және оны түсіндіретін медицинадағы жаңа технология.

Дәлелді медицинаның әдіснамалық негізі болып эпидемиология мен биостатистика табылады, себебі дәлелді медицина эпидемиологиялық зерттеулер негізінде дамыған және қолданылатын көптеген терминдер мен әдістер эпидемиологиядан алынған. Әдетте, эпидемиологияны көбінесе жұқпалы аурулардың эпидемиологиясы деп түсінеді. Дегенмен қазіргі таңда клиникалық эпидемиология ұғымы ғылым саласы ретінде қалыптасқан, яғни клиникалық эпидемиология - эпидемиологиялық зерттеулерде аурудың клиникалық көріністерінің заңдылықтары, диагностика, емдеу және алдын алу әдістері туралы ғылыми негізделген дәлелді ақпарат алу әдістемесін қамтитын эпидемиологияның бөлімі болып табылады, сондай-ақ клиникалық зерттеулерді жүргізу және алынған нәтижелерді пайдалану барысында саяси, қаржылық және ұйымдастырушылық шешімдер қабылдауға ықпалын тигізеді [1-3]. Сондықтан клиникалық зерттеулердің маңыздылығы зерттеудің ең тиімді нәтижесін табу және осы негізде диагностика, емдеу және алдын алудың қауіпсіз әдістерін, клиникада кең қолдану үшін ұсыныстар жасау болып табылады. Клиникалық зерттеулер жүргізу барысында немесе клиникалық зерттеулердің нәтижелерін қазақ тілінде жариялау барысында көптеген терминдер қолданылады. Терминдерсіз ғылым тілі болмайды. Клиникалық зерттеулердегі терминологияның мәніне ерекше көңіл бөлінуі қажет. Қолданылып жүрген терминдердің көбісі орыс тіліндегі аудармалары. Терминдердің бәрі біркелкі емес. Терминдердің аударуға келетіні және келмейтіні де болады [4-6]. Қазақша ғылым тілінің соның ішінде клиникалық зерттеулерде қолданылатын тілдің қалыптасуы, дамуы, жетілуі дәлелді медицина терминдеріне тікелей байланысты.

Осы орайда Академия Google және eLibrary.ru деректер негізінен 2012-2022 жыл аралығындағы қазақ тілдегі клиникалық зерттеулер бойынша жарияланымдарға шолу жасалды. Іздестіру зерттеу материалдары мен әдістері, дәлелді медицина, дәлелдерге негізделген емдеу әдістері, дәлелдерге негізделген диагностикалық әдістер кілтті сөздері арқылы жүргізілді.

Зерттеу нәтижесінде қазақ тіліндегі

жарияланымдарда зерттеушілермен дәлелді медицина терминдерінің әр түрлі синонимдерін қолданылатыны, ортақ терминдердің пайдаланылмайтыны анықталды.

Кейбір жарияланымдарда ең жоғары деңгейдегі дәлел «мета-анализ» «мета-талдау» деп қолданылған, клиникалық зерттеулердің алтын стандарты «рандомизирленген бақылаулы зерттеу» (рандомизированное контролируемое исследование), кейбір зерттеушілердің жарияланымдарында «рандомизацияланған бақылаулы зерттеу» деп көрсетілген, «зерттеу гипотезасы» көптеген жарияланымдарда «зерттеу болжамы» деп қолданылса, дәлелді медицинаның үшінші сатысы «ақпаратты сынай бағалау» (критическая оценка информации) кейбір дереккөздерде «сыны бағалау» деп жарияланғаны, клиникалық зерттеулердегі алынатын нәтижелердің түрлері «ақырғы нәтиже» (конечные или «твердые» исходы) «қатты соңғы нүкте» делінсе, «аралық нәтижелер» (суррогатные или мягкие исходы) «жұмсақ нүкте», клиникалық зерттеуге таңдамаға қойылатын талаптарда қолданылатын терминдер «қосу критерийі» (критерий включения) «енгізу критерийі», «қосылу қағидаттары», «қосылу критерийлері» және «алып тастау критерийі» (критерий исключения) «енгізбеу критерийі» «алып тастау қағидаттары», «шеттету критерийлері» деп қолданылған.

Қорыта келе, дәлелді медицинаның біздің еліміздің медициналық білім беру бағдарламалары мен медициналық тәжірибемізге енгеніне он жылдан астам уақыт өткенімен клиникалық зерттеулердегі дәлелді медицинаның қазақ тіліндегі қолданылуы біркелкі емес, терминдердің орыс тіліндегі тікелей аудармалары қолданылады. Бұл мәселе сол жарияланымды қолданатын басқа мамандарға ыңғайсыздық тудыратыны анық.

Дәлелді медицинаның терминологиясының жасалуын, дамуын және қалыптасуын қазақ тілінің өз мүмкіндігін іске асырумен қатар, алдағы уақытта өз жалғасын табуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алекенова НУ, Назарбаева РК, Смагулова ГА, Маннапова АИ. Дәлелді медицинаны оқытудағы инновациялық тәсілдемелер. Сборник конференции с международным участием «Актуальные вопросы доказательной медицины и лекарственного обеспечения» Караганда. 2013;257-258.
2. Жыланбаева БК, Рахымбаева БС. Дәлелді медицина әдістемесі. Вестник КазНМУ. 2012;2:314-315.
3. Раушанова АМ. Дәлелді медицина қағидаттары:

- монография. Алматы: «Қазақ университеті», 2020;101.
4. Сапарбеков МК. Эпидемиология и методы исследования, Алматы, 2016.
 5. Қасенов ЕС, Жиренов. Профессор Қ.Жұбанов еңбектеріндегі терминология мәселелер. 2020 Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Филология» сериясы, Алматы, Қазақстан 2020;4(74):
 5. Калмурзина ЗЖ. Ғылыми-зерттеу қызметі саласында білім алушылардың тілдік құзыреттілігін дамыту мәселелері. Материалы международной (заочной) научно-практической конференции. Современная наука: актуальные вопросы и перспективы развития. София, Болгария, 25 декабря 2019 года.
 6. Құнанбай Қ. Дәлелді фармакотерапия. Наука о жизни и здоровье, 2013

Ж.Б. АХМЕТОВ, Д.Д. ЖҮНІСТАЙ

ХИРУРГИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті, Алматы, Қазақстан

Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалым Ахмет Байтұрсынов: «Әр ұлтқа төрт нәрсе керек: тіл, діл (ұлттық сана), дін және жазу. Осылар болса ғана әр халық - өзінше халық. Егер бұлардан айырылса, ол ел халық болудан қалады», - деген [1]. «Қазақтың тілі – қазақтың жаны. Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де – тілінде», - дейді Президентіміз Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев.

Бірақ, көптеген медициналық сөздіктер, оқу құралдары шыққанына қарамастан [2-11] медициналық терминология әлі де толық қалыптаспай келеді, қолданыста жүрген терминдер орыс тілінен тікелей аударылып жүр. Мысалы, 2017 жылы Республикалық терминологиялық комиссия бекіткен медициналық терминдердің 95 пайызы осылай жасалған. Шынына келгенде біз медицина саласында орыс терминдері деп жүргеніміз латын-грек-ағылшын терминдерінің орысша айтылған нұсқасы ғана, ол терминдерді сол нұсқада қабылдап, тілімізді бұздық. Егер шын мәнінде термин керек болса біз латын-грек-ағылшын тілінде жазылған терминдердің түп нұсқасын алып қазақ тіліне тікелей аударып беруіміз керек.

Баспадан шығып жүрген қазақ тіліндегі медициналық оқулықтарда қателер көп. Біз осы мәселені шешу үшін Мәскеудегі «ГЕОТАР – Медиа» баспасынан соңғы жылдары басылып шыққан негізгі 25 оқулықты алып, Қазақ ұлттық медицина университетінің және Денсаулық сақтау министрлігіндегі терминологиялық комиссия мүшелерінің күшімен қайтадан сараптама жүргіздік. Әр оқулықтан жүздеген қателер табылды.

Бүгінгі таңда хирургиялық терминдерді талқылау медицина қауымы үшін өте өзекті мәселе болып тұр, себебі хирургия пәні медицина саласының ең ауқымды бөлігі болып саналады. Медициналық университеттерде хирургия саласы бойынша ондаған оқулықтар мен оқу құралдары бар. Осы оқулықтар ішінен негізгі оқулықтар болып есептелетін, Мәскеудегі «ГЕОТАР – Медиа» баспасында соңғы жылдары қазақ тілінде басылып шыққан 5 оқулықты таңдап алып, сараптама жүргіздік.

Әрбір оқулықтың қателерін мысал ретінде келтірейік.

1. Хирургиялық аурулар. Оқулық / Б.Ж. Нұрахманов, А.С. Ибадильдин, Қ.Қ. Амантаева.- М.: Литтерра, 2019.- 576 б. Қателер саны – 112.

Құрсақ қуысы – іш қуысы
Сірнелі қабаты – сірлі қабығы
Пилорикалық бөлік – қақпалық бөлік
Жіңішке ішек – аш ішек
Жедел ішек түйілуі – ішектің жіті түйілуі

Травма – жарақат
Тізе асты венасы – тақым венасы
Буж – сүмбі
Буждау – сүмбілеу
Емізікше – сүт безінің бүртігі
Гигантты жара – алып жара
2. Хирургиялық аурулар. А.Ж. Нұрмақов, А.Н. Баймаханов.- М.: Литтерра, 2017.- 256 б. Қателер саны – 144.

Кинжал – қанжар
Профузды – көп
Бронхиалдық – бронхтық
Колликациондық – колликациялық
Релаксиондық – релаксациялық
Инфузиондық – инфузиялық
Трахея – кеңірдек
Абсцестер – іріңдіктер
Леоцитарлық – лейкоциттік
Лимфатикалық түйіндер – лимфа түйіндері
Клеткалар – жасушалар
Травматикалық жарақаттар – жарақаттар
Облитерендіруші – бітеуші
Парлы ағза – жұп ағза
Перифериялық - шеткі
3. Жалпы хирургия. Оқулық / В.К. Гостищев; Қазақ тіліне аударған Д.А.Смаилов.- М.: ГЭОТАР-МЕДИА, 2014.- 752 б. Қателер саны – 110.

Кеуде клеткасы – кеуде торы
Төменгі жақасты – төменгі жақсүйекасты
Плевра – өкпеқап
Жүрек маңындағы қапшық – жүрекқап
Сан сүйегі – орган жілік
Тізе қақпағы – тізе тобығы
Аяқ ұшының 1 бармағы – үлкен бақай
Жамбас-сан буыны – ұршық буыны
Балтыр – сирақ
Сүйекүсті қабығы – сүйекқап
Ұзын түтікті сүйектер – жіліктер
4. Хирургиялық аурулар. 2 томдық. Том 1: Оқулық / Ред. басқ. М.И. Кузин. Қазақ тіл. ауд. А.Н. Баймаханов. - М.: ГЭОТАР-Медиа, 2018.- 560 б. Қателер саны – 175.

Жылауықтар – кисталар
Диафрагма – көкет
Перикард - жүрекқап
Полиоргандық - көпағзалық
Инвазивті – инвазиялық
Трахея – кеңірдек
Бас сауығы – бассүйек
Тізе асты – тақым
Орбита – көзұя

Фаланг – бунақ
Коллатерал – жанама
Манипуляция – ісшара
Бифуркация – айырық
Постинфарктті – инфарктан кейін
Ангиопаралиттік – тамырлық салдану
Генерализацияланған – жайылған

5. Хирургиялық аурулар. 2 томдық.
Т. 2.: Оқулық / Ред басқ. М.И. Кузин,
Аударған және ред. басқ. А.Н. Баймаханов.-
М.: ГЭОТАР-Медиа, 2018.- 528 б. Қателер
саны – 160.

Экссудативті – экссудаттық
Аталық без – атабез
Эмоционалдық – эмоциялық
Катетеризация – катетерлеу
Серозды – сірлі

Псевдокристаллар – жалған кристаллар
Операциялық араласу – операциялық ем
Антикабынулық – қабынуға қарсы
Бұтаралық – шат
Процедура – емшара
Шәует бездері – атабез
Теріасты майы – шелмай
Сақиналы ішек – жиек ішек

Осы оқулықтарда көрсетілген жалпы қателіктерге
келетін болсақ, олардың көбі орыс тіліндегі «-ческий»
деген жұрнақты, қазақ тілінде жоқ «-икалық» деген
жұрнақ арқылы аударудан туындап отыр.

Жазылуы	Сөздің түбірі	Түзетілген түрі
Десемирленген	Диссеминация	Жайылған
Агрегирленген	Агрегация	Ұйысқан
Модифицирленген	Модификация	Түрленген
Комбинирленген	Комбинация	Үйлестірілген
Ассоцирленген	Ассоциация	Бірлескен
Верифицирленген	Верификация	Анықталған
Ремоделирленген	Ремоделирование	Қайта үлгеленген
Пролонгирленген	Пролонгация	Созылған
Прогрессирленген	Прогрессия	Өршіген
Детермирленген	Детерминация	Детерминацияланған
Инкапсулирленген	Инкапсуляция	Капталған
Инфицирленген	Инфицирование	Жұқпаланған
Облитерленген	Облитерация	Бітеліп қалған

Бұл терминдерде түбір сөз жөнінде түсінік жоқ,
оқудың өзі қиын.

Сауатсыздықтың ерекше түріне ойдан
құрастырылған «жаңа» жұрнақтарды жатқызуға
болады. Мысалы,

колликвациондық – колликвациялық
инфузиондық – инфузиялық
релаксиондық – релаксациялық
окклюзиондық – окклюзиялық
компрессиондық – компрессиялық
аспирациондық – аспирациялық

Қазақ тілінің және бір қасіреті – өзімізде бар
қазақша терминдерді пайдаланбау.

интенсивті - қарқынды
симптомдар - белгілер
дискомфорт - жайсыздық
фундаменталды - іргелі
модель - үлгі
фасция - шандыр
канал - өзек
зоб - жемсау
контур - бедер
пациент - науқас
дефект - ақау
дефицит - тапшылық
ориентация - бағыт
доза - мөлшер
коллатерал - жанама
прогрессивті - үдемелі

Осы терминдердің қазақша атауы
бола тұра қолданысқа енбеуі қазақша
терминология қалыптастыруға кедергі
болуда. Қазақ мемлекетінде қазақша атау
бірінші орында тұруы ләзім. «Әрбір халық
өз ғылыми терминдерін өзі қалыптастыруы
керек», дейді академик Шерубай

Жазылуы	Сөздің түбірі	Түзетілген түрі
Цитотоксикалық	Цитотоксин	Цитотоксиндік
Критикалық	Кризис	Кризистік
Патогенетикалық	Патогенез	Патогенездік
Вазоспастикалық	Вазоспазм	Вазоспазмдық
Пептикалық	Пепсин	Пепситндік
Спецификалық	Арнайы	Арнайы
Пилорикалық	Пилорус	Пилорустық
Симптоматикалық	Симптом	Симптомдық
Психотерапевтикалық	Психотерапия	Психотерапиялық
Атеросклеротикалық	Атеросклероз	Атеросклероздық
Анамнестикалық	Анамнез	Анамнездік
Невротикалық	Невроз	Невроздық
Гиперкинетикалық	Гиперкинез	Гиперкинездік
Фибринолитикалық	Фибринолиз	Фибринолиздік
Тромбоэмболикалық	Тромбоэмболия	Тромбоэмболиялық
Гемолитикалық	Гемолиз	Гемолиздік
Наркотикалық	Наркоз	Наркоздық
Анафилактикалық	Анафилаксия	Анафилаксиялық

Бұл сөздерді дұрыс аудару үшін олардың
түбірлерін есепке алу керек еді. Екінші топтағы қателер
жалғауларды дұрыс жалғамағандықтан болып тұр.

Құрманбайұлы. Өзімізде бар терминдерді қолданбасақ,
қалайша қазақ терминологиясын қалыптастырамыз.

Өріп жүрген қателіктердің негізгі себептерінің

бірі бұл оқулықтар алдын ала (баспаға дейін) терминологиялық комиссияда қаралмаған, баспа ісінде бақылау жоқ, әркім өзенше аударып, әйтеуір басылып шықса болды деп жүр. Көрсетілген оқулықтар қайта басылып шыққанда, осы қателердің бәрі түзетілуі керек.

Медицина ғылымының сөздік қорының негізгі бөлігі грек, латын тілдеріндегі лексикадан тұруы. Оны қазақ тілінің заңдылықтарына сай аудару және оны дәл беретін атау сөз табу оңай емес. Б. Қалиев айтқандай, «Термин жасау – көп ізденісті, білімділікті, шеберлікті қажет ететін жұмыс».

Сонымен қатар, аудармашы медицина саласының ғана маманы болмай, әдеби тіл нормаларын білетін және тіл мамандарымен бірлесіп жұмыс жасай алатын ғалым болуы қажет.

Ендігі мақсат осы жіберілген қателіктерді бір кітапша түрінде басып шығарып, кітапханаларға, хирургиялық кафедра қызметкерлеріне таратып, сабақ жүргізгенде, дәріс оқығанда пайдаланып, студенттер мен медициналық мамандар арасында медициналық терминологияны дұрыс қалыптастыру.

Әдебиеттер тізімі:

1. Досмұхамедұлы Х. Екінші том. Тән саулығы. Алматы: «Арыс» баспасы, 2017;496б.
2. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша

көзқарас. - Алматы, 1993;42 б.

3. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамыту қағидаттары. <http://termincom.kz/articles/?id=70>
4. Исамбаев М, Сарсенова Ш. Медицина терминдерінің орысша – қазақша сөздігі. – Алматы, 1982 ж.
5. Ахметов Мухамбедия Ахмет-Төре. Медицина терминдерінің сөздігі. Алматы: ЖШС «Сөздік – Словарь», 2005; 640 б.
6. Ахметов ЖБ. Медицинада жиі қолданылатын аталымдар. Ана тілі, 1994;18.
7. Құлманбетов ИӘ. Стоматология терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. Алматы: Эверо, 2009.
8. Шәкенов БШ, Құсайнов АҰ. және т.б. «Қазақша – орысша, орысша – қазақша терминологиялық сөздік, 14-томы, медицина», Алматы, 2014 ж.
9. Атабайұлы Ө. Қазақ сөзі. Алматы: Рауан, 1997;240 б.
10. Ахметов ЖБ. Патологиялық анатомия. Москва. Издательство «Литерра», 2016;792б.
11. Нұржанов ХН. Акушерия және гинекология бойынша орысша – қазақша сөздік. Алматы, ҚазҰМУ, 2011;408 б.

Ж.Т. БАУБЕКОВ, А.Б. ТУСУПКАЛИЕВ, Б.Н. БИСАЛИЕВ

МЕДИЦИНАДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛ - КЕШЕ, БҮГІН, ЕРТЕҢ. СТУДЕНТТІҢ, ДӘРІГЕРДІҢ, ҰСТАЗДЫҢ КӨЗҚАРАСЫМЕН

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Қазіргі таңда техника мен электронды ақпарат дамыған дәуірде, мемлекеттік тілде медицинада қолданылып жүрген сөздерді тәжірибеде жазу мен оны қарапайым сөйлесіп, түсіндіре білу өзекті мәселенің бірі. Қазақ тілінде медициналық құжаттарды қатесіз жазу, медицина саласындағы оқу құралдарын дайындау әлі де болса жеткіліксіз.

Осының бәріне:

Біріншіден, дәрігердің қазақ тілінде оқып білім алуы мен жақсы маман болуына терминдерді қалыптастыру комитеті (бар ма???) жауапты ма?

Екіншіден, қазіргі таңда дәрігердің мемлекеттік тілде медициналық құжаттардың толтыру деңгейінің төмендігі мен кәсіби маман болуына, терминдердің дұрыс қолданылмауы кері әсер ете ме?

Үшіншіден, әлемдік деңгейдегі айтылып жүрген терминдер аудармасыз қолданылса, қазақтың сөздік қорының көптігі мен оны медицина саласында қолдануды үйрету, қазіргі ұстаздардың терминдерді орынды қолданбауы, дәрігердің білім алу деңгейін төмендетеді ме?

Менің өз мақаламда қозғайтын негізгі мәселе, осы сұрақтардың жауабын беру.

Бірінші сұраққа тоқталатын болсақ, сонау 1990 жылдары барлық медициналық жоғарғы оқу орындарында алғаш рет қазақ факультеттері ашылып, кеңестік дәуірде білім алған жастар мен орыс тілінде дәріс берген ұстаздарымыздың алдында үлкен жұмыстың күтіп тұрғанын, қазіргі таңда бірі білсе, бірі білмейді. Сол кезеңді басынан өткізгендердің бірі - мен болатынымын. Ол кезде медициналық училищені орыс тілінде оқып, қазақ тілінде медицина факультетінде оқу, тек намысы бар жастар ғана қабылданған болу керек. Себебі орыс тілінде оқып, оны қазақша ұстазға жеткізе білу оңай емес, себебі қазақша медициналық кітаптар жоқтың қасы болатын. Осы қиындықтан қалай шықтық?

Кез келген қиындықтан шығу жолы - ол іздену, оқу, қатардан қалмау. Біз осы қиындықтан ұстаздармен бірге шықтық десек те болады, себебі орысша жазылған оқулықтар мен әдістемелік нұсқауларды оқи отырып, өз тілімізге аудардық, қажеттілікке жаратқан алғашқы сөздіктердің бірі М.Исамбаев пен Ш.Сәрсенованың «Медицина терминдерінің орысша –қазақша сөздігі» болатын [1]. Сонымен қатар «Русско-казахский словарь» Қазақ ССР Ұлттық Академиясының Тілдер мен әдебиет институтының Ғылыми кеңесінде талқыланып, жауапты редактор Н.Сауранбаевтың басшылығымен «Государственное издательство иностранных и национальных словарей»

баспасынан шыққан сөздікті қолдана отырып, біршама қазақша әдістемелерді дайындағанымыз есімде [2].

Сол кездегі ұстаздарымыз бірге аударылған еңбектерін бізге оқуға беріп, келесі күні аударманың кемшіліктері болса бірге түзетіп, оқулықтың және әдістемелік нұсқауларды студентке түсінікті болуына терең көңіл бөлетін. Соның бәрі дер кезінде шыққан алғашқы туындылар, қазіргі таңда үлкен сынға ұшырауда [3,4,5].

Сонда қолданылған сөздіктердің қоры мен сапасы мемлекеттік тілде шығарған оқулықтарға жеткіліксіз болғандығы ма? Жоқ, қазақ тілінің байлығы өте орасан зор. Мәселе сол орасан зор қазақ тілі сөздерін тиімді пайдалана білуде. Қарапайым мысал келтіретін болсақ, клиникада сан сүйегі (бедренная кость) деп атасақ, ал анатомиялық тұрғыда ортан жілік, ал балтыр сүйектерін сирақ сүйектері, оның үлкен балтыр сүйегін «асық жілігі» деп оқыдық [3,4,5]. Қарапайым «жілік» деген сөздің өзін бала күннен мал жануарларға айтылатын атаулар. Осының өзіне тоқталатын болсақ, әдеби тілде Атам қазақ малды жілікке бөле отырып, оның сүйектерін жіліктеп, ортан жілік, асық жілік, сирақ сүйектері деп айтса, ал адамға сан сүйегі, балтыр сүйектері деп айтқан. Ал енді осы сөздің терминдік жүйесін қалыптастыруға келетін болсақ, адамға сан сүйегі, малға ортан жілік деп орнымен қолданғанымыз дұрыс болар. Осы тұрғыда терминдерді қалыптастыру комитеті жауапты. Дейтұрғанмен алғашқы мемлекеттік тілде шыққан оқулықтардың құндылығы өте жоғары, себебі жоқтан барды жасаған ағаларымыздың еңбегі зор.

Екінші сұрақ бойынша көптеген жұмыстар әлгі күнге дейін орындалмай келеді, тағы да айналып сол тіл мәселесіне тоқталайық. Біз жоғарғы оқу орнында мемлекеттік тілде дәріс береміз, оқытамыз, тәжірибеге баулып машықтандырамыз. Ал, оқу бітіргеннен кейін жас маман науқастарға қызмет көрсете отырып, оларға емдік шаралар бойынша анықтамалар, көшірмелер ұсынады. Қай тілде береді деп ойлайсыз, орыс тілінде беріледі. Қазақша оқып, қазақша ойлап, оны жазып, науқасты емдеу мен емін түсіндіре білу, дәрігердің негізгі мақсаты. Қазіргі таңда электронды ақпарат дамыған дәуірде, біздің мемлекеттік тілде ауру тарихтары түгел, оның көшірмесі де мемлекеттік тілде аз (?) беріледі (оған дәлелді «Дамумед» бағдарламалық жүйеден ақ қарауға болады), ал берілген жағдайда науқастарымыздың мына көшірмеге түсінбедік деп дау-дамай шығаратыны өз алдына бір мәселе. Бұл мәселеге терминдердің қатысы қанша десеніз, қателесесіз. Себебі қарапайым «протокол операций» деген сөзді, «ота хаттамасы» деп жазамыз, ал хирургті

– «оташы» (аташы) [2] десек, көмекші дәрігерді ассистент деп қалдырамыз. Ал енді ойланып қараңыз, науқас қолына құжаттарды оқып қарағанда оташы деген не деп сұрайды, сол сұрақтың орынсыз екені де белгілі, сонда сіз бен біз оны түсіндіруіміз керек. Ал осындай сөздерді талқыға сала бермей, хирург деп қалдырсақ, қарапайым Халыққа түсінікті болады, неге біз сол Халық үшін осы сөздерді қалдырмасқа.

Үшінші мәселе бойынша ерте ғасырдан грек, латын, ағылшын тілдерінен енген, медицинада кеңінен айтылып жүрген терминдер аудармасыз қолданылса, түсініксіз болып қала ма? Мысалы: «плевра» және «плевра қуыстары» - өкпеқап және өкпеқап қуыстары, ал клиникалық тұрғыда плеврит деген диагноз жалпы түсінікті, қарапайым науқасқа өкпеқаптың қабынуы десең, оған өкпенің анатомиясын түсіндіруге тура келеді, сонымен қатар интернет желісі арқылы науқас өкпеқапқа қарағанда плевриттің не екенінен хабардар болатыны сөзсіз. Аппендицит деген ауру диагноз, қай тілде болса да аппендицит болғаны көңілге қонымды, сол сияқты «плеврит» деген сөздің де қалғаны, оның мағынасы мен түсінігін өзгертеді деп ойламаймын. Орыс тіліндегі острый деген сөзді қазіргі таңда жіті деп жазып жүрміз. Сонда острый деген сөз-тікелей аударғанда өткір, ұшты, жіті, қатты ащы деген мағынаны берсе, ол - біздің сөз байлығымыздың нәтижесі. Дейтұрғанмен осы уақытқа дейінгі жазылған қазақ тіліндегі медициналық оқулықтарды жедел деп берілген [6,7,8,9]. Ал жеделдің орысша мағынасы «скорый», сонда қалай болады? Қазақша жазып, оқып, орысша ойлауымыз қате емес пе? Сол себепті түсінікті де, құлаққа жайлы естілетін жедел аппендицит, жедел перитонит, жедел гастрит деген атауларды клиникалық ауру тарихтарын жазғанда қолдануда қалдырылғаны дұрыс деп ойлаймын. Айта берсек бұндай сөздер көп, сондықтан менің өз ойым қазақ тілі маман ретінде емес, дәрігер мен дәріс беретін ұстаз ретінде терминдерді қалыптастыруда, артық қыламыз деп, тыртық қылып алмаймыз ба деген алаңдау бар, қымбатты әріптестер. Қазақтың тіл байлығы орасан зор, бірақ орынды қолдана білгеніміз дұрыс болар.

Қорытынды. Мақалада студенттің, дәрігердің, ұстаздың көзқарасымен айтылған, менің өз пікірім. Талқыланатын терминдерді тіл маманы ретінде емес,

студент, дәрігер, ұстаздың көзқарасымен ұсынуымының бір себебі, бекітілетін терминдер мен сөз байланыстары қарапайым түсінікті болғаны дұрыс. Қазіргі уақытта біз терминдерді қалыптастыру мәселесін жақсы жолға қойып, оның ортақ мағынасын бекітуіміз үшін, сол бағытта жүргізілетін жұмысты ынталандыру мақсатында, қаржыландыру көзін қарастыру керек. Ал болашақта бекітілген медициналық терминдер кирилицадан латын әріпіне көшу, өз алдына бір мәселе.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сауранбаев Н. Русско-казахский словарь. Қазақ ССР Ұлттық Академиясының Тілдер мен әдебиет институты. 1956. 936 бет.
2. Исамбаев М, Сәрсенова Ш. Медицина терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Алматы. 1982;408 бет.
3. Дайырбекова ММ. Адам анатомиясының практикумы. Алматы. Ана тілі. 1992;272 бет.
4. Ізімбергенов НІ. Іш қуысының жедел хирургиясы. Ақтөбе, 1992;311 бет.
5. Апсаров ЕА. Хирургиялық аурулар. Алматы. «Санат» 1997. 336 бет.
6. Қасен Қожақанұлы. Балалардың шұғыл хирургиялық ауруларының басты белгілерін анықтау және емдеу жолдары. Алматы. 1995;329 бет.
7. Қожақанов Қ. Балаларда кездесетін хирургиялық іріңді аурулар. Алматы. «Қазақстан» 1992;112 бет.
8. Рақышев АР. Адам анатомиясы. Медициналық жоғары оқу орындарының, сонымен бірге биология пәні оқылатын оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық. Алматы. 2004;420 бет.
9. Ахметов М. Медицина терминдерінің сөздігі. Орысша-қазақша-ағылшынша (40мыңға жуық термин). Алматы: Дайк-Пресс. 2009;800 бет.
10. Тұрсынов Қ. Балалардың құрсақ қуысы ауруларының хирургиясы. Оқу құралы. Алматы, 2009;252 б.
11. Ахметов ЖБ. Патологиялық анатомия. Москва. Издательство «Литтерра», 2016;792 б.
12. Баймаханов АН, Сарманов НЕ. «Хирургиялық аурулар» I том Москва. «Геотар-Медиа», 2018;560 б.

Г.Е. БЕГЛАРОВА, Ф.М. СУЛЕЙМЕНОВА, С.С. ИБРАЕВА, Д.Р. ЖАРЫҚОВА

ХИРУРГИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІ ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕСІ

Астана медицина университеті, Астана, Қазақстан

Ұлттық терминологияны қалыптастыруда салалық мамандардың орны ерекше. Соңғы уақытта медицина ғылымында нақты айтқанда, хирургия саласында серпінді өзгерістер байқалады. Медицина терминдерінің ішіндегі хирургиялық терминдердің мол қабатын халықаралық терминдер құрайтынын білеміз. Олар біздің тілімізге орыс тілі арқылы енгені бәрімізге мәлім. Сонымен қатар медициналық терминдердің қолдануына келсек, бізде қалыптасқан үрдіс бар, терминді тек орыс тілінен аударамыз. Сол терминдер орыс тілінде қалай жазылған болса сол күйінде алынған. Осы орайда біз термин мәселесін көтеріп жүрген ғалымдардың шеттен қабылданған сөздердің бәрін қазақ тілінің заңдылықтарына көндіріп, лайықтап алу керек деген ұстанымдарын қолдаймыз. Медицина атауларын қазақ тілінде сөйлету өте күрделі мәселе, себебі олар негізінен латын, грек тілдерінде туындап, бізге орыс тілі арқылы жеткен. Елімізге белгілі көптеген ғалымдардың көпшілігі медицина ғылыми көп салалы және әр саланың өзіне ғана тән мамандандырылған сөздері бар: тек қазақ тілінің заңдылықтарын терең түсінген, өз мамандығын толық меңгерген, көп ойланып, көп толғанған адам ғана төл терминдер тудыра алады дейді. Басты мәселе – медицина атауларын орыс тілінен емес, тікелей латын, ағылшын тілдерінен аудару қажеттілігі болып отыр. Осыған байланысты ғалымдар арасында латын сөздерін орысша айтылуында қалдырайық деушілер баршылық. Медицина саласына қатысты терминдерді аудару барысында егер де қазақ тілінде баламасы терминнің мәнін ашпаса, онда ол терминді латын тілінде қалдырған жөн деп айтып жүрген ғалымдар пікірі көңілге қонымды. Мәселен, антиспермалық антитеза, гиперактивті несепқуық, альтернативті терапия, сүйек деформациясы, спленэктомиялық ота, соқыр ішек дивертикуласы, несеп ультрафилтрациясы, сенсорлық симптомдар, аурулардың семиотикасы, стресстік факторлар, бронх папилломасы, перфоративті холецистит, перифокалды қабыну, бронх обтурациясы, лигатуралық жыланкөз, колоноскопиялық тексеріс.

Хирургия саласы бойынша сөздік қорымызға жаңа сөздер көптеп енуде. Оның көбін өз қорымыздан алып, сөзден сөз жасауға әрекет етудеміз. Хирургия саласы бойынша терминдер сөздігі аз емес. Әйтседе проблемалар әлі де кездесуде, бірақ олар қазір бірте-бірте шешімін тауып келеді. Дей тұрғанмен, хирургия саласында кейбір сөздерді шет тілдерінен алынып, аударылмай пайдаланып жүргенін білеміз. Ілгері жылжыған сайын мәселенің түрлі қиындықтары анықталып, баспадан шыққан туындыларда әрқилы

ақаулықтар айқын көріне бастады. Мысалы, перекрут яичка. Осморегуляция почек. Метаболические изменения. Терминальные состояния. Осмотический градиент в почке. Антиспермальные антитеза. Адювантная и неоадювантная химиотерапия.

Тағы бір ерекше көңіл бөлетін проблема, орыс немесе ағылшын тілінде жазылған материалдардың қазақ тілінде ұсынылған түйіндемелерінде өрескел қателіктердің кездесуі. Мысалы: 2019 жылы жарық көрген бір журналды зерттегенімізде келесідей дөрекі қателіктерді анықтадық.

Орыс тілінде	Аудармасы
Связь микробиоты верхних дыхательных путей с развитием различных заболеваний у детей.	Балаларға арналған айналдық ауруларды дайындаудағы үздік заттардың микробиолларын қосу.
Проблемы устойчивости к антибиотикам.	Антибиотикалық дағдарыстың мәселелері.
Оценка эффективности операции при местном распространении рака желудка и рака почки с опухолевым тромбом нижней полой вены у пациентов после эксплоративной лапаротомии.	Эксплоративтік лапаротомиядан кейінгі науқастарда вена қауіпсіздігі бар қалбыршақты ауыз қуысы мен бүйрек ауруларында жергілікті бөлінген науқастардағы іс-әрекеттің тиімділігін бағалау.

Демек, туындыларын өзге тілде жазған авторлар қазақ тіліндегі түйіндемелерін тексеруден өткізбейді. Осындай түсініксіз аудармалар толып жатқан кезде терминдерді бірізделендірудің маңызы зор. Терминдерді аудару мәселесіне кіріспес бұрын, терминнің тілдік табиғатын, оларға қойылатын басты талаптары мен принциптерін анықтап алған жөн. Терминге «тіл білімі сөздігінде мынадай анықтама берілген: термин арнайы ұғымдарды, түсініктер жиынтығын, дәл беру, нақты белгілеу үшін жасалған арнайы сөздер мен сөз тіркестері. Термин ерекшеліктеріне мыналар жатады: жүйелілік, дефинициясының болуы, бірмағыналық бағыты, мәнерліліктің болмауы, стильдік бейтараптылық. Сондықтан медициналық терминдердің негізгі тілдік белгілеріне аса мән берген дұрыс. Хирургиялық сөздерден терминжасам процесі, ең алдымен ұлттық лексикасы негізінде жүзеге асырылып жүр. Демек, хирургияда қолданып жүрген кейбір терминдер қолданыста бұрыннан бар сөздер мен түбірлерден жасалған. Мәселен, ота, обыр, жыланкөз, бүйен, жарақат, сынық, зақымдану, күйік, бедеулік, үрдіс (үдеріс), ошақ, реттелу, ірің, әлсіздік, ісіну, сындыру, жырттылу, қансырау, қызу.

Осы айтылғандарды түйіндей отырып,

медициналық терминдердің ішіндегі хирургиялық терминдердің қолданыстағы орны ерекше. Оған дәлел жалпы хирургия саласы бойынша жарық көрген оқу құралдарының жеткіліктілігі. 2010 жылдан бері 50-60 –қа тарта оқулықтар жарық көрген екен. Демек оқулық авторлары хирургиялық терминдердің қолдану мәселесін шешуге өз үлестерін қосуға тырысқан деп айтуға негіз бар.

Әдебиеттер тізімі:

1. Дереккөзі: <http://anatili.kazgazeta.kz/>
2. Ахметов М, Медициналық терминдер сөздігі Алматы: Дайк –Пресс, 2009. -800 бет
3. Дереккөзі: <http://akt.sud.kz/kaz/massmedia/kazak-tili-ruhani-kazyna>
4. Мырзабек А. Аударма саласындағы өзекті мәселе. Алматы. 2015;2-36.
5. Қалиев Б. Халықаралық терминдерді неге аударуға болмайды? «Жас Алаш», 2018;9:

А.Н. ДОСМАЙЛОВА

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕ ТЕРМИНДЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

С. Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті, Алматы, Қазақстан

Қазақ терминологиясының тарихы әріден басталады. Терминнің тілдік табиғаты, оның тарихы мен даму жолдары А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Ж. Аймауытұлы, Х. Досмұхамедұлы, Қ. Кеменгерұлы, С. Жиенбаев, Н. Сауранбаев, С. Аманжолов, М. Балақаевтардың зерттеулерінен бастау алып, қазіргі қазақ тіл білімінде терминологияның өзекті мәселелерін сөз қылып жүрген ғалымдарымыздың еңбектерінде жан-жақты баяндалған. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарасты қалыптастырып, келелі ой қозғаған академик Ө. Қайдардың «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» еңбегі болды. Академик Ө. Айтбайұлының «Қазақ сөзі» еңбегі – қазақ терминологиясы ғылымының тұтас тарихы, терминологиялық жүйе мен терминжасамның теориялық мәселелерін, А. Байтұрсынұлының қазақ терминологиясындағы зор үлесін зерттеген келелі еңбектердің бірі. Терминологиялық лексиканы зерттеп, оның теориялық мәнін, мазмұнын анықтауда Б. Қалиевтің «Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары», Ш. Құрманбайұлының «Қазақ тілі лексикасының терминденуі» монографиялық зерттеулерін, салалық терминологияға қатысты А. Исанова, С. Әлісжанов, Ш. Біләлов, С. Ақаев, Г. Ақшалаова, А. Қоңырова, Ж. Молдажаров және т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектерін атауға болады.

Терминге берілген анықтамалар сан алуан. Мысалы, профессор Қ. Жұбанов: «Термином называется специфический вид определенных словесных обозначений, передающих определенные понятия, установленные на данном этапе развития науки и революционной практики, причем передаваемые термином терминологическое понятие может не совпадать со словесным значением, которое присуще данной словесной величине в обыденной жизни» [1. 273 б.], «Термин, атау – ғылым мен техника, сол сияқты тұрмыстың белгілі саласындағы ұғымдарды дәл атау үшін жұмсалатын сөздер мен сөз тіркестері» [2], академик І. Кеңесбаев пен профессор Т. Жанұзақов терминге мынадай анықтама береді: «Ғылым мен техниканың, көркемөнер мен қоғам өмірінің алуан түрлі саласына байланысты қолданылатын, тұжырымды білдіретін сөздер мен сөз тіркестері, атау сөз» [3]. Академик Ө. Айтбайұлы: «... термин дегеніміз, ең алдымен, негізінен, белгілі бір ғылым мен техника саласында қолданылатын арнайы лексика болып табылады. Оның басты белгілері: дәлдік, нақтылық, жүйелілік», – деген қорытындыға келеді [4. 26 б.]. Ғалым Ш. Құрманбайұлы мынадай тұжырым жасайды: «Термин ұғым атауы болса, терминнің дефинициясы деген – сол ұғым атауына берілген дәл ғылыми анықтама. Термин сөздің мағынасы оның дефинициясы арқылы анықталады» [5, 9 б.]. Байқап отырғанымыздай, термин – терминологиялық

лексиканың бірлігі ретінде көп қырлы және күрделі ұғым. Сондықтан да осы күнге дейін терминнің мәнін көрсететін және оның барлық типологиялық түрлерін қамтитын жалпы тіл білімінде қабылданған бірізді анықтама жоқ.

Мұндай үрдіс жалпы тіл білімінде де етек алған. Орыс тіл білімінде терминге үш мыңнан аса анықтама берілген, алайда әлі күнге дейін терминологтар бір мәмілеге келмеген. В.Д. Табанаква терминнің ортақ анықтамасы жоқтығын былай түсіндіреді: «Бұл, біріншіден, терминтанымның теориялық негізі жеткілікті дәрежеде зерттелмеу салдары, негізгі ұғымдарының ажыратылмағандығы, ғылыми-техникалық термин дегеніміз нені білдіретінінің анықталмағандығы. Екіншіден, қазіргі таңда ғылыми әдебиеттерде берілген түрлі анықтамалар термин ұғымының мәнін толық бере алмайды» [6, 23 б.].

Термин және терминологиялық жүйесіз бірде-бір ғылымның, техникалық, кәсіби, өндірістік саланың дамуы мүмкін емес. Әрбір терминнің дефинициясы болады және күнделікті қолданылатын сөздерден ерекшелігі терминологиялық өрісінде бір мағыналы қасиетке ие болады. Терминдер белгілі бір ғылыми концепциясымен байланысты, онда ғылыми зерттеулер мен олардың теориясы көрініс табады. Белгілі бір дефиниция берілген кез келген сөз сол ұғымды анықтайтын термин бола алады. Білімнің жаңа саласында нақты термин табылғанша сипаттамалы дефиниция қолданылады. Ғылымның белгілі бір саласының қарқынды дамуының нәтижесінде терминдер ғылыми мәтіндерде, бұқаралық ақпараттық құралдарда көрініс таба бастайды. Терминдер ғылыми нақтылығын жоғалтқанда, қолданылу аясы кеңейіп, бейтерминденуі процесінен өтеді, яғни концептуалдылығын, жүйелілігін, бір мағыналығын жоғалтады да термин ұғымы жалпыланып, бұрынғы термин күнделікті қолданылатын сөзге айналады. Сөйтіп, мұндай сөздер жалпы лексикалық бірлікке айналады. Терминологтар терминді ерекше сөз немесе сөз тіркесі ретінде қарастырып, мынадай белгілерін көрсетеді:

- терминнің ұғыммен байланысы;
- термин ұғымының нақтылығы;
- терминнің бір мағыналығы;
- стильдік жағынан бейтараптығы және экспрессияның жоқтығы;
- терминнің аталымдық қасиеті;
- терминнің жүйелілігі.

Термин табиғатын анықтауда дәстүрлі критерийлер қалыптаса бастағанымен, зерттеушілердің пікірлері әртүрлі.

Лингвистикалық еңбектерде терминнің ең басты ерекшелігі ретінде ұғыммен байланысы көрсетіледі. Термин белгілі бір ұғымды білдіреді. Бұл ұғымның

өзіндік мағынасы арнаулы құралдар арқылы берілсе де, байланыс өз тұтастығын жоғалтпауы қажет. Термин құрылымы тұрғысынан сөз не сөз тіркесі болғанымен, онда міндетті түрде бір ғана ұғымды білдіретін белгі болады.

Терминнің тілдік табиғатын қарастырып, оған жан-жақты сипаттама беруде ғалымдар оның лингвистикалық белгілерін ерекше атап көрсетеді. Терминнің тілдік бірлік ретіндегі ерекшелігі, оның лексикалық бірлік қызметінде де айқындалады. Терминнің лингвистикалық мәнін анықтау мақсатында оның негізгі белгілері мен қасиеттеріне нақтырақ тоқталуды жөн көрдік.

Терминнің аталымдық қасиеті ұғым атауының қызметін білдіреді. Ұғым білімнің белгілі саласына жататындықтан, термин де белгілі бір саланың элементі болып табылады және осы шеңберде ғана қолданылады. Термин көркем шығармаларда стилистикалық мақсат үшін қолданылғанда, негізгі қасиетін жоғалтып, бейтерминденеді. Т.Л. Канделакидің айтуы бойынша, «Терминнің аталымдық сипаты, атап айтқанда зат есім немесе олардың негізінде құралған сөз тіркестері терминдердің арнаулы тілдік бірліктер ретінде қарастырылуына байланысты» [7, 15 б.].

Терминнің мағынасының шектеулігі мен айқындығын көрсететін ерекшеліктерінің бірі – мағына дәлдігі. Ол туралы Т.Л. Канделаки былай дейді: «Термин – нақты ұғымды білдіріп арнаулы сала аясындағы ұғымды белгілейтін сөз немесе сөз тіркесі» [8. 46 б.].

Әдетте арнаулы ұғымның дефиниция арқылы белгіленетін нақты шекаралары болады. Дефиниция терминнің қажетті элементі болумен қатар терминнің анықтамасы болып табылады, өйткені ол тілдің сөздік құрамындағы терминологиялық лексикасын ерекшелейді. Ғалымдар терминнің мағынасын белгілеу үшін дефиниция құру қажет екенін атап көрсетеді. Дефиницияда белгіленетін ұғым оны өзіне ұқсас ұғымдар тобына енгізе отырып, қызметін айқындайды. Дефиниция терминнің терминологиялық жүйесінің шеңберіндегі мәнмәтіннен тәуелсіз болады және бірмағыналық ерекшеліктері ескеріледі. Ғалым Ш. Құрманбайұлы термин мағынасының дәлдігі туралы былай дейді: «Термин атаудың өзі белгілейтін ұғымның мазмұнын қамтып, ұғымның негізгі басты белгілерінің термин мағынасы арқылы берілуі. Терминологиядағы шарттылық тұрғысынан келгенде бұл талап та орындала бермеуі мүмкін. Біз термин мағынасының дәлдігі туралы сөз қозғағанда бұл талапты оның дефинициясының дәл берілуіне қатысты қойған дұрыс деп пайымдаймыз» [4, 10 б.]. Академик Ө. Айтбайұлы термин дәлдігін қамтамасыз ететін үш түрлі факторды атап көрсетеді: «1) термин білдіруге тиісті ұғым белгілерін дәл іріктеп алу; 2) термин жасау кезінде пайдаланылатын орын компоненттері мен элементтерін дұрыс саралау; 3) термин жасау барысында осы аталған бөліктердің (элементтердің) органикалық бірлігі қамтамасыз етілуге тиіс» [5, 26 б.].

Сонымен қатар терминнің құрылымына, оның мағынасына, қолданылу ерекшеліктеріне байланысты да ерекше талаптар болуы қажет. Термин таңбалық бірлік ретінде тілдің үш түрлі аспектісінде (семантикалық, синтаксистік және прагматикалық) қарастырылады. Терминнің мазмұнына қатысты семантикалық қарама-қайшылықтың болмауы, бір мағыналық, толық мағыналық, синонимдердің болмауы сияқты талаптар қойылады:


1) терминнің өзі белгілейтін ұғымға сәйкес болуы (терминнің терминологиялық мағынасы мен оның лексикалық мағынасының арасында қайшылық болмауы тиіс);

2) бір терминология шеңберінде бір форма бір ғана мағынада қолданылуы тиіс;

3) терминнің мағынасы ол белгілейтін ұғымнан тар болуы тиіс, яғни оның мәні шектеулі болуы керек;

4) белгілі терминологиялық жүйенің шеңберінде терминнің синонимдері болмауы тиіс.

Оны былайша көрсетуге болады:



1-сурет. Терминге қойылатын талаптар

Терминдер үнемі өздеріне қойылған талаптарға сай келе бермейді, себебі көптеген терминдер көпмағыналық қасиетіне ие болып, ұғымдарға сәйкес келмеуімен бірге синонимдер қатарын да толықтырып жатады.

Терминнің құрылымына қойылатын талаптар:

1) тіл нормаларына сәйкестік (кәсіби жаргондардың болмауы, екпін, жалғау және т.б. фонетикалық және грамматикалық нормалардан ауытқуларға жол бермеу);

2) әдеби тілге тән емес тілдік формаларды ауыстыру немесе оларды тіл нормаларына бағындыру;

3) қысқа да нұсқа болуы;

4) терминнің деривациялық қасиеті;

5) терминнің инварианттылығы (түрінің өзгермейтіндігі);

6) терминнің уәжділігі (семантикалық құрылымы бойынша термин түсіндіретін ұғымды беру мүмкіндігі);

7) терминнің жүйелілігі (терминнің түрінде оның термин жүйесіндегі орнын және басқа ұғымдармен

байланысын көрсету).

Терминдердің семантикалық құрылымы ғылыми-техникалық ұғымдар негізіндегі жалпыға белгілі ұғымдармен ұқсастықтар орнату арқылы туындауы мүмкін. Жиі қолданылатын ұқсастықтар, мысалы: сыртқы ұқсастықтар бойынша: ұшақ қанаты, үстел аяғы, робот қолы, робот қолының басы және т.б. Терминдердің мұндай белгілері ұғымның санадағы бейнесін жасауға мүмкіндік береді, олар өз кезегінде аталатын арнаулы ұғымдарды түсінуді, ұғынуды жеңілдетеді. Терминдердің сәйкес денотаттар туралы қандай да бір түсінік беруі бейнелі уәжділік деп аталады.

Терминнің категориялдылығы оның басқа терминдермен формалды байланысын айқындайды. Мысалы, - әрлеу - түйістіру - реттеу (процестер); қатаңдық-қаттылық-серпімділік (қасиеттер); жылытушы-қоректендірілуші-жарықтандырылушы (жабдықтар) және т.б.

Терминдердің құрылымында көрсетілген белгілер олардың жіктелердегі орнын анықтап, құрылымда ұғымды беретін белгілердің болуы терминдердің жүйелілігі болып табылады.



2-сурет. Терминге синтаксистік аспектіде қойылатын талаптар



3-сурет. Терминге прагматикалық аспектіде

қойылатын талаптар

Ескіріп бара жатқан терминдер қазіргі заманғылармен ауыстырылады, сөйтіп терминнің заманға сай болу талабы іске асады. Терминнің дұрыс дыбысталуы, айтылуға қолайлы болуы және белгілі бір салада ғана қолданылуы, қажетсіз ассоциацияның туындамауы ескерілуі керек. Бір термин бірнеше ұғымды белгілеу үшін де қолданылуы мүмкін, бұл терминологиялық полисемия және омонимияның туындауына немесе бірнеше терминнің бір ұғымды белгілеу үшін қолданылатындығы синонимия тудырады.

Қорыта айтқанда, терминді зерттеуге байланысты орасан зор мәселелер біздің еліміздің ғалымдары ғана емес, басқа елдердің ғалымдары да жүргізіп жатқан ғылыми ізденістер мен зерттеулер үшін оңтайлы органы жасайды. Жоғарыда айтылғандардың барлығы, термин феноменінің соншалық көп қырлы әрі қызықты екендігін көрсетеді. Сондықтан да қазіргі кездегі терминтанушылардың назарында термин табиғаты, оның қызметі, мәтінде термин қызметінің ерекшеліктерін қарау керектігі тұр. Терминология терминдік бірліктер жүйесі ретінде ұғымдар жүйесін де айқындайды, сондықтан да терминдер сол сала білімін сипаттап қана қоймай, сонымен бірге аталмыш саланың таным деңгейін де көрсетеді. Әрбір ғылым мен техниканың термині білім саласындағы адамның танымдық қызметінің нәтижесі, ол сол саланың таным құралы және кәсіби-ғылыми білімді сақтаушы әрі беруші болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жубанов К. О специфике слов-терминов// Бюллетень государственной терминологической комиссии. Алма-Ата, 1935;2:12-15.
2. Қазақ Кеңес Энциклопедиясы. Басред. М. Қаратаев: 12 томдық. Алматы: Ғылым, 1977;2т:9156.
3. Кеңесбаев І, Жанұзақов Т. Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 1956;84б.
4. Айтбайұлы Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания. Алматы: Арыс, 2007; 624б.
5. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері (Барлық сала мамандарына арналған әдістемелік құрал). Алматы: Сөздік-Словарь, 2005;240 б.
6. Табанакова ВД. Понятие научно-технического термина и требования к его определению. Термин и слово: Сб.ст. Горький: Изд-во ГГН, 1982;24-28.
7. Канделаки ТЛ. Значение терминов и системы значений научно-технических терминологий. Проблемы языка науки и техники: Сб.ст. М.: Наука, 1970;3-39.
8. Канделаки ТЛ. Семантика и мотивированность терминов. М.: Наука, 1977;167с.

МЕДИЦИНА САЛАСЫНДАҒЫ ХИРУРГИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕР МӘСЕЛЕСІ

С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті, Алматы, Қазақстан

Жаңа Қазақстанның дамуымен бірге тіл жанашырларының көп жылғы еңбектерінің арқасында тілге деген құрмет артып, тілдің беделінің көтеріліп келе жатқаны айқын білініп келеді. Бүгінгі «Хирургия саласы бойынша қазақша терминдер жасау мәселелері» атты конференцияның «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінде ұйымдастырылуы – тарихи жағдай. Еліміз тәуелсіздік алғалы және университет қабырғасында мемлекеттік тілде білім беретін бөлімдердің ашылуынан бері қарай көптеген терминдер қайта қарастырылып, қайта жандандырылып, біріздендірілу мақсатында қыруар жұмыстар атқарылып келеді. Біздің саламызда қолданылып жүрген терминдердің жағдайы және атқарылып жатқан жұмыстары жайында айтып кетуді ұйғардым. Себебі болашақ дәрігерлер даярлауда осы атқарылып жүрген мәселелердің тікелей қатысы бар екенін жақсы түсінуіміз керек. Бұл бір күндік мәселе емес. Жылдар бойы атқарылып жүрген жұмыстардың нәтижесі. Менің мақсатым, менің ғана емес бүкіл терминологиялық комиссия мүшелерінің түбегейлі мақсаты: 1. Университет деңгейінде терминдерді бірдей қолдану. 2. Министрлікке медициналық терминдердің дұрыс қолданылуы туралы ұсыныс жасау. 3. Медициналық терминдердің Республика деңгейінде біркелкі қолданылуына қол жеткізу. Міне, осы жерде отырған әрқайсыларыңыздың мақсаттарыңыз осы деп ойлаймын. Себебі барлығымыздың илеп жүргеніміз бір терінің пұшпағы [1, 2, 3].

С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-де орталықтандырылған терминологиялық комиссия бар. Оның құрамындағы 11 комиссия мүшесі білікті мамандар. Комиссия мүшелігіне талапкердің университетте оқытушы ретінде қазақ тілінде сабақ беру өтілі 5 жылдан кем болмауы керек. Жарық көрген ОӘӨ авторы болуы қажет және/немесе қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтайтын куәлігі болу қажет. Осы комиссияның 4 мүшесі ҚР денсаулық сақтау министрлігінің терминологиялық комиссиясының мүшесі болып табылады. Қазақ тілінде ОӘӨ баспаға және аудармаға дайындау барысында сөздердің біріздендірілуін жүзеге асыру мақсатында қолданылатын ортақ сөздіктер тізімі ОӘӨ баспаға және сараптамаға даярлау тәртібі туралы Ереженің 14-ші бөлімінің 4-ші бабында көрсетілген (08.02.2021).

1. Рахисhev А.Р., «Международная анатомическая номенклатура», Алматы, 2003г.

2. Рақышев А., «Адам анатомиясындағы халықаралық атау терминдер» Алматы, 2011 ж.

3. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік, ҚР Үкіметі жанындағы

Республикалық терминологиялық комиссия мақұлдаған. Том. 14, Медицина», Алматы, 2014 [4].

Баспаға даярланған оқу-әдістемелік әдебиеттер егжей-тегжейлі тексерістен өтіп отырады. Сараптама нәтижелеріне байланысты анықтама алған соң ғана оқу әдебиеттері арнайы білім бағдарламасы бойынша комиссия отырысында ұсынылады.

Жалпы университеттің мемлекеттік тілге деген көзқарасы ерекше. Университетімізде әр түрлі мамандық бойынша дәрігерлер дайындалатыны белгілі. Жалпы медицина-1 мектебінің басым көпшілігін мемлекеттік тілде білім алатын студенттер құрайды. Мысалы 1-3 курс студенттерінің саны тек ЖМ-1 мектебінде 1884 құраса оның 1317-і қазақ бөлімінде білім алады. Яғни бұл 70 пайызын құрап тұр. Сондықтан қазақ тілінде білім алатын студенттерге тіл мәселесі бойынша барлық жағдайлар жасалуы керек. Үстіміздегі оқу жылы аяқталмаса да 1 курс студенттеріне 20-дан астам іс шаралар тек мемлекеттік тілде өткізілген екен. Кез-келген құжат алдымен мемлекеттік тілде жазылады. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР заңының 4, 8, 9, 10, 11- баптарын және «ҚР тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын денсаулық сақтау жүйесінде іске асыру жөніндегі 2022-2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» 2022 жылғы 9 наурыздағы №159 ҚР ДС министрлігі Аппарат басшысының бұйрығын басшылыққа ала отырып С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ университетінің ректоры М.Е.Шорановтың 29.12.2022. №651 Бұйрығы бойынша барлық комиссиялардың, кеңестердің отырыстарын мемлекеттік тілде өткізу, шығыс құжаттамалары мен олардың қосымшаларын мемлекеттік тілде қабылдау, ішкі құжаттаманы мемлекеттік тілде және орыс тілдерінде жүргізу мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін арттыру шараларын ұйымдастыру көзделген.

Оқулықтардың да 70 пайызы тек қазақ тілінде. Соңғы жылдары мемлекеттік тілде дайындалып жатқан оқу құралдарының саны артып келеді. Кейінгі 5 оқу жылының мәліметі бойынша біздің жұмыс атқарып жүрген университетімізде 80-ге жуық оқу-әдістемелік әдебиеттерге сараптама жасалған екен. Дегенмен, қателеспейтін адам жоқ. Барлығы жақсы, керемет деп бір-біріміздің арқамыздан қағатын заман өтті. Кемшілікті бетке айтпасақ, терминнің біріздендірілуін біріге отырып шешпесек терминологиялық комиссияның құрамындағы 10-11 адамның шамасы жетпеуі мүмкін. Осындай жиындарды пайдаланып ойымызды ашық айтқан дұрыс.

Өзімізді сыйлау, өзімізді сыйлату ана тілге

құрметтен басталмақ.

Ендігі кезекте мен сараптама жасаған оқулықтың олқылықтарына көңіл аударайық. Мысалы, «Серозная оболочка» деген кезде не есімізге келеді? Оларға құрсақ қуысындағы мүшелерді тыстап жататын ішастар, жүрек перикарды, өкпе плеврасы жатады. Мезотелий жасушаларының сөл бөлу және сіңіру қызметіне байланысты - ол үнемі дымқыл болып тұруы қажет. Сонда мүшелер бір-біріне қажалмай, үйкелмей еркін қозғалыста болады. «Хирургия аурулары» деген оқулықта 3-4 жерде әр түрлі баламаларын көрсетіп кетіпті. Авторлар сероза қабаты, серозды қабат, серозалық қабат, сірнелі қабат деген. Дұрысы-сірлі қабық. Қабат деген де дұрыс емес –қабық деу керек. Оболочка-қабық, слой-қабат.

Мына сөзге құлақ ассаңыздар: парный орган - парлы ағза. Дұрысы - жұп ағза, мүше.

«Инкапсулированный» деген сөз бірнеше рет айтылған еді. Қазақша капсулалы немесе қапшықты деп атай салуға болады [5, 6, 7, 8].

Қазақша аудармасы бар, қабылданған терминдерді де біріміз қолдансақ, біріміз қолданбаймыз. Мысалы:

1	Интенсивті	Қарқынды
2	Симптомдар	Белгілер
3	Дискомфорт	Жайсыздық
4	Фундаменталды	Іргелі
5	Модель	Үлгі
6	Фасция	Шандыр
7	Канал	Өзек
8	Зоб	Жемсау
9	Контур	Бедер
10	Пациент	Науқас
11	Дефект	Ақау
12	Дефицит	Тапшылық
13	Ориентация	Бағыт
14	Доза	Мөлшер
15	Коллатерал	Жанама
16	Прогрессивті	Үдемелі
17	Клетка	Жасуша
18.	Процесс	Үдеріс
19.	Комплекс	Кешен
20	Скальпель	Қандауыр

№	Берілгені:	Түбір сөздер:	Түзетілген түрі:
1.	Перфоративті	Перфорация	Перфорациялық
2.	Инфузиондық	Кризис	Кризистік
3.	колликвациондық	Патогенез	Патогенездік
4.	Гормоналдық	Вазоспазм	Вазоспазмдық
5.	Релаксациондық	Релаксация	релаксациялық
6.	Рентгенологиялық	Рентген	рентгендік
7.	Флегмонозды – 24 б	Флегмона	флегмоналық
8.	Гангренозды – 24 б	Гангрена	гангреналық
9.	Лейкоцитарлық – 29 б	Лейкоцит	Лейкоциттік
10.	Инфузиондық	Инфузия	Инфузиялық
11.	Диспепсикалық	Диспепсия	Диспепсиялық
12.	Лимфатикалық жүйе, түйіндер, тамырлар, жолдар	Лимфа	лимфа жүйесі, түйіндері, тамырлары, жолдары
13.	Паразитарлық аурулары	Паразит	Паразит аурулары
14.	Альвеолярлық	Альвеола	Альвеолалық-ұялы
15.	Травматикалық	Жарақат	Жарақаттық
16.	Декомпенсаторлық	Декомпенсация	Декомпенсациялық
17.	Паренхиматозды	Паренхима	Паренхималық
18.	Каверноздық	Каверна-үңгір	Каверналық, үңгірлік
19	реконсоруктивті	Реконструкция	Реконструкциялық
20	Окклюзионды емес	Окклюзия	Окклюзиялық
21	Облиттерендіруші	Облитерация	Облитерациялық
22	Эвакуаторлық	Эвакуация (көшіру, орын ауыстыру)	Эвакуациялық
23	Бронхоэпителиалық ауру	Бронхэктаз	Бронхэктаз ауруы
24	Резорбтивтік қызмет	Резорбция	Резорбциялық
25	сегментарлық	сегмент	сегменттік

Қорытынды:

Жалпы денсаулық сақтау саласында да терминологияның мәселелері енді қолға алынып келеді. Әрбір басылып шығатын оқу әдістемелік әдебиеттер терминологиялық комиссияның мақұлдауынан өтуі керек. Көптеген терминдер әр түрлі атаумен қолданылып жүргені жасырын емес. Сондықтан әр кафедрада қазақ тілін жетік меңгерген, оқулық жазып жүрген, өз саласында мемлекеттік тілді жетік меңгерген әріптестеріміз өте көп. Сол адамдарға қаратып барып кафедра мәжілісінде талқыланған жұмыстар ғана қарастырылуы керек.

Бір ауыз сөз қасіретті тияды,

Бір ауыз сөз айықпас дерт жияды.

Бір ауыз сөз әлемге әйгі еткізсе,

Бір ауыз сөз жаман атқа қияды (К.Салықов).

Бір ауыз сөз жаман атқа қалдырып жүрмесін. Абыройлы болыңыздар барлықтарыңыз.

Сөз соңында: Кімде-кім ана тілін сыйламаса, бағаламаса оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды. М.Әуезов.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ахметов ЖБ, Ерғазина МЖ, Искакова ЛА. «Медициналық білім беру – мемлекеттік тіл аясында» тақырыбындағы республикалық

- терминологиялық конференция материалдарының жинағы «Астана медицина университеті» КеАҚ, Нұр-Сұлтан қаласы, 2019;136 бет.
2. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. Алматы, 1993;42 б.
 3. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамыту қағидаттары. <http://termicom.kz/articles/?id=70>
 4. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік, ҚР Үкіметі жанындағы Республикалық терминологиялық комиссия мақұлдаған. Медицина», Алматы, 2014;Т14:
 5. Ахметов ЖБ. Патологиялық анатомия. Москва. Издательство «Литтерра», 2016;792 б.
 6. Досмұхамедұлы Х. Екінші том. Тән саулығы. Алматы: «Арыс» баспасы, 2017;496 б.
 7. Ахметов Мухамбедия Ахмет-Төре Медицина терминдерінің сөздігі. Алматы: ЖШС «Сөздік - Словарь», 2005;640 б.
 8. Ахметов ЖБ. Медицинада жиі қолданылатын аталымдар. Ана тілі., 1994;18:

МЕДИЦИНА САЛАСЫНДА ҚАЗАҚША ТЕРМИНДЕР ЖАСАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

«Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» - деген халқымыздың ұлы ағартушысы Ахмет Байтұрсынұлы. Сондықтан жер бетіндегі кез келген халықтың мәңгілік болып қалуы - ұлттық тілінің сақталып қалуы болып табылады.

Осыдан тура 34 жыл бұрын, яғни 22 қыркүйек 1989 жылы қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болып «Тіл туралы» заң қабылданғаны баршамызға белгілі. Егемендігімізге осыншама уақыт өтсе де, қазақ тілі Кеңес заманынан қалыптасып қалған орыс тілінің көлеңкесінде дамып келе жатқаны «ащы» шындық. Жасыратыны жоқ, тіліміз өз елінде, өз жерінде «аса қажеттілікке» айналмай, атына заты сай болмай, мәртебесі мемлекеттік болғанымен қоғамның барлық саласында толыққанды қолданылмай келе жатырған мемлекеттік тіл болып отырғаны ақиқат. Осындай гауһар тілімізді өз дәрежесінде пайдалана алмауымыздың себебі кешегі кеңес өкіметінің солақай саясатының әсері ғой деп ойлаймын.

Жалпы барлық елдерде мемлекеттік тілді білу заң арқылы міндеттелген. Ал, біздің жоғарыда аталған «Тіл туралы» заңымызда «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» деп көрсетілген. Яғни, кез келген қазақ, қазақстандық бір-бірімен тек мемлекеттік тілде сөйлесуі қажет. Ал, біздердің күнделікті өмірде көріп отырғанымыз керісінше, екі қазақ бір-бірімен орыс тілінде шүйіркелесіп отырғанын көреміз және отбасында да ата-аналар балаларымен орыс тілінде сөйлеседі, соның кесірінен шала қазақ болып жүрген жайымыз бар. Ол аз дегендей, жиналыстарда аразамызда бір өзге ұлттың адамы болса орыс тілінде сөйлесуге тырысамыз. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», - деп Қадыр Мырзалиев ағамыз айтқандай, қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймайды. Дегенмен, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге әр қазақтың үлесі болуы қажет деп есептеймін.

Халқымыздың «Өсер ел, алдымен, тілін қадірлейді» деген сөздерін ешуақытта есімізден шығармауымыз қажет. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз бұрмалануына, шұбарлануының қандай болса да қарсы тұруы тиіс. Мәселен, медицина саласында жүргендіктен көбіне мынадай жағымсыз жағдайларға куә болып жүрміз – емдеу мекемелерінде науқас қабылдайтын жерде «фильтрлер» болады, соны «сүзгі» деп аударып, ал «посторонним вход воспрещен» деген сөзді «бөгде адамға кіруге болмайды» деп аударған.

Кез келген өркениетті мемлекеттегі аса маңызды қоғамдық саланың бірі – медицина саласы. Себебі

мемлекеттің басты байлығы саналатын халықтың денсаулығы – оның толыққанды ел екендігінің басты көрсеткіші. Сондықтан да медицина саласы бойынша мемлекеттік тілдің атқарар рөлі де ерекше.

«Тіл туралы» заң шыққасын еліміздегі жоғары медициналық оқу орнындарында мемлекеттік тілде мамандар дайындай бастады. Біздің Ақтөбе мемлекеттік медицина институтында да 1989-1990 оқу жылынан бастап мемлекеттік тілде оқитын тәлімгерлер қабылданған болатын, қазақ бөлімшесі деканаты құрылды. Қазақ тілінде сабақ жүргізу немесе дәрістер оқу әдістемелік және оқу құралдарын дайындаумен қатар жүргізілді. Әрине, алғашқы әзірде бұл өте қиын болғаны рас, бірақ ұлты қазақ оқытушыларымыздың «Мен істемесем, кім істейді» деген ішкі рухы жеңді. 1991 жылы Ақтөбе мемлекеттік медицина институтында қазақ тілінде сабақ беру бойынша Республикалық оқу-әдістемелік конференция өткізіліп, азды-көпті тәжірибелеріміз тұжырымдалған болатын.

Республикамызда алғашқылардың бірі болып қазақ тілінде біздің оқу ордамыздың профессоры Қ.А.Жаманкұлов ағамыздың басшылығымен «Ішкі аурулар пропедевтикасы» атты оқу құралы жарыққа шықты. Сонымен бірге хирургия саласында да академик Н.І.Ізімбергенов ағамыздың «Іш қуысының жедел хирургиясы» атты оқу құралы және көптеген монографиялары жарық көрді. Осы аталмыш оқулықтар және аударма сөздіктер сол кездегі тәлімгерлердің және оқытушылардың қолынан түспейтін оқу құралдарының бірі болды. Сол сияқты осы өткен мерзім ішінде профессорлар Қ.Қ.Құдайбергенов, Қ.Д.Дүйсенов, Қ.О.Қасенов, Б.Т.Түсіпкалиев, О.Ш.Шайхиев және көптеген басқада ғалым-оқытушылар қазақ тілінде сабақ беруді әдістемелік жағынан қамтамасыз етті.

«Тіл туралы» Заңның қабылданғанына 30 жылдан астам уақыт өтсе де қазақ тіліндегі, оның ішінде медицина саласындағы терминдер жасау мәселесі бір жолға толық қойылмай отыр. Бұл бағытта А.Р. Рақышев дайындаған «Қазақша-орысша-латынша анатомиялық терминдер сөздігі» 1 бөлімі 1963 жыл, екінші бөлігі 1966 жыл, «Анатомия терминдерінің сөздігі» Алматы, 1994 жыл маңызды орын алғаны белгілі. Сонымен бірге, 2009 жылы Алматыда «Дайк-Пресс» баспасынан жарық көрген, 40 мыңға жуық терминдерді қамтитын М.Ахметов дайындаған орысша-қазақша-ағылшынша медициналық терминдер сөздігі, 2010 жылы Қ.А. Жаманкұлов ағамыздың басшылығымен дайындалған 3 кітаптан тұратын «Медициналық терминдердің энциклопедиялық сөздігі» де мемлекеттік тіл дәрежесін көтеруге өз үлестерін қосып келе жатыр.

Дегенмен де кейбір медициналық терминдер

қайта қарауды қажет етеді. Мәселен, «кастрация» – піштіру (кастрация) - деп ұсынылады (Ахметов М. Медициналық терминдер сөздігі, Алматы, 2009). Піштіру (Обрезание) деген сүндетке отырғызу деген сөздің баламасы. Негізгі аудармасы «циркумцизия» болуы керек. Кастрация (лат. castratio-оскопление, кастрация) деп жазылған, бұл жыныс безін (яичко) толық алып тастау деген сөз.

Сонымен қатар «аорта» деген сөзді «қолқа» деп атау да дұрыс емес сияқты, өйткені халқымызда «қолқасы қабынған» деген сөз тіркес бар, сондықтан қолқа деп тыныс жолдарының құрамына кіретін мүшені айтады. Аортаны «аорта» деп қалдырған жөн ғой деп есептеймін

«Хирург операция жасады» деген сөзді, «оташы ота жасады» деп аударады, сонда «ота» деген бір сөз «хирург пен операция» деген сөздердің аудармасы болып тұр. Сондықтан хирург, операция деген атаулар сол күйінде қалғаны дұрыс қой деймін, өйткені олар өзге тілдерде де солай аталады. Сонымен бірге «геморрой» деген сөзді «көтеу» деп аударамыз, келіңкіремейтін сияқты. Осындай латын тілінен келген кірме медициналық сөздерді аударудың қажеті жоқ қой ойлаймын.

Айта кеткен жөн, әлі күнге дейін қазақ тіліндегі оқулықтармен қамтамасыз етілмеген мамандықтар да жоқ емес. Оқытушыларымыздың осындай пәндер бойынша Ресей оқулықтарын қазақшаға аударып пайдаланып жүргендерін көріп отырмыз. Бірақ кейбір оқу құралдарында тікелей аудармаларды байқаймыз. Мәселен, «заболевание вызывается стафилакокками» деген сөздерді «ауруды стафилакокк шақырады» деп аудару (дұрысы - тудырады) оқырмандарды қынжылтады. Осыған байланысты біздің тәлімгерлеріміз ондай оқулықтарды оқымай, өзге тілде жазылған оқу құралдарын пайдалануға мәжбүр болып жүр. Сондықтан аударма жасағанның өзінде де оны мазмұнымен аударса, кез келген оқу құралының құндылығы артқан болар еді. Өйткені аударма да - біздің ұлттық мәдениетіміздің үлкен арнасы, тіл тазалығы мен әдеби тіліміздің дамуына себепші болып келе жатқан қозғаушы күш. Зиялы қауым өкілдері сонау Абай заманында-ақ

аударманың атқарар қызметін жақсы пайымдаған.

Медициналық терминдерді жүйелеу жөніндегі жаңа талаптарды әзірлеу, терминдерді және атауларды қазақ тілінің жазу нормаларына сәйкес ретке келтіру жұмыстары бүгінгі таңдағы қажетті шаралардың бірі болып отыр.

Осы тұрғыдан келгенде Қазақстанда медицина саласы бойынша термин жасау мәселесі жүріп жатырғаны баршамызға мәлім, бірақ осы терминдерді жасау әртүрлі жағдайда жүріп жатыр. Әсіресе, оқулықтар жазып жатқан оқытушы-ғалымдар арасында бір-бірімен толық байланыс жоқ. Бір терминді әрбір өңірде әртүрлі қолданатындығы бәрімізге аян. Мысалы «жедел аппендицит» деген сөзді «жіті аппендицит» деп аударады. Бұл мәселені медицина жоғары оқу орындарындағы жұмыс жасап жатқан терминологиялық топтар тиісті деңгейде шеше алмай отыр. Өйткені терминологиялық топтағы қызметкерлер өздерінің лауазымдық міндетін орындауы қажет, ал оқулықтар мен оқу құралдарын, мемлекеттік тілде жазылған диссертациялық жұмыстарды ақысыз-пұлсыз тексеріп, түзетіп шығу оңай емес, қосымша ауыртпалық жұмыс болып жүктеледі. Сондықтан осы жағдайға да көңіл бөлген дұрыс қой деп ойлаймын.

Сонымен қатар, медицинаның салалары (терапия, хирургия, педиатрия, акушерия, гинекология және т.б.) бойынша қайтадан сөздік шығару мәселесін көтеретін мезгіл жеткен сияқты. Ол үшін салалық мамандар тіл мамандарымен бірге тіл табысып салалық сөздік жасауды қолға алуы керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ахметов М. Медициналық терминдер сөздігі. Орысша-қазақша-ағылшынша (40 мыңға жуық термин). Алматы: Дайк-Пресс; 2009. – 800 б.
2. Әмірбекова АБ. Қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар. Алматы. Елтаным баспасы, 2011;200 б.
3. Құрманбайұлы Ш, Жұбаева О. Терминология мәселелері. «ІС-Сервис» ЖШС, 2006;I:288 б.
4. Сәмитұлы Ж. Аударма теориясы және практика. А., 2005.
5. Терминжасам және кейбір сөздердің қолданылуы туралы. Тілтаным. Алматы, 2011;3-4:

Б.А. ЖАПАЛАКОВ

МЕДИЦИНА ТЕРМИНДЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ КҮЙІ ҚАНДАЙ?

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Қазірге уақытта медициналық оқу орындарында мемлекеттік тілде оқу құралдары жетіспейді, қазақ тіліндегі оқулықтардағы аударма мазмұны түсініксіздеу, тартымсыз.

Ал аудармашы бұл мамандықты жетік меңгеру үшін орта мектеп бағдарламасы ауқымында шет тілінің, қазақ және орыс тілдері әдебиеттерінің негіздері мен ерекшеліктерін жақсы білу керек. Аудармашы өз білім қорын әрдайым жетілдіре отырып, ғылым мен тәжірибенің түрлі салаларына тән арнаулы терминологияны жақсы білуі қажет.

Аударманы түпнұсқадан алыстатпай ұлт тіліне аударатындар өз тілімен қоса, сол аудармада жазылған тілді де толық біліп, автордың стилі мен ашық айтылған ойларын бұрмаламай, көмескілендірмей мейлінше дәл, анық та айқын жеткізуге тікелей қабілеті болуға тиіс. «Тіл – ұлттың жаны» дейміз. Ұлттың жанына жол табу үшін оның тілін білу шарт. Тілі арқылы оның мәдениеті мен өнеріне, тарихы мен бүгінгі ғылымын игеруге мүмкіндік ашылады. Ал аударма - тіл мен ойлау арқылы жасалатын өнер туындысы. Автордың биік талғамы, озық ойы, пайым-парасаты, дүниетанымы, қоғамға көзқарасы, сөз қолдану шеберлігі тек қана кестелі тіл арқылы көрініс табады. Аудармада жазылған ұлт тілі – сол аударманың қыр-сырын толық аша алатын жалғыз кілті. Оны басқа кілтпен ашудың қажеті жоқ, оған өз кілтін салу керек.

Қазақ тілі – сан ғасырлар бойы жинақталған әрі қалыптасқан, байытылған әлді тіл. Қазақты қазақ ететін де төл тіліміз. Өз тағдырымызды өзіміз шешетін халге келген тұста тіл мәселесі маңызды болып отырғаны түсінікті. Тәуелсіздік алғамызға отыз жыл өтсе де тіліміздің, қазақ елінің босағасынан төрге озғанын байқамадық, себебі оның қолданысы шектеулі.

Менің М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінде ұстаздық қызмет атқарғаным 30 жыл. Ақиқатын айту керек қолданыстағы қазақ тіліндегі оқулықтардың көркемдік тілі сын көтермейді. Оның сапасын артыратын құрал, ол сөздік. Демек, арнайы сөздіктер құрастырып және оған қойылатын талапты күшейту керек. Еліміздің әр аймағындағы аударма оқулықтарында мағынасы қазақ халқы тілі қолданысына келіңкіремейтін сөздер ұшырасады. Мысалға: Острый - дұрысы: жедел; жіті? Вдавление - батық? Катаральный - талаураған? Яремный - жарнама? және т.б. Мен қазақпын, бірақ қазақ тілінің маманы емеспін, тек өз ой пікірімді білдіру, төменде тағы кейбір сөздерді жаздым.

Адекватный - тұрақты - *adaequatum*

Амбулаторный больной - дұрысы: емханалық наукас - *outpatient*

Анус - дұрысы: тік ішек кіреберісі немесе шығысы; тышар? - *anus*

Барабанная перепонка - дұрысы: дабыл жарғағы немесе шілтері - *membrana tympani*

Безболезненность - ауырсынусыз - *sine dolore*

Ближайшие и отдаленные результаты – жақын және кеш нәтижелері - *immediatus et diuturnus eventus*

Бронха - өкпе қолқасы - *bronchus*

Булемия – мешкей - *bulimia*

Быстро компонентный нистагм - жылдам/тез компонентті нистагм - *celeris component nystagmus*

Вдавление - дұрысы: ойыс; батық? - *impressio*

Вентиляция - желдеткіш немесе ауа алмастырғыш - *ventilatio*

Воронка - оймыш, түбек; *infundibulum*

Восходящая глоточная артерия - дұрысы: жұтқыншақтың өрлеу артериясы; өрмелі? - *arteria ascendens pharyngea*

Вторичный - дұрысы: екіншілік; салдарлық? - *secundarium*

Вызванный потенциал - дұрысы: шақырылған потенциал; туындатылған? - *evocatus potential*

Высокодифференцированный - аса екшеленген, ажыратылған, анықталған, нақтыланған - *valde diversum*

Гомогенное затемнение – толықтай немесе бір-келкі қараю - *homogenea dimming*

Гребешек - дұрысы: айдаршық; айдар қыртыс? - *pectum*

Деформация - дұрысы: пішінінің өзгеруі; түрінің? - *deformatio*

Желе - дұрысы: тоңба; сілікпе, дірілдеуік? - *gelata*

Задняя решетчатая артерия - дұрысы: артқы торлы артерия; кеңсірік? - *arteria ethmoidea posterior*

Заторможенность - дұрысы: тежелу; мәңгіру? - *torpor*

Затылочная - дұрысы: шүйде (қарағұс); желке? - *occipital*

Зев - аран, ауыз жұтқыншақ немесе жұтқыншақтың ортаңғы бөлігі; аңқа? - *zev*

Зонд - сүңгі немесе түйме тәрізdez сүңгі - *probe*

Изолированный - дұрысы: оқшауланған, шектелген - *esolatus*

Искривление носовой перегородки - дұрысы: мұрын пердесінің қисаюы немесе ығысуы; перегородка-қалқасы? далдасы? - *deviasse septum*

Недеффиренцированная - ажыратылмаған, сарапталмаған - *indistinctis*

Инfiltrация - дұрысы: ұйысу (қан элементтерінің жиналуы) - *infiltration*

Исход - болжам, нәтижесі, ақыры, аяқталуы

- exodus

Катаральный - дұрысы: іріңсіз немесе іріңдемей кабыну/қабынба; талаураған? - *destillatio*

Крупноразмашистый нистагм - ірі, дөрекі, үлкен екпінділіктегі/серпінділіктегі нистагм - *magna eu nystagmus*

Крючковидный отросток - қармақ немесе ілмек тәрізді өсінді - *processus uncinata*

Медленно компонентный нистагм - баяу/жәй компонентті нистагм - *tardus pars nystagmus*

Мелкоразмашистый нистагм - ұсақ, майда екпінділіктегі нистагм - *minima nystagmus*

Молниеносная - найзағай тәрізді, жай оғындай; күрт дамитын? - *lightning*

Насморк - бөлінді, бөлініс/жедел тұмау немесе жедел ринит - *liquescit nasum*

Неизлечимая - дұрысы: емделмейтін; ем қонбайтын? - *insanabilis*

Неполная блокада - дұрысы: толық емес блокада; жартылай? - *imperfecta obsidione*

Непрямой - тура емес, тікелей емес немесе жанама - *Indirecta*

Нисходящая артерия - дұрысы: құлдырау артериясы; төменгі? - *descendens arteria*

Носовая раковина - дұрысы: мұрын кеуілжірі; қалқаны? - *nasal concha*

Оболочка головного мозга, паутинная - мидың өрмек/өрмелі қабығы - *vaginae cerebri, arachnoid*

Околощитовидная железа - дұрысы: қалқанша маңы безі; қалқан серік? - *parathyroid glandula*

Отказ - келісімін бермеу, келіспеу /бас тарту - *recusatio*

Острый-дұрысы: жедел; жіті? - *conditus*

Отсталость - қалыс, дамымауы, жетілмеуі - *retrosum*

Первичный - дұрысы: алғашқы, біріншілік; ілкілік? - *primarium*

Переносица - кеңсірік - *pontem nasi*

Пересадка - алмастыру, ауыстыру, орналастыру - *transferendis*

Перешеек - дұрысы: алқымы, мойынша; қылтасы? - *isthmus*

Подострый - дұрысы: жеделдеу, жітілеу? - *subacuti*

Привычный вывих - дұрысы: үйреншікті, дағдылы; ойнамалы? - *luxatio habitualis*

Прикус - дұрысы: тістесу; тісүйіс? - *bite*

При нагрузке - дұрысы: жүктеме кезінде, күш түскенде - *sub onus*

Прикладные - іс жүзінде, қолданбалы - *applicata*

Пороговая аудиограмма - дұрысы: табалдырық; шекті? - *limen audiogram*

Противосудорожный - дұрысы: құрысуға қарсы; құрысқаққа қарсы? - *anticonvulsant*

Проток - дұрысы: өзек; түтік? - *duct*

Профессиональные заболевания - дұрысы: кәсіби ауру; кәсіптік? - *occupational morbid*

Распатор - қырғыш - *raspator*

Ремиссия - аурудың бәсеңдеу сатысы - *remissio*

Рецидивирующий - дұрысы: қайталамалы, қайта өршіген - *recurrentes-*

Рожа - дұрысы: тілме ауруы; тілме? - *erysipelas*

Симптомы - аурудың белгісі, көрінісі - *indicia*

Скуловой отросток - бет өсіндісі немесе шықшыт - *processus zygomaticus*

Слизистая оболочка - дұрысы: кілегей, шырышты; сілемейлі? - *tunicae mucosae*

Специфический - дұрысы: арнайы; телімді? - *imprimis*

Спонтанный нистагм - көз алмасының ырғақты қозғалысы немесе тербелісі - *spontaneus nystagmus*

Средостение - көкірекаралық перде - *mediastinum*

Среднеразмашистый нистагм - орташа екпінділіктегі нистагм - *mediocris nystagmus*

Стационарный больной - ауруханалық науқас - *in-patients*

Ствол - діңгек, бағана, дің - *truncus*

Шиловидный отросток - сүйір немесе біз тәрізді өсінді - *processus styloideis*

Тугоухость - дұрысы: құлақ мүкістігі, есмімеушілік - *auditus damnum*

Центробежный импульс - дұрысы: орталықтан тебу импульсі; делегей тепкіш? - *motus centrifuga*

Установочный нистагм - нұсқаушы немесе сілтеме, орнықтыру нистагмы - *installation nystagmu*

Яремный-дұрысы: мойындырық; жарнама? - *iugularis*

Дәрі-дәрмектердің аудармасы

Медицинаның қай саласында (терапия, хирургия және т.б.) болмасын дәрі-дәрмектер жиі пайданылады. Қазақша нұсқаулықтарының аудармасының сөйлемдері шұбалыққы, күрделі, ережелері, тұжырымдары түсініксіздеу.

Нұсқаулық – белгілі бір ережеге негізделген қалыпты мәтін, демек, оның құрылымы стандартқа сәйкес болуы керек. Нұсқаулықтың орыс мәтінінде құрылымдық, бірегейлік сақталады, ал қазақшасында бұл қойылған талап ережелері орындала бермейді. Мысалға:

Сауда атауына байланысты «Стопресс»: орысша – Торговое название, қазақша – Саудалық атауы; орысша – Торговое название, қазақша – Дәрілік заттың сауда атауы. Бұл жерде дәрілік зат екені белгілі, сондықтан қысқа ғана «Сауда атауы» деу керек.

Дәріні қолданудағы орысша нұсқасы - Перечень сведений, необходимых до начала применения. Противопоказания больш келеді. Ал қазақшасы әрқилы. Қолданудың басталуына дейінгі мәліметтер. Қолдануға болмайтын жағдайлар. Дұрысы: Қолданыс алдындағы ескертпе және қарсы көрсеткіштер. Режим дозирования, қазақшасы - дозалау режимі. Дұрысы: Қолдану тәсілі мен мөлшері. Шынтуайтқа келгенде, осылардың бәрі төте аударма емес, орыс тілінің

делдағы арқылы ғана іске асқан аудармалар. Осының барлығы аз да болса, түпнұсқадан ауытқуға ықпал етеді, көптеген жағдайда стильдік, ұлттық ерекшеліктер сақталмай, бұрмаланады, сөйтіп, қазақ тіліне еріксіз қиянат жасалады. Бұл жіберілген олқылықтар – сауатсыз аудармашылардың күнәсі. Қателіктердің алдын алу үшін, баспадан арнайы сөздіктер шығарып, аударма мәселесін толықтай шешуге болар еді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ахметов МА. Медицина терминдерінің сөздігі: оқулық. Алматы: ЖШС «Сөздік-Словарь», 2005.; 640б.
2. Аяпбергенова КҚ. Қазақ тілі сабағында медицина лексикасын мамандыққа сәйкес оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (2009).
3. Әйтбембетов БН. Латынша-орысша-қазақша терминдер сөздігі. Алматы: Рауан, 1991;72б.
4. Есембеков Т. «Мәтінді аудару және интерпретация курсы». Аударматану мен әдеби компаративистиканың өзекті мәселелері: Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы. 2007;5-7.
5. Есембеков ТО. Көркем мәтінді талдау негіздері: оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті. 2009;132б.
6. Тарақов Ә. Аударма әлемі. Алматы: Қазақ университеті. 2009;242б.
7. Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. Алматы: Ғылым 2002.

Т.Қ. ЗАЙСАНБАЕВ, Ф.Б. ҚОЖАХМЕТОВА, А.Р. АБДЫХАЛЫҚОВА

**МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЕСКЕРІЛЕТІН
МӘСЕЛЕЛЕР**

С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті, Алматы, Қазақстан

Кез келген тілдің дамуы оның ғылымының дамуымен де тығыз байланысты. Ғылымы дамыған елдің тілі де бай болады. Тіл күнделікті өмірде ғана емес, ел билеу ісінде, саясатта, ғылымда кеңнен қолданылғанда ғана дамып, кемелдене түседі. Өкінішке қарай, Кеңес Өкіметі кезінде қазақ тілінің қолданылу аясы тарылып, жоғары оқу орындар білімді орыс тілінде бергендіктен, қазақ тілінің ғылым саласында қолданылуы кібіртіктеп қалды. Еліміз тәуелсіздік алғалы барлық жоғары оқу орындарында қазақ бөлімі ашылып, қазақ тілінде оқулықтар мен құралдары жазылып, көптеген оқулықтар орыс тілінен аударылды. Қазір қазақ тілінде жазылған және қазақ тіліне орыс, шетел тілдерінен аударылған оқулықтар жеткілікті, дегенмен оларда кемшіліктер кездесіп қалып жатады. Бұл әсіресе техникалық ғылымдар мен медицина саласында көбірек кездеседі. Оған бұл салалардағы жоғары оқу орындарында білім негізінен орыс тілінде берілуі, қазақша ғылыми стильдің, терминдердің қалыптаспауы себеп болды.

Ғылым дамуы үшін ең алдымен оның терминдері қалыптасуы керек. Термин ғылым саласына қатысты ұғымдарды беруімен қатар, тіл заңдылығы аясынан шықпауы тиіс. Термин қалыптастыруда ең бірінші орында тілдің өзінің ішкі мүмкіндігін сарқа пайдалану тұрады. Ол үшін медицина саласында термин ретінде қолдануға болатын тілімізде бар сөздерге тоқталайық. Мал өнімдерін көп пайдаланған қазақ халқы малды сойғанда әр мүшенің ара-жігін ажыратып сойған және әр мүшеге ат қойған. Қонаққа табақ тарту дәстүрінде әр мүшенің өзіндік қадыр-қасиеті болған. Оны дұрыс сақтамау мәдениетсіздік болып саналатындықтан, әр мүшенің атауын кез келген қазақ жақсы білген. Малға байланысты қолданылып жүрген атаулардың көпшілігін адамға байланысты қолдануға да болады, себебі адам да сүтқоректі жануарлардың бір түрі. Әрине, адам организмінде сүтқоректі жануарлардың басқа түрлеріне қарағанда азды-көпті айырмашылықтары бар екені даусыз және медицина ғылымы дамыған сайын мүшелердің (ағзалардың) ұсақ бөлшектері бар екені анықталып, жаңа атаулар пайда болуда. Міне осыларға атау беруде қиындықтар туындап жатады.

Анатомиялық атаулардың дара түрлері жазуда да айтуда да оншалықты қиындық келтірмейді, дегенмен олардың кейбіреулерінің шығу төркінін, қандай мағына беретін сөздерден жасалғанын білгеннің артықшылығы жоқ. Бұл жаңадан термин жасауда басшылыққа алынуы тиіс. Енді төменде бірнеше анатомиялық атаудың шығу төркініне аздап тоқтала кетейік.

Қазақ тіліндегі тыныс алу мүшесіне жататын өкпе сөзінің қалай пайда болғанына мән бермейміз. Шындығында бұл сөздің пайда болуында тіл білімінде метатеза деп аталатын фонетикалық құбылыстың әсері бар. «Өкпе» сөзінің түбірі «сүю» мағынасымен синонимдес «өп» сөзі. «Өп» етістігі – ауаны ішке сору үдерісін білдіреді, яғни өкпенің қызметін көрсету. Басқаша айтқанда өкпе сөзі «өп» етістігіне зат есім тудырушы -ке (-қа, -ға/-ге) жұрнағы жалғану арқылы жасалған деген болжам жасауға болады. Бұл жұрнақ туралы академик Ә.Т.Қайдаров былай деп жазады: «Морфологические критерии этимологизации должны учитывать также «избирательную» способность словообразующих аффиксов, которые в зависимости от лексико-семантических особенностей корневых лексем, а так же мотивов их номинации образуют определенные группы моделей словообразования. Случайно ли, например, модель -ка//ке -ға//ге образует такие народные соматико-анатомические термины, как қаңқа<қаң+қа 'скелет, каркас' (чего-либо); қолқа<қол+қа 'трахея'; жүйке<жүй+ке 'мозжечок', 'нерв'; желке<жел+ке 'шея'; 'затылочная часть шеи'; өкпе<өп+ке 'легкие'; шеке<шек+е 'висок, виски'; қасқа<қас+қа 'отметина на лбу, лысина'; аңқа<аң+қа 'носоглотка'; маңқа<маң+қа 'сопли, вид болезни' и т. п. Случайно ли здесь почти все производящие корни, получив этимологическое затемнение, превратились в неразложимые, с современной точки зрения, основы? Конечно, это не случайность, а наоборот, реализация в языке существующей или существовавшей некогда закономерности. К сожалению, она до сих пор не принята в этимологический актив» [1, 15]. Мұндай атауларға омыртқа, жұмыртқа, қабырға (көне түркі тілінде қабыртқа) сөздерін де жатқызуға болады деп ойлаймыз. Қазіргі қазақ тілінде зат есім тудырушы мұндай жұрнақтар жоқ болса да, бір кезде олар, әсіресе, анатомиялық атаулар туғызуда белсенді қолданылғанын көруге болады.

«Өкпе» сөзінің өкпе болып кетуі метатеза құбылысы екенін жоғарыда айттық. Енді осы құбылысқа арнайы тоқталайық. Профессор К.Аханов: «Сөз құрамындағы дыбыстардың орны ауысуы метатеза» [2, 366],- деп аталады дейді де оған мысал ретінде «өкпе» сөзінің қырғыз тілінде «өпкө», құмық тілінде «өпге», өзбек тілінде «үпке», татар тілінде «үпкә» болып айтылатынын мысалға келтіреді [2, 366]. Метатеза құбылысы сөздің айтылуын оңайлату мақсатынан туады. Өкпе сөзі алдымен еріндік п дыбысын онан соң тіл арты к дыбысын айтудан гөрі алдымен тіл ортасы дыбысын, сонан соң еріндік дыбысты айту оңай

болғандықтан пайда болған. Тіл дыбыстары өкпеден шыққан фонациялық ауа арқылы жасалады. «Өкпе» деп айтқанда алдымен осы фонациялық ауа жолындағы дыбыстар дыбысталатындықтан, сөзді айту оңайға түседі. Яғни, термин тіл заңдылығына негізделіп жасалса, жазуда да қиындық тудырмайды, айтуға да оңай болады.

Қазақ тіл білімінде екі немесе одан көп сөздердің бірігуі арқылы жасалған сөздерді ажырату, олардың жазылуын бірізділікке түсіру әлі күнге шешімін таппай жатыр. Бұл медициналық күрделі атаулардың жазылуына да қиындық келтіріп жүр. Мысалы, бұлшық ет (мышцы) [3, 254], көк желке (затылок) [3, 318], күре тамыр (артерия) [3, 354], көкбауыр (селезенка), көкет (диафрагма), көкжөтел (коклюш) [3, 318] сияқты медициналық күрделі терминдер кейде бірге, кейде бөлек жазылып жүр. Бұл атаулар бірге жазылуы тиіс пе, әлде бөлек жазылуы керек пе деген сұраққа жауап беру үшін, әуелі бұлар күрделі сөз бе, әлде сөз тіркесі ме деген сұраққа жауап айтуымыз керек. Бұлшық ет, көк желке, күре тамыр сөз тіркестеріндегі бұлшық, көк, күре сөздері қандай? деген сұраққа жауап беріп, ет, желке, тамыр сөздеріне анықтауыш болып тұрған жоқ, яғни анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері емес. Бұл сөздер тұтасып келіп не? деген сұраққа жауап береді. Жеке тұрғандағы лексикалық мағынасын жоғалтып, тұтасып келіп бір ғана атауды білдіріп тұрғандықтан, бұл сөздер күрделі сөздердің ішінде біріккен сөздер деп танылып, «көкет», «көкжөтел», «көкбауыр» сөздері сияқты бірге жазылуы тиіс. Сонымен қатар бұл күрделі атаулардың арасындағы дыбыстық өзгерістер де ескеріліп жазылуы тиіс деп ойлаймыз. Яғни, «бұлшығет», «көгет», «көгжелке» деп жазған дұрыс. Сонда сауатты жазуға мүмкіндік тууымен қатар, сөйлеу тілінің де заңдылығы сақталар еді. Айтылу мен жазылудың арасында айырмашылық неғұрлым аз болса, соғұрлым жазу оңай болады және тіл өзінің табиғи болмысын сақтайды. Орфографиялық сөздіктерде қолғабыс, қолғап, қолғанат, меңдігара сияқты сөздерде айтылып отырған дыбыстық заңдылық сақталған. Бұл заңдылықтың бірде сақталып, бірде сақталмай жазылуын немен түсіндіруге болады? Бұл – емле ережесінің дыбыс заңдылығына негізделмегенін, «біздің ауылда солай айтады» дегенді басшылыққа алғанын көрседі. Орфографиялық ереже жасауда А.Байтұрсынұлының: «Дұрыс емле менен қате емлені айыруға менің ойымша бұлай қарау керек шығар дейім: тіл табиғатына қарай емлені ыңғайлау ма? Жоқ, емле түріне қарай тілді ыңғайлау ма? Мен ойлаймын, емле – жазу үшін шығарған нәрсе, жазу – тіл үшін шығарған нәрсе. Олай болса, тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек» [4, 249], – деген тұжырымын басшылыққа алуымыз керек.

Қазақ медициналық терминдері орыс тілінің медициналық терминдерінің үлгісімен қалыптасып, көптеген терминдер орыс тілінен аударылған. Қазақ

тілінің терминжасамындағы басты кемшілік – орыс тілінің грамматикалық және фонетикалық құрылымына байланып қалу, қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін ескермеу, сондай-ақ тілімізде қазақша нұсқасы бола тұра, орыс тіліндегі терминді қолдану. Нақты мысалдар келтірейік. Ж.А.Нұрмақов пен А.Н.Баймахановтың «Хирургиялық аурулар» [5] оқулығын қарап шыққан ҚР ДСМ жанындағы Республикалық терминологиялық комиссия төрағасының орынбасары, м.ғ.д., профессор Ж.Б.Ахметов пен Қалыпты анатомия кафедрасының доценті А.М.Искиндинова тапқан кемшіліктерге өз көзқарасымызды айтайық:

1. Қазақ тілінде атауы бола тұра орыс тіліндегі нұсқасы қолданылған терминдер: плевра – өкпеқап, диафрагма – көкет, перикард – жүрекқап т.б.

2. Орыс тілінде сын есім тудырушы жұрнақ жалғану арқылы жасалған терминдерге қазақ тілінің сын есім тудырушы жұрнақтарын үстемелеп жалғау: секреторлық – секреттік, интегративті – интеграциялық, лапороскопиялық – лапороскоптық, гангреноздық – гангреналық т.б.

Дегенмен, тексерушілердің кейбір пікірлерімен келіспейтін жерлеріміз де бар. Мысалы, оқулықтағы «дамудың туа біткен ақаулары» деген сөз тіркесін тексерушілер «туа біткен даму ақаулары» деп жөндепті. Бұл сөз тіркесін синтаксистік тұрғыдан талдайтын болсақ, ақауларды анықтар тұрған сөз тіркесі туа біткен (қандай?), (ненің ақаулары?) дамудың ақаулары болып қазақ тілінің синтаксистік заңдылығына сай келіп тұр. Ал тексерушілер жөндеген нұсқасына келетін болсақ, ақаулар (ненің?) дамудың, (қандай дамудың?) туа біткен болып кетеді. Туа біткен даму немесе жүре біткен даму деген болмайды ғой. Ал ақаудың туа біткені немесе жүре біткені болады. Орыс тілінде «врожденный», «приобретенный» деп бір-ақ сөзбен беріліп тұрған бұл ұғымды қазақша да «туабіткен», «жүребіткен» деп біріктіріп жазуға болады деп ойлаймыз. Күрделі сөздердің барлығы да әуелі жай сөз тіркестері болған. Олар айтылу барысында ықшамдалып, әр түрлі қосымшалардан арылып тұтас бір сөзге айналып, бір ғана лексикалық мағына беретін болған. Мысалы, қолға киетін қап – қолдың қабы – қол қабы – қол қап – қолғап. «Қолғап» деген сөзді естігенде көз алдымызға қолды да, қапты да емес, қолға киетін бір киімнің түрін ғана елестетеміз. Осы сияқты «туабіткен» деген күрделі сөзді естігенді туу және пайда болу үдерісін емес, бір ғана анықтауыштық ұғымды түсінеміз.

Қазақ тілінде жазылған медициналық еңбектердің тілінен орыс тілінің синтаксистік құрылымының ықпалы байқалып тұратын себебі қазір қазақ тілінде медициналық оқулықтар жазып жүрген ғалымдар - медициналық оқу орындарын орыс тілінде бітіргендер. Ол кезде қазақ мектебін бітірген түлектер де емтиханды қазақша тапсырғанымен, әрі қарай медициналық жоғары білімді тек орыс тілінде алатын. Орыс тілінде білім алу олардың сөз саптауларына да әсер еткен.

Оның себебін А.Байтұрсынұлының: «Біздің жасынан орысша я ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша етіп жаза алмайды, я жазса да қиындықпен жазады. Себебі жасынан қазақша жазып дағдыланбағандықтан. Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай сөзінің жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды» [4, 30],– деген сөзімен түсіндіруге болады. Сөзіміз дәлелді болуы үшін мысал келтірейік: «Құрсақ қуысының алдыңғы қабатының бұлшық еттері нашар дамыған, бір-бірінен ажырату қиындық туғызады» [6, 10]. Бұл орыс тіліндегі: «Мышцы переднего слоя брюшной полости развиты слабо, их трудно отличить друг от друга»,– деген сөйлемнің үлгісімен беріліп тұр. Қазақ тілінің синтаксистік құрылымы бойынша бұл сөйлем: «Құрсақ қуысының алдыңғы қабатының бұлшық еттері нашар дамығандықтан, оларды бір-бірінен ажырату қиындық туғызады»,– болуы тиіс.

Орыс тілінің «игі әсері» тиген тағы бір сөйлемге тоқталайық: «Күл – коринебактерияның токсигенді штамымен шақырылып, негізінен ауа-тамшылы жолымен таралып, енген жерінде фибринозды жабынды дамып, өзіндік уыттану белгілерімен және жүрек-қантaмыр, жүйке, несеп жолдарының асқынуларымен сипатталатын жедел жұқпалы дерт.» [7, 29]. Алдымен осы сөйлемдегі «коринебактерияның токсигенді штамымен шақырылған» деген сөз тіркесіне тоқталайық. Бұл орыс тіліндегі «вызванный токсигенными штаммами коринебактерии» деген сөз тіркесінің сөзбе-сөз аудармасы. Қазақ тілінің грамматикалық заңдылығы бойынша «коринебактерияның токсигенді штамы әсерінен

пайда болған». Енді бүкіл сөйлемді қазақ тілінің сөйлем құрылысы заңдылығына келтіріп көрейік: Күл – коринебактерияның токсигенді штамы әсерінен пайда болатын, негізінен ауа-тамшылы жолымен таралатын, енген жерінде фибринозды жабынды дамитын, өзіндік уыттану белгілері бар және жүрек-қантaмыр, жүйке жүйесі, несеп жолдары ауруларының асқынуларына алып келетін, жедел жұқпалы ауру.

Қорыта айтқанда, термин жасауда да, оқулықтарды аударуда да, сондай-ақ қазақ тілінде оқулықтар жазуда да сала мамандары мен тілмамандары бірлесе жұмыс істеп, медициналық қазақ тілінің ғылыми стилі қалыптасуына атсалысуымыз қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Кайдаров АТ. Тюркская этимология: проблемы и задачи. В книге: Проблемы этимологии тюркских языков. Алма-Ата: Ғылым, 1990;400.
2. Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. Алматы: Мектеп, 1965;592.
3. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. Астана: «Елорда», 2000;532б.
4. Байтұрсынұлы А. Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы: «Алаш», 2006;Т4 :320б.
5. Баймаханов АН, Сарманов НЕ. «Хирургиялық аурулар» Москва. «Геотар-Медиа», 2018;Т1:560б.
6. Тұрсынов Қ. Балалардың құрсақ қуысы ауруларының хирургиясы. Оқу құралы. Алматы, 2009;252б.
7. Құттықожанова ҒҒ, Тыныбеков АС. Балалардың жұқпалы аурулары /диагностикасы, емі, алдын алу шаралары. Оқу құралы. Алматы, «Эвро», 2016;232б

Л.Н. АБДУЛЛИНА, М.К. БАЙТАКОВА, А.С. АКИЕВА

МЕДИЦИНА САЛАСЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТЕРМИНДЕРДІ БІРІЗДЕНДІРУ МӘСЕЛЕСІ

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Азаттықтың ақ таңы атып, ел тәуелсіздігін жариялаған 30 жыл уақыт аралығында біз білім, ғылым, мәдениет, тарих, этнография салаларында елеулі жетістіктерге жеттік. Бүгінгі таңдағы медицина саласындағы мемлекеттік тілдің қанат жаюы да - сол жетістіктердің бір көрінісі. Сол жылдары түрлі салалық терминдер ана тілімізге аударылып, байырғы терминдер жаңартылып, бір жүйеге келе бастады. Осы орайда отандық ғалымдар медициналық терминологияның даму тарихын екі кезеңге жіктейді: алғашқы кезеңде медициналық терминдердің баламаларын іздестіріп табуды мақсат етсе, кейінгіге қолданыстағы әртүрлі медициналық атауларды бір жүйеге келтіріп, біріздендіру жұмыстары жатады.

Бұрын қазақша баламасы жоқ сияқты болып көрінген бірқатар медициналық терминдердің ана тіліміздегі баламалары табылып, біріздене түсті. Мәселен, череп – бассүйек, лучевая кость – кәріжілік, фасция – шандыр т.б. Тәуелсіздік алған жылдардан бері қарай қазақ тілі мемлекеттік тіл болып жарияланғаннан кейін жыл сайын медицинаның барлық салаларында ана тілімізде әртүрлі медициналық оқулықтар, сөздіктер, ғылыми еңбектер жарыққа шыға бастады. Мұның ұтымды тұсы – қазақша оқулықтардың көбеюі болғанымен, ұтымсыздығы – терминдерді әр автор әртүрлі қолданысқа енгізу құбылысы байқалды. Мәселен, желчный пузырь – өтқуық, өт қалта, өт қапшығы, өт қап, өтқабы, тонкая кишка – аш ішек, жіңішке ішек, ащы ішек; және т.с.с.

Сондай-ақ, бір оқулық, сөздік немесе оқу-әдістемелік құралдарда құрт тәрізді өсіндіні «өскін», ал оның қабынуын «соқыр ішек», енді біреуінде «жіті аппендицит», ал үшіншісінде «жедел аппендицит» деп келтіріледі. Ал енді өт қуығын бір авторлар «қап», екіншілері «қалта», «қалташық» деп атайды. Бұндай әртүрлі атау оқырмандар, әсіресе студенттер үшін өте қолайсыз болды. Профессор А.Ж.Нұрмақовтың пайымдауынша кейбір оқулықтарда ветеринарлық терминдер (бүйен, жемсау, талақ, көтеншек т.с.с.), немесе қарабайыр қазақы, жабайы сөздер қолданылады. Бұл жерде ауызекі әңгімеде қолданылатын сөздер мен медициналық оқу құралдары, ғылыми мақалалар, монографияларда жазылатын әдеби сөздерде айырмашылық болу керек. Мысалы біз, дәрігерлер, ауру адам клиникадан шыққандағы құжаттарға остеохондроз, зоб т.б орнына шорбуын, жемсау немесе сүле деген сөздерді қолдансақ, ол құжаттардың мәтіні басқа аймақтарда (шет елдерде) түсініксіз болуы мүмкін [1, 476]

Кейбір медициналық терминдердің баламасы табылмаса, оны осындай қарабайыр сөздермен былғамай, одан гөрі терминнің түпнұсқасын сақтап қалған дұрыс. Бұл туралы әріптесіміз, ғалым

Б.Түсіпқалиев өзінің «Қазақша медицина терминдерін құрастыру мәселелері» атты мақаласында былай дейді: ««Белок» деген және басқа да толық мағыналы баламасы табылмаған сөздерді солай қалдырып екеуін де бірдей қолдана берген жөн. Бұл пікір медтеркомда талқыланып қолдау тауып, ондай сөздердің тізімі жасалу керек. Бұндай бағытты қабылдау жаңадан сөз жасау машақатынан құтылып, тәлімгердің, медицина қызметкерлерінің түсінігіне жеңіл, сапалы оқу құралдарын жазуға қол жеткізеді. Медициналық университеттер құрамында қазақ тілінде оқу-әдістемелік жұмыспен, терминологиялық, медицина құжаттар үлгісін және оқу құралдарын сапалы шығаруды ұйымдастырумен айналысатын, қажет болса оны тексеріп отыратын бөлім құру керек» [2, 105].

Медицина саласына байланысты бірқатар терминдерді аудару кезінде терминнің қазақша баламасы оның мағынасын аша алмаса, онда оның негізгі латын тіліндегі түпнұсқасын қалдырған дұрыс. Мысалы, біз «грибок» немесе «грибковое заболевание» деген сөзді орыс тілінен тікелей «саңырауқұлақ» немесе «саңырауқұлақ ауруы» деп аударамыз. Бірақ білетініміздей, «саңырауқұлақ» – қазақ тілінде өсімдік атауы және бұл сөз ауру атауы ретінде құлаққа түрпідей тиеді. Тіпті саңырауқұлақ ауру десек, науқас ойланып қалуы мүмкін. Сондықтан ғалым Н.Төлеева бұл аурудың латынша атауы «микозды» қалдыруды ұсынады [3]. Сонымен қатар қазіргі таңда қолданыстағы медицина саласы бойынша көңілге қонымды, сәтті шыққан үш тілдегі сөздік иесі, ғалым М. Ахметов «слизистый» сөзіне балама ретінде - сілемейлі (адамдар мен жан-жануарларға қатысты), шырыш (өсімдікке тән) – деп анықтап, дәйекті дәлелмен көрсетіп берді. Яғни адам ағзасындағы «слизистая оболочка»-«сілемейлі қабық» болуы керек. Дегенмен көптеген медициналық сөздіктер мен оқулықтарда әлі күнге ол «шырышты қабық» деп аталып келеді. Біраз жыл бойы баспалардан шыққан салалық оқулықтар мен сөздіктерде «слизистая оболочка» сөз тіркесі түрліше аударылып жүр дегенімізбен, ғалым Т.Қоңырқұлжаев оның дұрысы - «кілегейлі қабық» болуы керек деп есептейді, неге десеңіз, қазақ халқының ауызекі тілінде диалекттер аз емес, оған қоса «сілемей» мен «сілекей» - бір ұғымдағы сөздер. Ал «сілекей» деген кәдімгі орыстың «слиюна» сөзі емес пе? – деп тұжырымдайды [4].

Қазіргі заманғы медицинаның терминологиялық жүйесі осы ғылымның күрделі концептуалды жүйесін көрсетеді және медициналық терминдердің шығу тегі мен олардың қызметін ескере отырып, көп өлшемді классификациялар құрылымына ие [5].

Осы ғылыми концептуалды моделі терминдерді

медицинаның төмендегі салаларын айқындайтын топтар түрінде ұсынамыз:

Жаңа технологиялар атаулары: жүйелер, құрылғылар, жабдықтар т.б.;

Медициналық мақсаттағы жаңа бұйымдардың немесе дәрілік заттардың атаулары;

Ауруларды зерттеу мен емдеудің жаңа әдіс-тәсілдерінің атаулары;

Медицинаның жаңадан пайда болған салаларының атаулары: кримедицина, телемедицина, иммунология, ядролық медицина т.б.;

Медицинаның жаңадан пайда болған саласы бойынша қызметкерлердің аттары т.б [6-9].

Мақаламыздың басында атап өткендей, медицина саласында мемлекеттік тілде әртүрлі ғылыми оқулықтар мен еңбектердің, зерттеу жұмыстарының жарық көруінің нәтижесінде, алғашқы кезеңдегі мақсат - медициналық терминдердің баламаларын іздестіріп, табу жұмыстары аяқталып, екінші кезең - терминдердің сапасын арттырып, жоғары деңгейге көтеретін, яғни әртүрлі қолданыста жүрген терминдерді жүйелеп, біріздендіретін уақыт келді. Осы мақсатта 1999-2000 жылдары әртүрлі ғылым салалары бойынша академик А.Құсайыновтың басшылығымен 31 томдық қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздіктер топтамасы жарық көрді. Терминологиялық сөздіктің әрқайсысы 4000-5000-дей терминдерді қамтыды. Бұл сөздіктер қазақ тіліндегі терминдерді бірегейлеу үрдісіне өз үлесін қосып, айтарлықтай еңбек атқарды.

Аталған сөздіктер топтамасының 2000 жылы жарық көрген 500 терминді қамтитын 14-ші томы медицина саласына арналды. Бұл сөздікті әзірлеуге медицина саласы бойынша терминология мәселесімен көп уақыттан бері айналысып жүрген белгілі ғалымдар мен мамандар қатысты. Солардың ішінде профессорлар: Ә.Н.Нұрмұхамбетов, Ж.Б.Ахметов, Д.К.Қияшев, А.Ж.Нұрмақов, доценттер: Л.Ә.Ысқақова, С.Б.Сламжанова және тіл мамандары: ф.ғ.к. А.Әмірбекова, Н.А.Төлеева осы сөздікті дайындауға белсене атсалысты. Медициналық сөздікті дайындау барысында көптеген ұтымды терминдер ұсынылып, қолданысқа енді: головка – шоқпарбас, околотитовидная железа – қалқансерікбез, капельница – тамызғы, конституция – денемітім, миотом – бұлшықеттілгіш, моча – несеп, надколенник – тізетобық, облучение – сәулесоққы, органоластика – ағзажамау, пульс – тамыр соғыс, потенциал – қарым, потенция – күш-қуат, предплюсина – тілерсек.

Дегенмен, медицина – термин мәселесінің ең күрделі саласының бірі, өйткені инновация дамыған сайын халықаралық терминдер тілімізге сәт сайын еніп жатыр. Жаңа технологиялар, жаңа аурулар атаулары, жаңа медициналық қызметкерлер... Ғалым М. Ахметов: «Халықаралық қолданыстағы терминдерді (мысалы: функция, реакция, рефлекс, элемент, тонус, т.б.) қазақшаға аудару берсек, ғылыми ұғымнан

алшақтап кетуі мүмкін. Қазақы балама табамыз деп кейде мазмұны мүлдем басқа жаққа жетелеп кететін жарыспалы атауларды (мысалы, синергизм деген сөзді селбесу, бірлесу, қатарласу, үйлесім, ұштасу, септесу деп, «спазмды» – түйілу, тарылу, тырысу, бырысу, жиырылу) тықпалауды қою керек. Тағы да бір жиі кездесетін қателік – басқа тілден енген дербес ұғымдық мәні әртүрлі терминдерді қазақтың бір-ақ сөзімен атай салу. Мысалы, бір сөздікте кома – естүссіздік, сопор – естүссіздік деп аударылған (дұрыс жазылуы ес-түссіз). Кома мен сопордың өзіндік айырмашылығы бар екі түрлі дерттік жағдай, ал қазақша баламасы олардың «есі» мен «түсін» түстеп беріп тұрған жоқ» [10] – дейді.

Қорыта айқанда, қазақ «Көш жүре түзеледі» дейді. Бірақ біздің көштің тоқтамай қозғалып келе жатқанына да ширек ғасырдан астам уақыт өтті. Ендігі кезекте медициналық терминдерді терминкомның бастамасымен біріздендіруді әрі қарай жалғастыру кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Әсіресе, медициналық терминдерді тәржімалағанда міндетті түрде медицина саласының ғалым маманы және лингвистика саласының маманы бірлесіп жұмыс жасаса, нұр үстіне нұр болар еді. Бұл медицина саласында мемлекеттік тілді қажетті деңгейде жетілдіру мен оны күнделікті жұмыста толық пайдалану үшін нәтижелі жұмысқа бастамашы болады. Бұл өз кезегінде болашақ дәрігер мамандарын даярлауда оң нәтижесін берер еді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Нұрмақов АЖ. Медицина саласында мемлекеттік тілді біріздендіру жолдарын жетілдірудің өзекті мәселелері. Вестник КазНМУ. 2012;1.
2. Тусупкалиев Б. Қазақша медицина терминдерін құрастыру мәселелері. Научно-практическая конференция посвященная 60-летию ЗКГМУ имени Марата Оспанова на тему: «Интеграция, партнерство, инновации в медицинском образовании и науке», Ақтөбе. 5 қазан, 2017;105-106.
3. Төлеева Н. Медициналық терминдерді біріздендіру: алғышарттар, жанрлық-стильдік ерекшеліктер, проблемалар. <https://termincom.kz/articles/?id=56>
4. Қоңырқұлжаев Т. Сөзжасам талаптары сақталмай, сөз түзелмейді. 1.09.2011. <https://abai.kz/post/10899>
5. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. Алматы, 2001;208б.
6. Ақаев С. Терминнің танымдық табиғаты. Алматы, 2010;227б.
7. Әбдірәсілов ЕҚ. Қазақ терминографиясының жүйесі. Астана, 2005;208б.
8. Біләлов Ш. Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың өзекті мәселелері. А., 1996;207б.
9. Исақова СС. Қазақ тіліндегі психология терминдерінің лингвистикалық мәселелері (лингвистикалық зерттеу). Монография. Алматы, 2001;191.
10. Ахметов М. Медицина терминдерін қалай қазақша-лап жүрміз? Егемен Қазақстан газеті, 6.06.2018ж.

Е.Н. ДАРМЕНОВ

МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ХИРУРГИЯ САЛАСЫ БОЙЫНША КӘСІБИ ДЕҢГЕЙДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ОҚЫТЫЛУ ЖАЙЫ

Қарағанды медицина университеті, Қарағанды, Қазақстан

Қазіргі таңда медициналық аударма – лингвистикалық салада ең көп сұранысқа ие болған қызмет. Бүкіләлемдік ғылымның дамуымен, транспорттық қатынастың жиіленуімен, жаппай ғаламданумен байланысты маемлекеттер арасындағы бөгет айтарлықтай азайды және докторлар, профессорлар, ғылыми қызметкерлер мағлұматтарымен алмасу үшін кәсіби медициналық аударма мамандырына жиі мұқтаж болып отыр. Алайда, медициналық аударма бірыңғай қызмет болып көрінгенімен, ол әртүрлі болуы мүмкін. Медициналық аударма қажет болуына қарай ерекшелінеді. Қашан да лингвист медицинаның әртүрлі саласында жұмыс істегенде: ортопедия, травматология, неврология, әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар және сол салада аудармашыдан жоғарғы тәжірибелікті қажет етеді. Мысалға, медицинаның фармакология саласындағы аудармасы тек қана осы салада ғана емес, сонымен қатар көршілес ғылымдар химия, биологияны терең білуді қажет етеді. Медицинаның физиология саласындағы аудармасы түрлі организмдердің тіршілік әрекетінің негізгі заңдылықтарымен қағидаттарын түсінуді білдіреді. Ал медицинаның гинекология, акушерлік және неонатология немесе педиатрия саласындағы аудармасы әйелдер мен балалар организмнің ерекшеліктерін тіпті терең зерттеп білуді талап етеді. Осымен қатар медициналық аударма сипатына қарай жіктеледі: ол ауызша және жазбаша болады.

Аудармаға жауапкершілік білім саласына тәуелді емес. Фармацевтикалық па, әлде хирургиялық аударма ма жауапкершілік бірдей болады. Олар аса мәнді не аз мәнді деп бөлінбейді. Еш күмәнсіз, әр сала бірдей деңгейде маңызды. Алайда, аударма жасауға тапсырыс бергенде, кейбір өзгешеліктерді ескеру керек. Хирургиядан аударманы мысалға алсақ, басқа аударма түрлерінен қандай айырмашылығы бар? Жазбаша бөлігі терминология, аббревиатуралар мен қысқартулардың жиынтығынан тұрады. Бірақ осы белгілерімен әр сала өзгеше болып келеді. Сондықтан ауызша аудармаға нақтырақ тоқталайын. Аудармашы тақырыптық конференцияларда дәрігерлер аудиториясына синхронды аударма жасаудан басқа, хирургиялық аударма қажет болғанда тікелей операцияларға да қатысады. Осындай кезде бөлек кабинаға жасырына кете алмайсың және арақашықтықты сақтап жұмыс істеу мүмкіндігі болмайды. Хирургиядан аудармаға тапсырыс бергенде, синхронды аударма, қандай да ыңғайлы болғанымен, өзімен бірге сан түрлі қателіктерді еліктіруі мүмкіндігін түсіну керек. Өйткені синхронды аударма өз құндылығына қарамастан, беріліп отырған ақпаратты жарым-жартылай сарқылтады.

Қолында скальпелі бар, тірі адам ағзасына бұл жерде және осы сәтте операция жасап жатқан оташының айтқанынан бір ғана сөз жоғалту кешірімсіз. Мұндайда ілеспе аудармаға жүгінген жөн. Қасында тұрып, әр берілген бұйрықты нақты және айғақ аударып, құрал-саймандарды мен адам анатомиясын мінсіз білу парыз. Хирургиядан аударманың мақсаты көбінесе оның жазылуы, сонан бейнетаспаға шығарылуы және қызметтестерді үйрету болғандықтан, әр кезеңнің егжей-тегжейлі түсіндірілуі және оның аудармасы микрофонға беріледі. Оташыға сияқты аудармашыға да микрофонды бет тұсына орнату керек. Оташыға қолдарын босату үшін, ал аудармашыға, бірнеше сағатқа созылатын операция кезінде, оташыны алаңдатпау үшін. Соған қоса, хирургиядан аудармашы маманын таңдаған кезде, дайындалмаған адам қанды көргенде әрқашан сабыр сақтай бермейтінін ескеру керек. Яғни, операция кезінде аудармашы талып қалса, нағыз кәсіптенген тілмашты таңдағаныңызға қарамастан, бұл бүкіл жоспарланған іс-шараны соққыға ұшыратуы мүмкін.

Медицина саласында қазақ тілінде атаулық және әрекеттік мәндегі терминдер де, сөз тіркестері де, фразеологизмдер де, мақал-мәтелдер де қалыптасып орныққаны белгілі. Бүгінде барлық жоғары оқу орындарында оқытылып отырған пәндердің жаңа заман талабына лайық меңгертілуі Қазақстан Республикасы өз алдына егеменді ел болуымен байланысты оның әлеуметтік экономикасының қайта құрылуы, мәдени байлығының күннен-күнге алға басуы нәтижесінде мемлекеттік тілдің кең өркендеуіне жаңа мүмкіндіктердің кеңеюімен тығыз байланысты екені сөзсіз. Сол себепті жоғары білім жүйесінде мемлекеттік тілді әрбір мамандықтың ерекшеліктері мен тілдік жүйесін ескере отырып үйрету – өзекті мәселелердің бірі.

Қоғамның дамуында тіл мәселесі бұрынғы заманда да маңызды рөл атқараған. Өйткені тіл арқылы адам өз ойын жеткізіп қана қоймай, жаңа мәліметтерді алады. Қазақстан көпұлтты мемлекеттің бірі болғандықтан, «тіл мәселесі» жақсы қамтамасыз етілуі керек.

Көп тілді білетін маманды дайындау және қалыптастыру жолында елімізде қомақты істер атқарылып жатыр, мұнда жоғары оқу орнының атқаратын рөлі зор, себебі, негізгі құндылықтар мен өмірлік қағидалар осы уақытта қалыптасады.

Кәсіби тілмен қатар, үш тілді жетік меңгерген, қоғамның дамуында тіл мәселесі бұрынғы заманда да маңызды рөл атқарған. Өйткені тіл арқылы адам өз ойын жеткізіп қана қоймай, жаңа мәліметтерді алады. Қазақстан көпұлтты мемлекеттің бірі болғандықтан,

«тіл мәселесі» жақсы қамтамасыз етілуі керек. Іскер, шығармашыл, дүниетанымы мол, интеллектуалды тұлға, болашақта да біліміне сай қоғамда өз орнын табады. Бұл бағытта аударма саласының да қосары мол. Қалай дегенмен де өзге тілді ақпарат тілімізге аударма арқылы келеді.

Кәсіби лексиканы ұтымды меңгерту мен білім беру баяғдарламасы аясында кәсіби тілді меңгерту тәжірибесін жинақтау әлемдік деңгейге көтерілуге мол мүмкіндіктер ашады. Бұл білім алушылардың халықаралық жобаларға қатысуын жандандырып, шетелдік әріптестермен ғылыми байланыстарын нығайтуға, шет тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа

ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Халықаралық деңгейде бекітілген грек-латын терминдерінің мемлекеттік тілде қолданылатын медициналық глоссарийлерін оңтайландыру» республикалық терминологиялық конференцияның материалдарының жинағы;
2. Аяпбергенова КК. (2009). Қазақ тілі сабағында медицина лексикасын мамандыққа сәйкес оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

Б.А. МОЛДИН, Ж.Т. ТӨЛЕПБЕРГЕНИ

ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМБЕДУЛЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ТІЛ ЖӘНЕ АУДАРМА МӘСЕЛЕСІ

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Кез келген елдің егемендігін және мемлекеттігін айқындайтын, негізін қалаушы басты факторлар оның тілі, тарихы, білімі, әсіресе халқының денсаулығы болып табылады. Өйткені, денсаулықтан асқан құндылықта, идеология жоқ. Мемлекетіміздің қоғамдық-әлеуметтік функциясын дамытуда, қалыпты еңбек күшімен тұрақты экономика, білім-ғылымды көтеруде азаматтарымыздың денсаулығы аса маңызды. Осы күрделі саланы реформалауда, дәстүрлі медицинаны қалыптастыруда айтарлықтай еңбек сіңірген профессор, «Алашорда» ұлттық үкіметінің құрылуына, «Алаш» партиясының қалыптасуына, қазақ тарихы, ұлттық баспасөздің дамуына үлкен үлес қосқан ғалым, Х.Досмұхамбедұлының (1883-1939) еңбегі зор еді.

Біздің мақсатымыз, ғалымның медицина саласындағы жазылған еңбектерінің тілін, ғылыми термин жасаудағы әдістемелерін, қазақ тіліне латын хәрфін алу мәселесі, өлі табиғат және тірі табиғат туралы ойлары, шағылыс (тұқым) жүйесінің заңдылығы еңбектеріндегі тұжырымдамаларды көрсету. 1909 жылы Санкт-петербургтегі Императорлық әскери-медициналық академиясын алтын медальмен бітірген. Тән саулығының шипагері, дәрігер Х.Досмұхамбетұлы туған халқының дәрігерлік көмекке мұқтаждығын, түрлі аурулар алдындағы алдындағы дәрменсіздігін көріп, өзінің білімі мен білігі арқылы халық денсаулығына қызмет жасады. Алғашқы кәсіби мақалалары «Тамыр дәрі хақында», «Сары кезік -сүзек», «Жұқпалы аурулар» тақырыбындағы еңбектері «Қазақ» газетіне жарияланып отырған. Еңбектерінде аурудың алдын алу және халыққа түсінікті тілде баяндалуы. Мысалы, «Сары кезік -сүзек» [1, 143 б]. Автордың еңбектеріндегі аудармалар, ғылыми сөздердің баламалары жалпы қоғамға, қыр қазағына түсінікті ұғымдарды кеңінен пайдаланғаны көрініп тұр.

Энциклопедист ғалым медицина-биология ілімдері бойынша көптеген оқулықтардың авторы, соның ішінде Орта Азия ғалымдарының ішінде алғашқы болып, үш бөлімнен тұратын «Жануарлар» еңбегі, гигиена, биология, адам анатомиясы, табиғаттану саласы бойынша құнды еңбектері бар. [1, 141 б] Бұл еңбектің басты құндылығы, күрделі медицина саласы бойынша алғашқы еңбектердің бірі және сол уақыттың оқығандары, ұстаздар бұл оқулықты өздеріне жолбасшы құрал ретінде пайдаланып, үлгі тұтты деп айтуға болады.

Х.Досмұхамбетұлының шығармаларындағы дәрігер-тәлімгер ұстаз екенін көрсететін жақтары да жеткілікті. Оған: «Шәкірттердің саулығын сақтау», «Ұйқы деген немене», «Оқушылардың саулығын сақтау» еңбектері жас буынның таным деңгейін ескере отырып

жазылған. Бұл бүгінгі әдіскер-педагогтер үшінде үлгі. «Оқушылардың саулығын сақтау» еңбегінде жас жеткіншектерге – құлағың, тынысың, көзің сау болсын десен, денең сау болсын десен, бөлімдерінде, баяндау тілі балалардың жас ерекшеліктерін, сөз қорын, тұрмыс тіршілігін ескерген. Қарапайым, бірақ қарабайыр емес, аса ғылыми да емес, бірақ ғылыми жетістіктері мен осы саладағы бар тәжірибеден алшақтап та кетпеген. Бұл жағдайды бүгінгі медик-дәрігерлерде ескерген жөн.

XX ғасырдың басында кеңестік идеологияның ықпалымен халықтың білім алуына тікелей кері әсер еткен үрдістер болды, соның бірі ұлттық альфавиттің өзгеруі еді. Ол алдымен «латын» хәрпіне, кейін «кириллицаға» өзгертілді. Міне, сол солақай саясаттың нәтижесінде «Қазақ халқы әріп танымайтын, сауатсыз ұлт», - деген жалған, негізсіз пікірлер айтылды. Көк Түркі ұрпақтарының «Руна», арабтың графикасына негізделген «Төте» жазумен жазылған мәдени, ғылыми мұралары жоққа шығарылды. Осы тұста Халел Досмұхамбедұлы: «Түрік халықтарына араб хәріптерін тастап, латын хәрфін алу керек деген сөз көптен бар. Соңғы күндерде Ташкенттегі бірқатар халық ағарту жолында жүрген жігіттеріміздің де арасында қазақ дыбыстарына латын хәріфтерін үйлестіріп қарау керек деген сөз болды. Өзіміздің осы күнгі хәріфтерімізді бірден тастай салып, латын хәріфтерін алуға қарсы пікірде болсақ та, айналамыздағы желіктің салқыны бізге де тиді. Әзербайжанда, жақұтта Поливанов, бұрынғы академия хәріфтері болсын, бұлардың жолы әрбір дыбысқа дербес таңба дейді. Біздің жолымыз жоғарыдағылардан айрықша, біз осы күнгі Еуропа елдерінің дыбыс таңбалау жолын үлгіге алдық. Латынның бізде жоқ таңбаларын бос қалдырдық. Біздің дыбыс үшін латында таңба жоқ болғанда, шет таңбаларын латынға үйлестіріп алдық. Латынның 14 хәрфі a,b,d, g, k,l,m,n,o,p,r,s,t,z біздің осы күнгі хәріфтерімізге түп-тура келеді. Латынның u һәм i деген хәрфі дауысты дыбыстан соң біздің шолақ «у» һәм «и» секілденіп, дауыссыз дыбыстан соң орыстың «у» һәм «и» хәрфі секілденіп естіледі. Сондықтан латын «и»-ін біздің ұзын «ұу», «ыу»-ды һәм шолақ «у»-ды, латынның «і»-ін біздің ұзын «и», «ій» һәм шолақ «и»-ді белгілеуге алдық» деп келтіреді. [2, 202-203 б]. Ғалым, латын хәрпіне көшуде асығыстық танытпау керектігін, өзге елдердің тәжірибесіне сүйене отырып жасауда да ұлттық тілдің ерекшелігін ұмытпау қажеттігін баса айтқан. Бүгінде үлкен мәселеге айналған «латын» әліпбиіне көшуде уақыт, интеллектуалдық күш керектігі сөзсіз.

Адам тән тірлігі немесе «Анатомия» еңбегін де табиғат екі түрлі - өлі табиғат, тірі табиғат деп береді. Өлі табиғат деп тас-топырақ, ауа мен суды айтады. Тірі табиғат – өсімдік пен жануарлар. Адам да жануардың бір түрі болып саналады, тек адам санасы арқылы қоғамда «әлеуметтену» арқылы қалыптасады. Тірі табиғаттың бәрі де өлі табиғаттан жаралған деп тұжырымдағын. Және өлі табиғаттың неден жаралғанын және адам өміріндегі әлеуметтік маңызын ғылыми түсіндірген. Мысалы, адамның басқан жері, дем алған ауасы, ішкен суы – маңызды өлі табиғат. Немесе адам денесіндегі «он екі» қышқылтуым (оттегі), сутуым (сутегі), нитірік (азот), көмір (қатты бұйым), құлар (хлор), натыр (натрий), калый, калытсій (кальций), мегінез (магний), темір, күкірт, паспар (фосфор) элементтерінің түрліше болып қосылуынан адамның денесі түзелетінін көрсеткен. Осы еңбекте адам жүйесі, танау, жұтқыншак, ұлпа (түйіршіктер), шошақай, ұлтабар ұғымдарын енгізген [3, 11,12 бб]. Бір сөзбен айтқанда, медицинаның қолданыста жүрген сөздердің ең оңтайлы терминдер Х.Х. Досмұхамбетұлының еңбектерінен бастау алады. Ғалым медицинаны ұлттық тілге бейімдеді. Өз еңбектерінде мемлекеттік тілдің саяси, әлеуметтік

маңыздылығын ескеріп отырғаны байқалады. Әсіресе, қазіргі медициналық терминдерді аудару, біріздендіруде ұлттық тілдің ерекшелігін ескеру қажет. Медициналық терминдерді дұрыс аудару – ұлтты интеграциялайтын саяси де мәселе.

Қорыта айтқанда, Х.Досмұхамедұлының ұлттық идеялары арқылы, жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру, халқы үшін атқарған адал қызметі арқылы ұлттық тарихи сана қалыптастыруға болады. Өз мәртебесін ғылымда, өндірісте, медицинада ала алмай отырған тіліміздің деңгейін көтеру үшін, профессор Х.Досмұхамбетұлының рухани мұраларымен тағылымы теңдесі жоқ қазына.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тайжанов АТ. Тағылымды танымдар Орал: «Ағартушы» орталығы, 2007;304.
2. Досмұхамедұлы Х. Еңбектері: Бірінші том. Жан саулығы/Құраст.проф. Ғ.Әнес.-Алматы: «Арыс» баспасы, 2017;432 бет+16 бет суретті жапсырма.
3. Досмұхамедұлы Х. Еңбектері: Бірінші том. Адамның тән тірлігі /Құраст.проф. Ғ.Әнес.-Алматы: «Арыс» баспасы, 2019;1:320.

А.С. МУСТОЯПОВА

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ТЕРМИН ЖАСАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Қазіргі уақытта қазақ тілінде термин жасау саласы аясында көптеген жұмыстар атқарылса да бұл мәселе өзінің көкейкестілігін жоймайды.

Терминология дамуының осыған дейінгі кезеңінде тілімізге қабылданып, арнаулы салалардың көпшілігінде орнығып, білім беру мен ғылым тілінде, мамандардың кәсіби қарым-қатынасында қолданылып жүрген мыңдаған кірме атаулардың бәріне балама табу, аудару мүмкін емес. Еш тілден сөз алмайтын, өзара сөз алмаспайтын тек төл сөздерден ғана тұратын тілдің болмайтынын әлем тілдерінің даму тарихы көрсетеді.

Құрманбайұлы Ш. «Терминологияны біріздендірудің ғылыми-әдістемелік негіздері» атты еңбегінде терминологияны реттеуге, біріздендіруге қатысты қолданылатын терминдердің өзінде әлі бірізділіктің жетіспейтіне тоқталады. Бұл ұғымдардың қолданысындағы жарыспалылық пен мағыналық дәлдіктің болмауы осы ұғымдардың аражігінің ажыратылмауынан туындап отырғандығын айтады. Реттеу, біріздендіру, жүйелеу, стандарттау, қалыптандыру (кодификациялау), үйлестіру сияқты терминологиялық жұмыс түрлерінің атауларын және негізгі ұғымдардың аражігін ашып, орындалу ретін айқындап көрсетті.

Терминдерді аудару мен қолдану барысы әр ғалымның еңбегінде әртүрлі мағынада жұмсалып, түрліше түсіндіріліп жатады. Сол себепті осы терминдермен белгіленген ұғымдардың арасын ашып, әрқайсысының мағынасын нақтылап, бұл жұмыстардың саты-саты бойынша атқарылу ретін дәл көрсетіп беру қажет. Сондықтан жұртшылықты, мамандарды шатастырмау үшін бірінші кезекте аталған ұғымдардың аражігін ашып, орындалу ретін айқындап алу жөн екені даусыз.

Х.Досмұхамедұлының: «Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады» пікіріне сәйкес, әлем тілдерінің барлығының сөзталмасу, терминалмасу тәжірибесінде жоқ дәстүрді қалыптастырдық. Өзге тілдерден сөз алудың мұндай «кеңестік» тәсілін тілдерде бұрыннан-ақ бар «сөзталмасу», «терминалмасу» деп атаудан гөрі «термин көшіру» деп атау орынды болар еді. Басқа тілден қабылдаған терминдерді әр тіл өзінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне қарай икемдеп алатыны белгілі.

А.Байтұрсынұлы: «Жаппай қолданылатын әлемдік терминдер қабылдана алады, бірақ олар қазақ тілінің табиғатына сәйкес өзгертілуі керек.» деген болатын. Академик Ә.Қайдар да «интернационалдық терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз ерекшеліктеріне икемдеп қабылдау» (5-қағидат) қажет деп атап көрсетеді. Ғалымдардың бұл мәселедегі

көзқарастарының бір жерден шығып жатуы кездейсоқтық емес. А.Байтұрсынұлы «кірме терминдер біздің қазақ тілінің айтылуына бағынуға тиіс, яғни оларға тілдің қалыпты артикуляциясынан бастау алатын біздің тіліміздің дыбыстық заңдылықтары үстемдік етуі (таратылуы) керек. Шет тілдерінің сөздерін өзіміздікі ету үшін, бұл міндетті түрде солай болуы қажет» деген пікірі термин қабылдаудың қай кезеңінде де құнын жоймаса керек [1].

Қазақ тілінде термин жасаудың көп жолдары қарастырылған. 19ғ. ортасынан бастап ана тілімізге енген терминдер төмендегідей жолдармен жасалды:

1) Жалпы қолданылатын сөздің қолдану аясы біртіндеп шектеліп, кейіннен шектеулі аумақта қолданылған немесе логикалық қатысы шектеулі сөз термин сипатына ие болып, термин ретінде қолданылады;

2) Қолданыстағы заттар негізінде оралымдар терминдерінің туындау жолымен;

3) Автордың әзірлеген теориясы негізінде жаңа сөздерді тудыру жолымен [2].

Медицина саласы да ғылым мен техниканың қарқында даму нәтижесінде жаңа терминдермен толығып отырады. Көп жағдайда медициналық терминдердің басым көпшілігі шетел тілінен енген. Медициналық терминология - бұл арнайы лексика түрі, әр түрлі мамандықтағы медициналық персонал сөйлесетін тілге жатады, медицина мен денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұғымдар мен түсініктерді нақтылау барысында қолданылатын сөздер мен тұжырымдардың жиынтығы.

Бұрынғы ғылыми көздерге сүйенсек, медициналық лексиканы төмендегідей топқа бөлгенін көреміз:

- мүше және дене бөлшектері;
- құралдар мен жабдықтар;
- маман иелері;
- медицина салалары;
- сырқат атаулары;
- дәрі-дәрмектер;
- медициналық емдік шаралар.

Медициналық терминологияның мазмұны өте кең: адам ағзасына тән морфологиялық түзілімдер мен процестер, қалыпты жағдайда және олардың дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі патологиялармен; аурулар мен патологиялық күйлер, олардың ағымының формалары мен белгілері; халыққа емдік-профилактикалық көмек көрсетуді ұйымдастыру формалары, аппараттар, аспаптар, құралдар, медициналық мақсаттағы жиназдар, жеке дәрілік заттар, дәрілік өсімдіктер және тағы басқалар.

Қазіргі медициналық терминологиялық жүйе көптеген ішкі бөлінетін тармақтардан тұрады тұрады,

олардың ішінде үш жетекші тобы ерекшеленеді: анатомиялық-гистологиялық терминология, фармацевтикалық терминология, клиникалық терминология.

Медициналық терминдерді аударуда қазақ тіліндегі сөзтудырудың синтетикалық тәсілін қолдау үрдісі байқалады. Мәселен, профессор Ә.Нұрмұхамбетұлы еңбектерінде -лы, (-лі, -ды, -ді, -ты, -ті), -лық (-лік, -дық, -дік, -тық, -тік), -ғы (-гі, -қы, -кі) сияқты сын есім тудырушы жұрнақтарды тиімді қолдану үлісін ұсынды (вредная доза – зиянды доза (мөлшер); ежедневная – күнделікті; лечебная – емдік; оптимальная – оңтайлы; разовая – бір дүркіндік; высшая – ең жоғарғы т.б.) (Нұрмұхамбетұлы Ә., 2007: 209- 210).

Қазақ тіліндегі -шық, -шік жұрнақтары сын есім тудырумен қатар заттың көлемінің шағын екенін білдіреді, яғни кішірейту мағынасын да береді. Бұл жұрнақтың осы қасиетін қазақ тілінде медициналық термин жасаушылар сәтті пайдалана білген. Мәселен, 2003 жылы жарық көрген медициналық сөздікте альвеола зуба термині тіс альвеоласы (ұяшығы) деп, ұяшық сөзі жақшаға алынып берілсе (Момынов Т., Рақышев А., 2003: 328), 2007 жылы шыққан Ә. Нұрмұхамбетұлының сөздігінде тіс ұяшығы (Нұрмұхамбетұлы Ә., 2007: 25) деп жазылған. Яғни, бұл терминнің қазақ тілінде осылай қалыптасқанын, терминологиялық комитеттің оны бекіткенін көреміз [3].

Терминологияны қалыптастыру жұмыстары негізінен салалық терминологиялық сөздіктер жасау, кейбір терминдердің жасалуы мен қолданысын талдау және терминдердің бір бөлігін терминком арқылы бекіту арқылы жүзеге асып келді. Қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие, сондықтан да әр салада ісқағаздарын жүргізуде оны қолданыс аясын кеңейту мақсатында

терминдерге деген сұраныс артып, терминологиялық жұмыстар кең ауқымда жүргізілуде.

Медициналық терминдерде жыл сайын терминком мүшелері жаңа ұғымдарды аударып, терминкорды байытуға үлес қосуда. Осы бағытта мамандардың барынша көп қатысуын қамтамасыз ету тетігі жетілдіру үстінде. Медицина саласындағы аталған терминологиялық жұмыс түрлері ауқымды түрде жүргізілуде, ғылыми тұрғыдан едәуір зерттелген елдің тәжірибесі мен ғалымдарының еңбектеріне жүгініп отырады.

Осы саланың мамандарының талқылауларынан өткен, жаппай қолданысқа ұсынылып отырған әр термин мамандардың жан-жақты талдауынан, мұқият терминологиялық сараптамадан өткізілгені абзал. Сонда ғана сапалы термин, жетілдірілген терминжүйе қалыптастыруға қол жеткізеді.

Терминком мүшелері ұлттық терминкорды ретке келтіруге ат салысып, терминологияны біріздендіруге айрықша мән беріп отыр. Бұл – біздің елдегі мемлекеттік тілдің ғылым саласындағы қолданысын кең ауқымда қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін шаралардың бірі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Құрманбайұлы Ш. Терминологияны біріздендірудің ғылыми-әдістемелік негіздері. Ғылыми-әдістемелік құрал. 88 бет.
2. Цисык АЗ, Швайко ЕС. Латинский язык и основы медицинской терминологии. Учебник. М.: Медицина, 2009 г.
3. Карипбаева ГА, Зайсанбаев ТК. Халықаралық терминдерді қазақ тіліне бейімдеу жолдары. Хабаршы. Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы. 2017;4 (80):

Р.Р. РАХИЕВ

ХИРУРГИЯ САЛАСЫ БОЙЫНША ҚАЗАҚША ТЕРМИНДЕР ЖАСАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы, Ақтөбе, Қазақстан

Бүгінгі еліміздің ірі жоғары оқу орындарының бірі – М.Оспанов атындағы БҚ медицина университетінде ұйымдастырылып отырған «Хирургия саласы бойынша қазақша терминдер жасау мәселелері» тақырыбындағы республикалық терминологиялық конференциясына қош келдіңіздер деп, Сіздерді Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы, Ақтөбе облыстық ұйымының алқа мүшелері мен облыстың мыңдаған тіл жанашырлары атынан құттықтаймын. Конференция жұмысына сәттілік тілеймін!

Бүгінгі күні тәуелсіз еліміздің кез-келген саладағы қол жеткізген жетістіктерін бүкіл әлем мойындап отыр. Біз әлемнің алдыңғы қатарлы озық, өркениетті мемлекеттер қатарына еруге ұмтылып, қарқынмен дамып келеміз. Тәуелсіздік жылдары тілімізге жан бітті, еңсесін көтерді. Осы жылдары жеке пікірімізді ашық, еркін, ал тіл туралы ойымызды батыл, екпінді айтатын болдық.

Марат Оспанов атындағы БҚМУ – Батыс өңірінің ғана емес, еліміздің ірі жоғары оқу орындарының бірі. Сондықтан да оқу орнының басшылығына, профессор – оқытушылар құрамына жүктелетін міндет, жауапкершілік жоғары. Басты міндет – бәсекеге қабілетті сапалы, білікті маман даярлау.

Білім беру – әрбір елдің экономикалық жүйесінде жоғары экономикалық – әлеуметтік маңызға ие. Егер біз болашақты білімді мамандармен қамтамасыз еткіміз келсе, жастарды өз кәсібін, мамандығын сүйеге тәрбиелеуіміз керек. Сонымен қатар, мемлекетіміздің даму барысында ана тілінде таза, мәдениетті, дұрыс сөйлейтін ұлтжанды ұрпақты тәрбиелеудің де рөлі орасан зор.

Осы жерде ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады», - деп ана тілін білудің қаншалықты маңызды екенін айтып кеткен.

Ұлтымыздың өзгелермен терезесі тең келу үшін – оның ұлттық сана деңгейі көтерілуі керек. Ұлттық мүдде, ұлттық намыс деген түсінік бәрінен де жоғары болатыны баршамызға белгілі. Ұлттық сана – ұлттық тілмен ғана қалыптасады десек, ұлт болып сақталып қалуымыз – тек қана Ана тілімізге байланысты. Ана тіліміз ешбір тілден кем емес дейміз, тілімізбен мақтанамыз, сонда осындай ғажайып қазынаға ұлт ретінде иелігіміз қандай?

Тілімізді сақтайтын, дамытып байытатын тек үкіметтің қаулысы, жергілікті қақарушы және өкілетті

органдардың шешімі ғана емес, алдымен ол өзімізге, сол тілде сөйлейтін халыққа, Сіз бен Бізге, қазақ халқына байланысты екенін барлығымыз бірдей түсінеміз бе?

Тіл тағдыры өз қолымызда тұр десек артық емес. Халқымыздың саны өсті, мемлекеттік саясатты жүргізетін мемлекеттік мекемелерде қызмет жасайтындардың дені – қазақтар. Биліктің де, бизнестің де арасында жүрген – өзіміз. Бәрі де өзімізге байланысты.

Жалпы тіл мен ұлтты бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Қазақ тілі бар жерде – қазақ ұлты бар, қазақ елі бар жерде – қазақ тілі бар. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде рөлін арттыру – бұл өткен күннің де, бүгінгі күннің де өзекті мәселесі. Тілдің шынайы қоғамдағы орнын нақтылап, өзінің күшіне енгізу үшін аз айтылып та, жазылып та жүрген жоқ.

Мемлекеттік тілдің жағдайы әрбір ел азаматын толғандары сөзсіз. Медицина университетінің басшылығының, ҚР ДСМ жауапты мамандарының бүгінгі ұйымдастырып отырған конференциясы – осының айғағы.

Осы конференцияда медицина саласында қызмет жасап, еңбек етіп жүрген ғалымдар мен тіл мамандары өздерінің көкейтесті проблемаларын ортаға салып, саладағы ана тілімізге, терминологияға қатысты мәселелердің шешу жолдарын қарастырады деген сенімдемін.

Қазақтың тілі – қазақтың жаны дейтін болсақ, ана тіліміздің мәртебесін көтеріп, қолданыс аясын кеңейтудегі бүгінгідей бас қосудың ұйытқысы болған М.Оспанов атындағы БҚМУ басшылығына, ҚР ДСМ, басқарма басшысы Айжан Алдоңғарова қарындасымызға т.б. атсалысқан жауапты мамандарға Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының мүшелелері атынан ризашылығымды білдіріп, рахметімді айтамын.

Ана тіліміз жайында айтып, сонау 1989 жылдан бері талмай жұмыс істеп келе жатқан ірі қоғамдық үкіметтік емес ұйымдардың бірі – Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы. Қоғам құрылған күннен бастап оның мүшелері – елдің де, үкіметтің де назарын тілдік, елдік мәселелерге ұдайы аударуымен келеді. Еліміздегі азаматтық қоғамның пайда болуына да біздің қоғам бірден бір бастамашы болды десек артық емес. Ең бастысы, Қазақ тілі қоғамы елдің санасына серпіліс әкелді, елдігімізді, ұлттық бірлігімізді айғақтап, Отанға деген, Ана тілімізге деген намысымызды қайрады.

Мемлекеттік тіл – Қазақстан азаматтарын біріктіретін, ұлтты ұйыстыратын фактор екенін баршамыз түсінуіміз керек. Алайда 30 жылда қазақ тілін үйренуге не кедергі, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтудің жолдары қандай деген сауалдар бәрімізді мазалайды.

Кезінде мемлекет басшысының «2020 жылы барлық мектеп бітірушілер мемлекеттік тілді 100% білуі тиіс» деп міндет қойғанын да ұмытқан жоқпыз. Шынын айтсақ, орыс және өзге ұлт мектептерінде қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде оқытылса да, оны білу оларға міндеттелмейді.

Білім берудің негізі мектепте қалыптасатынын ескерсек, еліміздегі әрбір оқушы мектеп бітіргенде мемлекеттік тілді біліп шығуы керек емес пе? Оқуға да, жұмысқа қабылдау барысында да қазақ тілін білу талап етілмейді.

Сонымен қатар, барлық мемлекеттік қызметке үміткерлер мен кадрлық резервтегілерге де, қазақ тілін білу қажет деген талап қойылмайды. Азаматтардың мемлекеттік тілді білуін заң арқылы талап ету – демократияға, адамдардың құқығы мен еркіндігіне қайшы келмейді. Сондықтан да бүгінгі күні қоғам алдына қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту мәселесінің қойылуы маңызды.

Тіл қолданбаса, қажетсіз болса, жойылады. Бүгінгі балдырғандарымыздың қолында басқа тілді контент жүргеніне кімді айыптауға болады? Олар ертең кім болып өседі? Бұл – ұлт қауіпсіздігі мәселесі. Азаматтық қоғамның белсенділігін қажет ететін рухани мәселелердің ең бастысы – мемлекеттік тіл мәселесі.

Елімізде тіл заңының қабылданып, ана тіліміздің мемлекеттік мәртебеге ие болғанына 34 жыл. Бұл аз уақыт емес. Ал біз баяғы бір сарынмен, бір – бірімізге насихат айтудан аспаймыз. Өмірдің өзі бүгінгі күні жаңа форматта заман талабына сай жұмыс жасау керек екенін көрсетіп отыр. Осыған байланысты қоғам алдында

Тілге жанашыр органы ұлғайтып, қарапайым азаматтапды, қоғамдық ұйымдарды, өзге ұлт өкілдері мен жанашыр азаматтардың, әсіресе жастардың басын қосып, жүйелі түрде жұмыс жасау.

Мемлекеттік тілімізді батыл насихаттап, қоғамның жұмысын жандандыру, белсенділігін арттыру, тіліміздің қолданыс аясын кеңейтетін жұмыстарды тиімді жүргізе беру.

Еліміздің «Тіл заңының» қайта қабылдануына қол жеткізу жұмыстары тұр.

Бұл істе Қазақ елін өзінің Отаны санайтын, осы елде тұрып, болашағын Қазақстанмен байланыстыратын әрбір ел азаматы өзінің лайықты үлесін қосады деген сенімдемін. Көршілес елдердегі жүргізіліп отырған саясатты түсінесіздер, ақпарат құралдары арқылы берілетін хабарлар, баспасөз мәліметі, техникалық құралдар арқылы берілетін насихаттар, осының бәрінің негативтік әсері бар екенін түсінеміз. Басқа өңірлермен салыстырғанда облысымызда мемлекеттік тіл саясатына қатысты жұмыстар ұдайы тұрақты түрде жүргізіліп келеді деп айта аламыз. Әсіресе, денсаулық сақтау саласы мен медицина ғылымына қатыста мәселелер жөнінде.

Үлкен ақсақал ағаларымызды, аға ұрпақ өкілдерін

айтпағанда, бүгінгі университетте білім алушы жастардың – студенттердің кешегі өткен уақытта ана тіліміз үшін, медицина ғылымын ана тілімізде сөйлеу үшін аянбай еңбек еткен абзал ағаларымыз туралы біле бермеуіміз мүмкін.

Мысалы, кезінде патанатомия кафедрасының меңгерушісі болған медицина ғылымының докторы, проф. Ахметкалиев Саламат Ғұмаровичтің, терапия саласында ана тілімізде көлемді еңбек жазған, кафедра меңгерушісі проф. Жаманқұлов Қыдырқожа ағамыздың, республикамызға белгілі дәрігер, академик Намаз Ізімбергелі мен Қапа Құдайбергелінің, С.Келімбердиевтің, ҚР ДСМ жанындағы медициналық терминологиялық комиссия жетекшісі, проф. Балаш Түсіпқалиұлының, проф. Қайырғали Ахметовтың, Асқар Досбаевтың, проф. Жакиев Базылбек Сағидоллаұлының және фтизиатрия саласында қызмет жасаған Көпжүрсін Мекебаевтың, Темірғали Қоңырқожаевтың еңбектерін атап айтуға болады.

Соңғы жылдары медицина ғылымының хирургия саласына сүбелі үлес қосқан Ақатаев Нағашыбай Ақатайұлы мен Қайрат Қанатұлы Сабырдың еңбектері де осы салаға қан жүгіртіп, серпіліс әкелді. (Хирургиялық аурулар 2том; Клиникалық хирургия еңбектері)

Медициналық құжаттарды мемлекеттік тілде толтыру, аурудың диагнозын мемлекеттік тілде жазу, ауру тарихын сала бойынша жүйе-жүйемен сауатты жазу мәселелеріне баса назар аударылып, алғаш рет облыстық денсаулық сақтау департаменті (басшы Қ.Қ.Жолмұхамедов) арқылы 1000 дана «Аурулардың халықаралық жіктемесі» алынды (10-қабылданған).

Авторы ҚР үкіметі жанындағы медициналық терминология комиссиясының мүшесі, Астана университетінің профилактикалық медицина кафедрасының проф. Ахметов Мұхамбетия. Мұхамбетия ағамыз Ақтөбе облысына екі рет келді. Денсаулық сақтау саласының қызметкерлерімен, тіл жанашырларымен және осы университеттің профессор – оқытушылық құрамымен кездесіп, жиындар өткізді.

Тағы бір айта кететін жай, 2006-2012 жылдар аралығында ҚР ДСМ тапсырмасы бойынша Министрлікке аударуы қиын немесе аударымға келмейтін денсаулық сақтау саласындағы және медицина ғылымындағы кездесетін термин сөздерді, сөз тіркестерін жіберіп тұрдық. 2017 жылы қазан айында Ақтөбе облысына ҚР ДСМ басқарма басшысы Шакирова Сәуле Бақтиярқызы келіп, медицина мекемелеріндегі ҚР Тіл заңының орындалу барысы туралы тексеру жұмыстарын жүргізді және терминологиялық комиссияның отырысына қатысты.

Ақтөбе облысы денсаулық сақтау басқармасының ұйымдастыруымен 2004-2012 жылдар арасында екі жылда бір рет облыстық тіл конференциясы өткізіліп тұрды. Осы жылдары профессор Жаманқұлов

Қыдырқожа ағамыз бен академик Намаз Ізімбергенұлы ағамыз емдеу мекемелерінің аудармашыларымен, мемлекеттік тілге жауапты мамандарымен жиі кездесіп, медициналық құжаттарды толтыру үлгілерін жасап, оны сауатты мемлекеттік тілде жазу жөнінде және медициналық терминдер туралы сабақтар жүргізді. Ал 2015 жылы облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әсет Әскерұлы Қалиевтің тікелей қолдауымен Атырау, Маңғыстау, БҚО және Ақтөбе облыстарының денсаулық сақтау басқармаларының Алматы, Астана медицина университеттерінің ғалымдарының, ҚР ДСМ жауапты мамандарының қатысуымен І өңірлік тіл конференциясы өткізілді.

Екінші (II) өңірлік ғылыми-практикалық тіл конференциясы 2022 жылдың 21 қазанында М.Оспанов атындағы БҚМУ-да өткізілді. Бұл жиынға да ҚР ДСМ жауапты мамандары, С.Асфендияров атындағы ҚазҰУ, Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының, Алматы қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының, Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе облыстарының басқарма басшылары, осы университеттің ғалымдары, тіл жанашырлары қатысты.

Бұдан басқа осы жылдары қалалық, облыстық «үздік аудармашы», «үздік кәсіпорын» байқауларына, көркемөз оқу шеберлерінің Оралхан Бөкей атындағы байқауларына медицина мекемелерінің қызметкерлері қатысып, жүлделі орындарға ие болғанын айта кету керек.

Міне, осындай игілікті жұмыстарды жалғастырып, мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеріп, тілді қорғау, оның қолданыс аясын кеңейту сияқты жұмыстарды ұдайы жүргізе беру қажет. Емделушілерге берілетін медициналық анықтамалар, мед.эпикриз, зерттеулер қорытындысы, сонымен қатар, клиникалық хаттамалар, медициналық ақпараттық жүйелер мемлекеттік тілде болғанын, берілгенін қалаймыз.

Айта кететін жай, мекемедегі мемлекеттік тілдің жағдайы – мекеме басшысына тікелей байланысты. Басшысының ана тілімізге деген көзқарасы, қамқорлығы және жанашырлығы болса, ондай мекемеде тілдік орта да болады, мемлекеттік тіліміздің мәртебесі де жоғары.

Бүгінгі күні университеттің қазақ бөлімін жылына мыңдаған жас түлектер бітіріп шығады. Осы бөлімді бітірген жас мамандардың өзі – тіл жанашыры емес

пе? Олар медициналық құжаттарды, ауру тарихын, медициналық карталарды сауатты, дұрыс мемлекеттік тілде жазса, нұр үстіне нұр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы Жолдауында: «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді, бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғаза жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек. Сондай-ақ, тіл үлкен саясаттың құралы екенін де ұмытпаған жөн», - деген сөзі бәрімізге ой салады, нақтылы жұмыстар атқаруға бағытттайды деген ойдамын. Сондықтан тілдің жағдайына барынша байсалдылықпен, үлкен жауапкершілікпен қараған жөн.

Ал 2023 жылдың 26-27 сәуір күні Астана қаласында Қазақстан Халқы Ассамблеясының XXXII сессиясында сөйлеген сөзінде мемлекет басшысы Қ.Ж.Тоқаев: «Бірлігіміз бен татулығымыз мықты болса, ешқандай арандатушылық әрекеттердің болмайтынын айта келіп, көпмәдениетті ортаны дамытып, барлық азаматтың мемлекеттік тілді меңгеруі үшін жүйелі қадамдар жасау қажет» деп баса айтты және «барлық азаматтың мемлекеттік тілді меңгеру мәселесі саясатымыздың стратегиялық бағыты боп қала береді. Қазақ тілі – азаматтық интеграцияның тиімді құралы, мәдени-рухани тұтастықтың жарқын көрінісі. Біздің қоғамда мемлекеттік тілді үйрену, оны білуге ұмтылу қалыпты жағдайға айналуы тиіс. Мемлекеттік тілге сұраныс артқанда ғана ол көпшілік кең қолданатын тіл болады» деп айтқан еді.

Халқымыз «Туған тілім – тұғырым» деп бекер айтпаған. Ана тілін білу – саналы азамат болғысы келетін жастарымыздың басты парызы. Ол – туған жерді, Отанды, атамекенді сүйе білу деген сөз.

Қорыта айтқанда, «ана сүті бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді» деген аталы сөзге бас иіп, мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтерейік, ағайын! Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде екенін ұмытпайық!

Әдебиеттер тізімі:

1. «Ана тілі» газеті. 07.04.2021ж.
2. «Ана тілі» газеті. 05.01.2023ж.
3. «Ана тілі» газеті. 11.01.2023ж.
4. «Ана тілі» газеті. 03.05.2023ж. (1-б.)
5. «Ана тілі» газеті. 22.06.2023ж.
6. «Егемен Қазақстан» газеті. 22.08.2023ж.

А.Ш. ТІЛЕСОВА

САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ САЛАМАТТЫЛЫҚ САЛАСЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТЕРМИНДЕР

Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті, Астана, Қазақстан

XX ғасырдың бас кезі қазақ терминологиясының қалыптасуындағы айрықша кезең болып табылады. Бұл кезең 1910 жылдар мен 1930 жылдардың бас жағына дейінгі аралықты қамтиды. Өйткені дәл осы мерзім ішінде қазақтың білікті ұлттық кадрлары қалыптасып, білім беру мен ғылымды ұлт тілінде дамытудың негізі берік қаланған еді. Аталған уақыт ішінде ғылымның әртүрлі салалары бойынша жазылған А.Байтұрсынұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Х.Досмұхамедұлы, Ж.Күдерин, М.Дулатұлы, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы, С.Қожанұлы, Е.Омарұлы, Т.Шонанов, Н.Төрешұлы, Қ.Жәленов сияқты қазақ зиялыларының еңбектері жарық көрді. Ғылымның көптеген салалары бойынша қазақ тіліндегі төл оқулықтардың жазылуы және өзге тілдерден аударылуы салалық терминологияның қалыптасуына жол ашты. Сол кезеңге дейін термин жасаудың белгілі бір орныққан дәстүрі, басшылыққа алатын тұрақты принциптері болмағандықтан, ондай күрделі міндеттерді атқару ісі қазақ оқымыстыларының өздеріне жүктелді. Уақыттың өзі алға тартып отырған жауапты міндетті өз деңгейінде атқара білген өресі биік тұлғалар тоталитарлық жүйе тарапынан қуғын-сүргінге ұшырап, ақыры жойылғаны белгілі [1].

Кеңес дәуірінде орыс тілінен енгізілген терминдер сол қалпында өзгеріссіз қолданылып келді, соған байланысты қазақ тіліндегі терминдердің үлес салмағы да аз болды. Ұлттық терминология келбеті жоғала бастады. Еліміз егемендік алған алғашқы жылдардан бастап барлық салада мемлекеттік тілдің қолданысы аясы кеңейіп, ісқағаздары мемлекеттік тілде жүргізіле бастады. Міне, осы кезеңнен бастап ұлттық терминологияны реттеу, жүйелеу қолға алынып, әрбір салада мемлекеттік тілге аударылған термин сөздер қолданысқа енгізіле бастады. Бұқаралық ақпарат құралдарында, жалпы қоғамдық ортада мемлекеттік тілдің қолданысы артып, ұлттық терминологияны дамыту үшін мүмкіндіктер ашылды.

Санитариялық-эпидемиологиялық саламааттылық саласында аударма ісі бойынша еңбек етіп келе жатқан 20 жылға жуық қызметімде қолданып жүрген терминдерге саралап көз жүгіртетін болсам, уақыттың өзі терминдерді електен өткізгендей керектісін қолданысқа енгізіп отырғанын байқаймын. Алғашқы жылдары жұмыс барысында сөздіктер ауадай қажет болды, көптеген ғалымдарымыздың, зерттеушілеріміздің, тіл саласындағы мамандардың осы салаға байланысты қазақшаға аударған термин сөздері, сөздіктері жарыққа шығып кеңінен қолданыла бастады. Бұл сол кездері санитариялық-эпидемиологиялық сала үшін ерекше серпін берген еді. Әлі де жыл сайын жаңа терминдер

енгізіліп қолданылуда.

Санитариялық-эпидемиологиялық саламааттылық саласындағы бұрынғы және қазіргі қолданыстағы бірнеше термин сөздерге тоқтала кетейін.

Мысалы, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексында және басқа да нормативтік құқықтық актілерде, санитариялық қағидаларда кездесетін «сооружение» деген сөз бұрын «имарат», «құрылыс» деп аударылып келді, кейіннен 2020 жылы Терминологиялық комиссия «құрылыс-жай» деп бекітіп, қолданысқа енгізілді. Сонымен қатар, Терминологиялық комиссия бекітпеген, әртүрлі қолданылатын термин сөздер де бар, мысалы, «приточно-вытяжная вентиляция» деген сөз «сыртқа тарату сору желдеткіші», «ағынды-сорғылы желдету» деп, «сибирская язва» деген сөз «күйдіргі», «сібір жарасы» деп қатар қолданылып жүр.

Қазіргі кезде санитариялық-эпидемиологиялық саламааттылық саласында қолданылатын жиі кездесетін бірнеше термин сөздерге мысал ретінде мыналарды ұсынамын:

Орысша	Қазақша
Медсестра [2]	мейіргер
Мазки [3]	жағындылар
Соскобы [4]	қырындылар
Смывы [5]	шайындылар
Переносчики [6]	тасымалдаушылар
Кальян [7]	қорқор
Водослив [8]	суағар
Водоснабжение [9]	сүмен жабдықтау
Воды смывные [10]	шайынды сулар
Воды сточные [11]	сарқынды сулар
Второй полдник [12]	бесіндік ас
Избыток [13]	артықшылық, мол
Избыточная масса тела [14]	дененің артық салмағы
Капельница [15]	тамызғы
Комбижир [16]	құрама май, құрама тоң май
Кормовой привкус молока [17]	сүттің жемшөп татуы
Орошение [18]	суару
Орошение раны [19]	жарақатты сулау
Отток [20]	ағып шығу
Венозный отток [21]	веналық қанның ағып шығуы
Санитарно-эпидемиологическая экспертиза [22]	санитариялық-эпидемиологиялық сараптама
Лекарственные средства [23]	дәрілік заттар
Медицинские изделия [24]	медициналық бұйымдар

Осы келтірілген мысалдың ішінде «мейіргер» деген термин сөз көбінесе «мейірбике» болып қатар қолданылып жүр, себебі «мейірбике» деген термин «мейіргер» деген терминге қарағанда бұрын қолданыста болып кеңінен таралды. Керісінше «кальен» деген термин «қорқор» деген аудармасымен тез қолданысқа еніп кетті.

Жалпы алғанда, санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылық саласында қазақ тіліне аударылған термин сөздер еш қиындықсыз қолданысқа енгізілуде. Жыл сайын, жаңа термин сөздер Терминологиялық комиссияның қарауына ұсынылып отырады. Терминологиялық комиссия бекіткен термин сөздер кеңінен қолданылып, насихатталады. Алдағы уақытта да жаңадан бекітілген терминдерді жатсындай әрбір

салада кеңінен қолдануға жағдай жасасақ, ұлттық терминология одан әрі дамиды деген ойдамыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Шерубай Құрманбайұлы, «Қазақ терминологиясы», Алматы, 2014 «Сардар» Баспа үйі, 92-бет. V. 2-тарау.
2. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексі
3. Ахметов М. «Тағам гигиенасы терминдерінің орысша-қазақша сөздігі»: Алматы, «Сөздік-Словарь», 1999.
4. Ахметов М. «Медициналық терминдер сөздігі (40 мыңға жуық термин)» Алматы, «Дайк-Пресс», 2009.

Г.М. ТОКТЫМАНОВА

ХИРУРГИЯ САЛАСЫ БОЙЫНША ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТЕРМИНДЕРДІҢ САПАСЫ

Қазақстан-Ресей медициналық университеті, Алматы, Қазақстан

Адам қызметінің арнаулы салаларының қайсысын алсақ та, сол салалардың әрқайсысының өзіне тән ұғымдар жүйесі болады. Ондай арнаулы ұғымдардың атаулары да ұғымдар жүйесінің ерекшеліктерін көрсетіп тұруы қажет. Ғылым мен техника дамыған сайын мыңдаған жаңа ұғымдар пайда болып жатады. Олардың әрбірі өзінің таңбалаушысын тауып, тілдік тұрғыдан да жүйелеуді қажет етеді. Мұндай қажеттіліктерді өтеп, термин жасау, қалыптастыру, терминологияны жүйелеу, реттеу жұмыстарын дұрыс жолға қою, жалпы ғылыми-техникалық терминологияның даму бағытын белгілеу – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелері болып отыр. Бұл тәрізді ауқымды да күрделі мәселелердің шешімін табудың оңай емес екендігін уақыттың өзі көрсетуде. Соңғы он шақты жыл көлемінде ғылыми жұртшылық термин мәселесіне айрықша назар аударып, баспасөз беттерінде көпшіліктің жаппай пікір білдіріп жатқандығына қарамастан қазақ терминологиясы өзінің даму бағытын айқындай алмай отыруы – соның көрінісі болып табылады. Сондықтан терминологияның шешімін таба алмай келе жатқан қандай мәселесін болса да жалпы сөз студенттері, ғылыми тұрғыдан арнайы зерттеу арқылы ғана шешуге болады. Ұлт тілінде термин жасап, ғылыми-техникалық терминологияны ұлт тілі негізінде қалыптастыру үшін термин шығармашылығында іске қосылатын амал-тәсілдер мен термин жасауда пайдаланылатын ішкі көздерді айқындап, олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін көрсетудің маңызы айрықша.

Білім беру кезеңінде тіл ерекше маңызға ие. Арнайы білім мен дағдыларды игеру, таңдалған кәсіптің тілін меңгермей жүзеге асыру мүмкін емес. Осыған байланысты маман даярлаудың маңызды факторы кәсіби тілді қалыптастыру болып табылады. Мұның бәрі дәрігердің, болашақ ғылыми қызметкердің жеке басының қалыптасуына әсер етеді, кәсіби жетілу перспективасына ықпал етеді. Шын мәнінде, әр пән өзінің терминологиясының көлемін жүйелі түрде арттырады.

Ғылымның дамуын ескере отырып, медициналық терминдердің бір бөлігі ескіреді және қолданыстан шығады, басқалары мағынасын өзгертеді, ал жаңа ғылыми ұғымдарды білдіру үшін жаңа терминдер пайда болады.

Медициналық терминология-бұл әртүрлі мамандықтағы дәрігерлер сөйлесетін тіл. Медициналық терминологияда құбылыстың мәнін көрсететін, көптеген мамандар қабылдаған және бәріне түсінікті анықтамаларды қарастырған жөн. Медицинадағы осы немесе басқа құбылыстың семантикалық мағынасы әртүрлі

түсіндірулерге жол бермейтін нақты терминмен бекітілген кезде ғана жалпыға ортақ болады.

Хирургиялық стоматология жалпы стоматология саласының тіс хирургиясы мен ауыз қуысы хирургиясының бірігу негізінен дамыса, ал жақ-бет хирургиясы жалпы хирургиядан бөлініп қосылды.

Бұл медицина саласының қосылуына бір жағынан жақ-бет аймағында орналасқан мүшелер мен тіндердің анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктерінің біртұтас болуы үлкен себебін тигізсе, екінші жағынан бұл маңда кездесетін дерттердің клиника-диагностикалық әдістерінің бірлестігімен қатар емдеу тәсілдерінің ерекшеліктері дәнекер болды.

Сонымен, қазіргі кезде хирургиялық стоматология және жақ-бет аймағының хирургиясы – жалпы хирургия мен стоматологиядан тұратын медицина ғылымының дербес саласы болып есептелініп, жақ-бет аймағында орналасқан хирургиялық дерттермен қатар, бейбіт және соғыс уақыттарындағы жарақаттарын, ақаулар мен деформацияларын зерттеп, олардың алдын-алу, асқинуларын, диагностикалық әдістерін, хирургиялық емдеу жолдарын одан әрі жақсарту мәселелерін қарастырады.

Хирургиялық стоматология және жақ-бет аймағының хирургиясы басқа стоматология салаларымен тығыз байланысты. Мысалы, көптеген стоматологиялық дерттерді терапевтік, ортопедиялық, ортодонтиялық және хирургия әдістерін қолдану арқылы диагноз қойып кешенді емдеу жүргізіледі.

Сонымен қатар хирургиялық стоматология және жақ-бет аймағының хирургиясы жалпы медицинаның емдеу, хирургия, оториноларингология, офтальмология, неврология, рентгенология және радиология салаларымен тығыз байланысты. Бұл жағдайда қазіргі кездегі биология, физика, химия ғылымдарының және қалыпты, фонографиялық патологиялық анатомиялар, микробиология, фармакология т.б. медицинаның негізгі салаларының, жетістіктерін өзінің дамуына тірек етеді.

Хирургиялық терминология – бұл хирургия ұғымдарын ғылым және кәсіби қызмет ретінде белгілейтін арнайы атаулардың жиынтығы. Хирургиялық терминдер ғылыми танымнан алынған ұғымдарды білдіреді, яғни олар медициналық (және қазірдің өзінде хирургиялық) ғылым тілінің танымдық белгілері ретінде әрекет етеді.

Хирургиялық терминдердің көптеген корпусының ішінде қатаң терминологиялық функцияны орындайтын, терминдер ретінде әрекет ететін тіл бірліктері ерекшеленеді. Хирургиялық термин – медициналық

және хирургиялық ұғымның тілдік белгісі.

Қазіргі хирургия терминологиясы – ең күрделі терминологиялық жүйелердің бірі. Хирургиялық терминологияның қалыптасуының ғасырлық тарихы хирургиялық лексиканың үнемі өзгеріп, жетілдіріліп, жаңа шетелдік терминологияны енгізіп отыратындығын дәлелдейді. Әрине, бұл хирургияның негіздерін енді ғана игере бастаған студенттерден қорқыныш пен сенімсіздік тудырады. Өйткені, хирургиялық медициналық терминдердің көптігі (мамандардың пікірінше, қазіргі заманғы медицинаның терминологиялық қоры 500 мың медициналық терминдерден, 20-дан астам түрлі тілдерден асады) студенттерді хирургияны оқу процесінде шатастыруы мүмкін. Бұрын, терминдер мен ұғымдар әлдеқайда аз болған кезде, хирург дәрігер өзіне белгілі терминологияны жақсы басқара алатын.

Медицина университетінің студенті, резидент, хирург-дәрігер шет тіліндегі терминдерден тұратын кәсіби лексиканы қолдана отырып, қиындықтарға тап болуы мүмкін. Мысалы, аллопластика, аллопластика (грек тілінен. *allos* басқа, *plasso* мүсіндеу), асептика, асепсис (грек тілінен. *a* теріске шығару, *septikos* шірік тудыратын шірік), аэроцистотомия, *aërocystotomia* (грек тілінен. *aër* ауа, *kystis* көпіршігі, *tomia* диссекция, кесу), васкуляризация, васкуляризация (лат. *vasculum* кішкентай ыдыс).

Хирургия, медицина саласы бойынша жазылған терминдер А.Р. Рақышев дайындаған «Қазақша-орысша-латынша анатомиялық терминдер сөздігі» I бөлімі 1963 жыл, екінші бөлігі 1966 жыл, «Анатомия терминдерінің сөздігі» Алматы, 1994 жылы жарық көрді. 2009 жылы Алматыда «Дайк-Пресс» баспасынан жарық көрген, 40 мыңға жуық терминдерді қамтитын Ахметов Мухамедия дайындаған орысша-қазақша-ағылшынша медициналық терминдер сөздігінің қазіргі таңда хирургия саласында қолданысқа ие. Қазақ тіліне аударылған кейбір медициналық терминдер, қайта қарастыруды да талап етеді. Осы тұжырымға мысал ретінде:

Кастрация –піштіру(кастрация)-деп ұсынылады

(Ахметов М. Медициналық терминдер сөздігі, Алматы, 2009). Кастрация (лат. *castratio*-оскопление, кастрация) деп жазылған. В большом энциклопедическом словаре медицинских терминов под редакцией профессора Э.Г.Улумбекова (Москва «ГЭОТАР-Медиа», 2012). Кастрация деген сөздің мағынасы қалай піштіру болатыны түсініксіз. Піштіру (Обрезание) деген сүндетке отырғызу деген сөздің баламасы. Немесе бронхит –бронх қабыну деп берілген. Бронхит-бронхтың ішкі шырыш қабатының қабынуы болу керек. Мұндай сөздерді қазақша жазғанда ерекше көңіл аударылуы қажет.

Гнойник –іріңдік, гнойничковый іріңді бөртпелі, ірің бөртпелі, гнойничок –іріңді бөртпе, пуштула. Бұл жерде қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс айтудың өзі қиын.

Катеризация- катетрлеу, катетр салу, түтік сүңгі салу, катеризациялау. Катетрлеу мен катетеризация екеуі неге бірдей берілген? Неге катетр салу болады, неге катетр енгізу болмайды?

Міне, сондықтан аталған сөздікті қайта қарап, толықтырып қайта шығару қажет. Қазақстанда медицина саласы бойынша термин жасау мәселесін қолға алып, хирургия саласы бойынша қазақ тіліндегі терминдердің сапасын арттыру керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Макаренко ЕД. Отличие терминов хирургической терминологии от других специальных лексических единиц. Международный журнал экспериментального образования. 2013;4:186-189.
2. Абрамова ГА. Медицинская лексика: основные свойства и тенденции развития. М.; Краснодар, 2003.
3. Абдуллаева МЖ, Сабурова ЮТ, Рахимова ЗМ. Переводы заимствованных медицинских терминов. Молодой ученый. 2015;1084-1087.
4. Петрова ВГ, Ермичева Латинская терминология в медицине. М: Астрель, АСТ, 2009;11-16 8.
5. Циммерман ЯС. Терминологические проблемы в кардиологии и других разделах медицины. Клиническая медицина. 1998;58-62.

Ш.Ш. УТАРГАЛИЕВА, М.М. САБИТБЕКОВА, Л.Ж. МОЛДАШЕВА, Ж.Қ. ҚОЖАБЕКОВА,

КОГНИТИВТІ ЛИНГВИСТИКА ЖӘНЕ ТЕРМИНАНЫМ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Ғылым мен техниканың жаңарған ғасырында әр салада заман қажеттіліктеріне орай термин жасау қалыптастыру, терминологияны жүйелеп, жолға қою, оның даму бағытын айқындау – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін көкейкесті мәселелерінің бірі. Өзге де ғылымның салалары сияқты қазақ терминологиясының өзіндік қалыптасу, даму тарихы бар. Оны қазақ қоғамының саяси-экономикалық, рухани-мәдени, тарихи-әлеуметтік жағдайларынан бөліп қарастыруға болмайды. Когнитивті лингвистикадағы терминтаным мәселелерін қарастырмас бұрын терминтаным ұғымына тоқталайық.

«Терминоведение» терминін 1967 жылы 30 мамыр мен 2 маусым аралығында Ленинградта өткен Екінші бүкілодақтық терминология мәселелеріне арналған мәжілісте В.П. Петушков ұсынған. Содан бастап бұл терминді одақтың көптеген тілші ғалымдары өз еңбектерінде қолдана бастады [1, 4 б.].

Терминдердің лингвокогнитивтік аспектісін теориялық тұрғыдан зерттеу нысанына алмас бұрын когнитивті лингвистика ұғымын еске түсірейік. Когнитивтік лингвистика – тілдің танымдық теориясы мен танымдық қызметін зерттеп, адамзат білімінің түзілуі мен оның қызмет болмысын қарастырады. Когнитивтік лингвистика – «тілді жалпы когнитивтік механизм ретіндегі когнитив құрал, яғни, ақпарат етіп көрсету, репрезентациялау және трансформациялауда маңызды рөл атқаратын таңбалар жүйесі ретінде қарастыратын лингвистикалық бағыт» [2.53 б.].

Соңғы жылдарда когнитивті тіл білімінің дамуы аясында когнитивті терминтануға байланысты көптеген еңбектер атала бастады. Соңғы бес жылдықта О.Жұбаева, С.Исакова, Г.Алмұханова сияқты отандық зерттеушілер терминдердің когнитивтік сипатын зерттеп, осы бағыттың дамуына өз үлестерін қосты. Дегенмен, терминнің танымдық сипатын қарастыруда, зерттеушілер когнитивті терминтану когнитивті лингвистика мен антрополингвистика негіздеріне сүйенеді, себебі ол, адам миының жұмыс механизмін зерттеу бойынша, ақпаратты қайта өңдеу және оны қабылдау үдерісінің ерекшелігі тұрғысынан көпқырлы зерттеулер жасауға мүмкіндік береді деген фразалармен шектеледі. «Терминтануда бұл маңызды мәселеге айналады, өйткені, қандай да бір термин құрамындағы концептіні құрылымдағанда жаңа бірліктердің пайда болуын немесе оларды барынша ой елегінен өткізіп барып жасауға мүмкіндік пайда болады» [3, 20-29 б.]. Бұл жағдайда когнитивті терминтану терминологиялық концептілерді зерттеу деген мағынада ұғынылады.

Ғалым А.Азаматованың пікіріне сүйенсек, дәстүрлі терминтану тілді таңбалық талдау саласынан шыға

алмады, ал когнитивті лингвистикадағы терминтанымдық көзқарас оның шекарасы мен пәнаралық байланыстарын үлкейте отырып, терминтанымды «ашық» ғылымға айналдыра алды деген тұжырымға саяды. Аталған құбылыс өз кезегінде заманауи лингвистиканың антропоцентристік парадигмасына қатысты «экспансионизм» ұғымына ие болды.

Антропоцентристік парадигма өз шеңберінде когнитивтік лингвистика, лингвопсихология, лингвомәдениеттану сияқты жаңа бағыттарды негізге алады. Антропоцентристік шеңбердегі зерттеулер когнитивтік құрылымдарға ерекше мән беретінін мына тізімнен көреміз: қабылдау, ойлау, тіл, есте сақтау, әрекет ету т.б.

Қоршаған дүние – адам мен оның ортасының өзара байланысы, ал дүние белгісі – адам мен оның ортасы жайлы ақпараттарды өңдеудің нәтижесі. Дүние бейнесі – «тұрақсыз, үнемі өзгермелі құбылыс». Қазіргі таңда ғаламның тілдік бейнесі мәселесі Е.С.Кубрякова, В.И.Постовалова, Ю.М.Караулов, В.Н.Телия, А.А.Уфимцева, Э.Д.Сүлейменова және т.б. ғалымдар еңбектерінде қарастырылып жүр.

Әрбір ұлттың тілінде, әлем туралы түсініктер, ұғымдар түрлі тілдік мәліметтер арқылы таңбаланып, қоршаған әлемнің тілдік бейнесі, адамдар санасындағы дүниенің логикалық бейнеленуімен ұқсастық болады. Құбылыстар арасындағы ұқсастықтар ұғым категорияларын жасайтын лексемалардың толығына әсер етеді. Сол ұғым түрлерінің тұтастай алғандағы атаулары тілдің негізін құраса, әлемнің ондағы құбылыстардың тілдегі бейнесінен ұлт ерекшеліктерін танып-білуге болады.

Зерттеуші Э.Сүлейменова ғаламның тілдік бейнесі, көбінесе, «түрлі дүниетаным мәселесі ретінде қаралады. Бүгінгі таңда ғаламның тілдік бейнесі ұғымында екі түрлі сипат бар. Оның біріншісінің нақты тілдерге және олардың арасындағы айырмашылықтарға қатысы жоқ болса, екіншісі нақты ұлт тілдерінің қатысуымен қалыптасқан лексикалық аталымдар жүйесі тәрізді тілдер арасындағы айырмашылықтарға бағыт – бағдар жасаушы ғаламның тілдік бейнесімен байланысты» деген тұжырым жасайды [4.131 б.].

Ғалымның зерделеуінше, ғаламның тілдік бейнесі негізгі екі қызмет арқылы айқындалады: 1) ғаламның негізгі бейнесін негізгі элементтер білдіреді; 2) тілдік тәсілдердің көмегімен ғаламның ғылыми бейнесі түсіндіріледі [4.135 б.].

Дәстүрлі терминтанымға қарағанда когнитивті терминтаным ең алдымен, «адам тәжірибесі мен қызмет ерекшелігін көрсететін тілдік құрылым мен менталды құрылым қатынасы мәселесін, тілдік

білімнің қарапайым және ғылыми, ассоциативті-бейнелі, рационалды-логикалық сияқты әртүрлі типтерінің көрінісін қарастырады» деп тұжырымдайды ғалым Е.И.Голованова [5, 5 б]. Дегенмен лингвистиканың әртүрлі типтерінің көрінісі дәстүрлі терминанымда да бейнеленеді. Қарапайым және ғылыми білім арасындағы байланыс сөз бен термин арақатынасы мәселесі аясында, термин жасаудағы тілдік метафора мен метонимияның рөлі, сонымен қатар, терминдердің тек ғылыми, оқу ғана емес, көркем әдебиетте де бейтерминдену және қолданыс үдерісінде қарастырылды.

Расымен де, когнитивтік лингвистика терминдерді зерттеуде жаңа бағыттарға жол ашады. Өйткені бұған дейінгі дәстүрлі семантикалық жүйелі – құрылымдық парадигмалар жоққа шығарылмай, қайта керісінше, терминологиялық процестерді жаңа тұрғыдан зерттеп ұғынуға ұмтылыс жасайды. Когнитивтік лингвистика жалпы лингвистиканың аумағынан шыға отырып, философия, психология, логика, әлеуметтану пәндерімен байланыс жасап, осы саладағы ғылымның ауқымын кеңейтеді.

Адам санасында тілдік және тілдік емес білімдер жүйесінің құрылымын, сондай – ақ тілдік және тілдік емес ақпараттарды игеру, өңдеу, қолдану тәрізді әрекеттердің жүзеге асуы мен когнитивтік құрылымдарды когнитивтік лингвистика қарастырады. Когнитивтік лингвистиканың құзырына тілдік таңба арқылы кодқа салынған ақпараттарды ашу немесе ақпараттарды кодқа салу тәрізді әрекеттер кіреді.

Ғалым С. Воркачаевтың: «Тіл мен таным процестерінің арақатынасын көрсету тіл қолданысының когнитивтік жүйесіне сүйенеді. Тіл мен ойлаудың, тіл мен танымның арақатысы адам баласының интеллектуалды өмірінде құндылықтар қаншалықты рөл атқаратынын белгілеп береді. Тіл мен таным арақатысын сипаттайтын ұғымдар белгілі бір құрылымға түседі» [6. 65 б.] тіл мен таным, тіл мен ойлау мәселесі жөнінде пікірі осылай тұжырымдалады.

Ғаламның тілдік, ғылыми бейнесі этностың тәжірибесі мен біліміне байланысты әр этноста әр түрлі болады. Себебі тілдік таңбаның таңбалаушы қызметі сыртқы дүниемен тікелей байланысында емес, адамның өмірінен көрген – білген, көңілге түйген білімінің негізінде болып табылады. Әр халықтың тәжірибесі

әр түрлі болғандықтан, ғаламның тілдік бейнесі мен ғылыми бейнесі де, адамдар тәжірибесі де әр түрлі болуы – заңды құбылыс. Осы ретте ғаламның бейнесі, ғаламның тілдік бейнесі, ғаламның ғылыми бейнесі, ұғым, концепт сияқты термин – ұғымдардың маңызы ерекше.

Қорыта келгенде, когнитивті лингвистикадағы терминаным мәселелері дәстүрлі терминаным идеяларын дамыта отырып, оларды антропоцентрлік үлгі бойынша жаңаша сипатта қарастыруға бағытталады. Терминанудағы танымдық көзқарастарды зерттеу барысында ең алдымен дәстүрлі терминанымдағы жетістіктер басшылыққа алынғаны дұрыс. Себебі, термин мен ұғым, термин мен концепт, ұғым мен концепт арақатынасы, термин кәсіби ойлау нәтижесі тұжырымы, терминдік жүйенің динамикалық сипаты, терминнің ерекше семиотикалық кеңістіктегі белгілі бір білім мен іс-әрекет саласындағы күрделі таным мен қарым-қатынастың нәтижесі екендігі, ұғым мен концепт арасында үздіксіз байланыстың болатындығы дәстүрлі терминанымда жан-жақты қарастырылды.

Қазіргі қазақ тілінде терминаным мәселелері жан-жақты зерттеліп жаңарып отыр. Көптеген жаңа терминдер жасалып, когнитивтік тұрғыдан зерттеулерге іліне бастады. Бұл – ұлт тілінің ғылым саласындағы қызметі дамуының бір көрінісі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Құрманбайұлы Ш. «Терминану» (Оқу құралы). Алматы, 2006 ж.
2. Кубрякова ЕС, Демьянков ВЗ, Панкрац ЮГ, Лузина ЛГ, Краткий словарь когнитивных терминов. Под общей ред. Е.С.Кубряковой. М.: Наука., 1996;340 б.
3. Закирова ЕС, Швецова ЕВ. Анализ термина с позиции когнитивного подхода. Известия МГТУ «МАМИ». Серия Гуманитарные науки. 2013;1(15).Т.6:27-3166.
4. Сүлейменова ЭД. Понятие смысла в современной лингвистике. Алматы: Мектеп, 1989;152.
5. Голованова ЕИ. Введение в когнитивное терминоведение: учеб. Пособие. М.: Изд-во «Флинта»: «Наука», 2011;224б.
6. Воркачаев СГ. Аксиология интеллекта в языке, Флинта, 2017.

ХИРУРГИЯҒА ҚАТЫСТЫ АНАТОМИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІ БІРІЗДЕНДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті, Алматы, Қазақстан

Соңғы уақытта көптеген анатомиялық және клиникалық терминдердің ұтымды баламалары қолданысқа енді. Терминдердің басым көпшілігі біріздендіріліп қалыптасы. Мысалы: асқазан (қарын емес), соқыр ішек (бүйен емес), тік ішек(көтен ішек емес), сонымен қатар: шүйде сүйек, тоқпан жілік, ортан жілік, асықты жілік, сегізкөз және т.с.с. терминдер қалыптасып кетті.

Сонымен қатар, шығып жатқан еңбектердегі біраз терминдер әлі күнге дейін, әрқалай беріліп жүр. Мысалы: тонкая кишка – аш ішек, жіңішке ішек, ащы ішек; толстая кишка – тоқ ішек, жуан ішек; двенадцатиперстная кишка – он екі елі ішек, ұлтабар; желчный пузырь – өт қуық, өт қалта, өт қапшығы, өт қап, өтқабы гортань - көмей, көмекей; сезенка - көкбауыр, талақ; мочевой пузырь – несеп қуық, қуық, зәр қуық және т.с.с.

Терминологияның даму барысында, белгілі бір анатомиялық құрылымды немесе медициналық түсінікті (ауруды) белгілеу үшін әртүрлі терминдердің қолданылуы - әлемнің жоғары деңгейде дамыған елдеріне де (неміс, орыс т.б.) тән құбылыс. Бұл жөнінде Ресей медициналық Ғылымдар Академиясының академигі В.В.Куприяновтың: «Орыстың анатомиялық терминологиясын жасау, қалыптастыру, өте қиын жұмыс болды. Оған 100 жылға созылған уақыт кеткеніне таңдануға болмайды» - деген пікірінің (1981 ж) біздерге де тікелей қатысы барын атап өткен жөн.

Сонымен, медицина саласындағы қазіргі кезеңде, қазақ тілінде қолданылып жүрген терминдерді 3 топқа бөліп қарастыруға болады.

I топқа қазақ тіліндегі қолданылуы талас тудырмайтын: омыртқа, жауырын, бұғана, қабырға, өкпе, бүйрек, жүрек және т.с.с. терминдер жатады.

II топты қазақ тілінде әртүрлі беріліп жүрген: асықты жілік, үлкен жілік, үлкен жіліншік (большеберцовая кость); төбе сүйек немесе шеке сүйек (теменная кость) ; аш ішек, ащы ішек, жіңішке ішек (тонкая кишка); тоқ ішек, жуан ішек(толстая кишка); өт қап, өт қапшық, өт қалта немесе өт қуық(желчный пузырь); көмей, көмекей; көкбауыр, талақ және т.с.с. атаулар түзеді.

III топ – латын, грек тілдерінен өзгертілмей алынған: аксон, апоневроз, аппендицит, артерия, вена, дендрит, диафиз, диплоэ, диск, латералды, медиалды, мениск, метафиз, нейрон, остеон, перитонит, эпифиз және т.с.с. атаулардан тұрады.

Қазіргі кезеңде медицинаның әр салаларының терминдерін іздестіру жұмыстары негізінен аяқталып, оларды біріздендіру жұмыстары жүргізілуде.

Біріздендірудің бір жолы - синоним атаулардың

санын азайту. Мысалы: аш ішек әлде жіңішке ішек деп атаймыз ба? Осы мәселе Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері шешімін таба алмай келе жатыр. Біз халық қолданатын аш (жіңішке емес) және тоқ (жуан емес) ішек атауларын қабылдап, қалыптастыратын уақыт келді деп есептейміз.

Жалпы біріздендіру мәселесін Халықаралық анатомиялық номенклатураға (Нью-Йорк 1998, Мәскеу 2003) сәйкестендіре отырып шешу қажет.

Бұл номенклатурада: басқа тілдерде терминдер тізімін жасау үшін тек латын тілін негізге алу керек. Ағылшын тіліндегі эквиваленттері, ағылшын тілінің көп таралуына байланысты берілген. Ағылшын тіліндегі терминдер басқа тілдердегі терминологияға негіз болу қызметін атқара алмайды - деп атап көрсетілген.

«Осы халықаралық анатомиялық номенклатураға сәйкес: қуық, қап, қапшық, қалта терминдерінің, латын тіліндегі қандай терминдерге сәйкес келетіндігін қарастырып көрелік.

Латын тіліндегі «vesica» термині орыс тілінде «пузырь» – деп баламаланады. Қазақ тіліндегі терминдердің ішінде бұл атауға «қуық» - термині сәйкес келеді.

Сонда «vesicula – пузырек – қуықша» болады.

Латын тіліндегі «bursa» – орыс тілінде «сумка» - деп баламаланған. Бұл атауға «қап» - термині сәйкес келеді.

Сол сияқты «capsula – капсула» терминдерінің қазақ тіліндегі баламасына – «қапшық» сәйкес келеді.,

Ал, «recessus» термині, орыс тілінде «углубление» – деп баламаланады. Бұл атауға қазақ тіліндегі «ұңғыл» - термині сәйкес келеді. Мысалы: «recessus iliocacalis superior – верхнее илеоцекальное углубление – мықын – соқыр ішектік жоғарғы ұңғыл».

Бірақ, жұтқыншақтағы: «recessus piriformis» термині орыс тілінде «грушевидный карман» – деп баламаланып кеткен. Біз бұрынғы кездері, қазақ тіліндегі терминдерді орыс тіліндегі нұсқасына сәйкес баламалап келгендіктен, бұл термин қазақша «алмұрттәрізді қалта» - болып қолдананылып жүр. Жоғарыда аталғандай бұл мәселені Халықаралық анатомиялық номенклатураға сәйкестендірсек: «алмұрттәрізді ұңғыл» - болып шығады, бұл құрылымның нақтылы пішіні, шынында ұңғылтәрізді болып келеді.

Осы көрсетілген тұжырымдардың негізінде, латын тіліндегі терминдерге қазақ тіліндегі сәйкес келетін баламаларын көрсетейік:

Vesica urinaria - мочевой пузырь - несеп қуық;

Vesicula seminalis - семенной пузырек - шәует қуықшасы;

	Берілген терминдер (Терминдер алынған, оқулықтар мен сөздіктер тізімі дерек көздерінде көрсетілген)	Ұсынылады	Түсіндірме
1	Беткей алақандық доға	Алақандық беткей доға	Arcus palmaris superficialis, поверхностная ладонная дуга
2	Жалпы сүйекаралық артерия	Сүйекаралық жалпы артерия	A..interossea communis, общая межкостная артерия
3	Ішкі кеуде артериясы	Кеуделік ішкі артерия	A.thoracica interna, внутренняя грудная артерия.
4	Лимфа түйіндері	Лимфалық түйіндер	Nodi lymphatici, лимфатические узлы
5	Жалпы мықын артериясы	Мықындық жалпы артерия	A.iliaca communis, общая подвздошная артерия
6	Сыртқы мықын артериясы	Мықындық сыртқы артерия	A.iliaca externa, наружная подвздошная артерия
7	Ішкі мықын артериясы	Мықындық ішкі артерия	A.iliaca interna, внутренняя подвздошная артерия
8	Жоғарғы бөксе артериясы	Бөкселік жоғарғы артерия	A.glutea superior, верхняя ягодичная артерия
9	Төменгі бөксе артериясы	Бөкселік төменгі артерия	A.glutea inferior, нижняя ягодичная артерия
10	Сол (оң) асқазандық артерия	Асқазандық сол (оң) артерия	A.gastrica sinistra(dextra), левая (правая) желудочная артерия
11	Жалпы бауыр артериясы	Бауырлық жалпы артерия	A.hepatica communis
12	Меншікті бауыр артериясы	Бауырлық меншікті артерия	A.hepatica propria
13	Жапқыш артериясы	Жапқыштық артерия	A.obturatoria, запирающая артерия.
14	Сан артериясы	Сандық артерия	A.femoralis, бедренная артерия.
15	Қақпа венасы	Қақпалық вена	Vena portae, воротная вена

Vesica fellea - желчный пузырь - өт қуық.

Bursa hepatica - печеночная сумка - бауырлық қап;

Bursa pregastrica - преджелудочная сумка - асқазан алдылық қап;

Capsula articularis - суставная капсула – буын қапшығы.

Recessus piriformis - грушевидный карман - алмұртәрізді ұңғыл (қалта).

Осы көрсетілген мысалдардың негізінде - өт қап, өт қабы, өт қапшық, өт қалта – деген атауларды қолданбай, өт қуық терминін қалыптастырған дұрыс болар еді, бірақ халық арасында «өт қап» - атауының көп тарап кеткенін ескеріп, осы терминді қолданып жүрміз.

Біраз авторлардың пікірінше «қуық» - тек «мочевой пузырь» - ға тән. Бірақ, біз онымен келісе алмаймыз, себебі, желчный пузырь (өт қуық), семенной пузырек (шәует қуықшасы) бар ғой. Сондықтан, «қуық» - деген тек – «мочевой пузырь» - ға тән деушілік, анатомиялық тұрғыдан дұрыс емес.

Медициналық терминдерді біріздендірудің екінші жолы: терминдердің қосымшаларын қолдану жағдайларын қалыптастыру.

Мысалы, кеуде қолқасы, іш қолқасы, жалпы мықын артериясы, ішкі мықын артериясы, сыртқы мықын артериясы деп барлық оқу құралдарында беріліп жүр. Осы жайында айтсақ: кеуденің және іштің өзінің қолқасы болмайды, қолқа біреу, оның кеуделік және іштік бөліктері болады. Сол сияқты, жалпы, ішкі

және сыртқы мықындар болмайды, сондықтан: кеуделік қолқа, іштік қолқа, мықындық жалпы артерия, мықындық сыртқы артерия, мықындық ішкі артерия деп жалғау қолдану арқылы, артерияны анатомиялық және топографиялық тұрғыдан дұрыс белгілейміз. Осы мысалдарымызды латын, орыс тіліндегі баламаларын көрсету арқылы жалғастыра түселік.

A.rectalis superior - верхняя прямокишечная артерия - жоғарғы тік ішек артериясы; a. rectalis media - средняя прямокишечная артерия - ортаңғы тік ішек артериясы; a. rectalis inferior - нижняя прямокишечная артерия – төменгі тік ішек артериясы. Бұл мысалдардан: жоғарғы тік ішек, ортаңғы және төменгі тік ішектер болатын сияқты болып көрінеді. Бұл жағдайда, қазақ тіліндегі атаулардың орналасу ретін, латын тіліне сәйкес орналастырсақ (rectalis – бірінші ретте баламаланады), артериялардың анатомиялық ерекшеліктері дәл сипатталады екен. Сондықтан: тік ішектік жоғарғы артерия, тік ішектік ортаңғы артерия және тік ішектік төменгі артерия – деп баламаланғаны, артериялардың анатомиялық дұрыстығын қамтамасыз етеді.

Көп жағдайда (барлық жағдайда емес) қазақ тіліндегі көптеген тіркестік терминдердің орналасу реттілігін Халықаралық анатомиялық номенклатура негізінде, яғни, латын тіліндегі тіркестік терминдерінің орналасу реттілігіне сәйкес жасағанда олардың – ағзалардың топографиясын және құрылымдық ерекшеліктерін дәл білдіретіндігі анықталды.

Медициналық терминдерді біріздендіру барысында қарастырылатын тағы бір мәселе, қазақ тілінде қолданылып жүрген терминдер, анатомиялық құрылымның морфологиялық және қызметтік ерекшеліктерін сипаттай алады ма? Мысалдыр келтірейік:

1. *A. radialis*, лучевая артерия - кәрі жілік артериясы – деп беріліп жүргені белгілі. Осы терминнің мағынасына қарасақ, бұл артерия кәрі жілікті ғана қанмен қамтамасыз етеді, яғни, кәрі жіліктің артериясы. Ал, осы артерияның анатомиясын талдасақ, ол тек кәрі жілікті ғана қандандырып қоймайды, жанында орналасқан бұлшықеттерді, нервтерді, лимфалық түйіндерді қандандырады. Кәрі жілікке бұл артериядан басқа, шынтақ жілік артериясынан кететін: сүйекаралық алдыңғы және артқы артериялар да тармақтар береді. Сондықтан, бұл артерияның топографиясы және қызметі бойынша - кәрі жіліктік артерия – деп аталғаны анатомиялық тұрғыдан дұрыс және дәл болады.

2. *A. ulnaris*, локтевая артерия – шынтақ артериясы - деп беріліп жүр. Біріншіден, ол – шынтақ артериясы емес (*subitus* – локоть – шынтақ), дұрысы: шынтақ жілік артериясы (*ulna* – локтевая кость – шынтақ жілік) . Бұл терминнің де мағынасын зерттесек, дәл, кәрі жіліктік артериямен бірдей, ол тек шынтақ жілікті ғана қандандырып қоймайды, жанында орналасқан бұлшықеттерді, нервтерді, лимфалық түйіндерді және кәрі жілікті де қандандырады. Сондықтан, бұл артерияның топографиясы мен қызметіне сәйкес – шынтақ жіліктік артерия – деп аталғаны анатомиялық тұрғыдан дәл болады.

3. *A. recurrens radialis*, лучевая возвратная артерия - кәрі жіліктің қайырылма артериясы - деп беріліп жүр. Бұл артерия кәрі жіліктен шықпайды, кәрі жіліктік артерияның бастапқы бөлігінен кетіп, шынтақ буынының торын, *rete articulare cubiti*, түзуге және маңында орналасқан бұлшықеттерді қанмен қамтамасыз етуге қатынасады. Сондықтан, бұл артерияның топографиясы мен қызметі сәйкес - кәрі жіліктік қайырылма артерия – деп, аталынуы дұрыс болады.

4. *A. recurrens ulnaris*, локтевая возвратная артерия – шынтақтың қайырылма артериясы - деп беріліп жүр. (2,7) Бұл артерия шынтақ жіліктен шықпайды, шынтақ жіліктік артерияның бастапқы бөлігінен кетіп, шынтақ буынының торын, *rete articulare cubiti*, түзуге және маңында орналасқан бұлшықеттерді қанмен қамтамасыз етуге қатынасады. Сондықтан, бұл артерияның топографиясы мен қызметі сәйкес – шынтақ жіліктік қайырылма артерия – деп, аталғаны дұрыс.

5. *A. tibialis anterior*, передняя большеберцовая артерия - асықты жіліктің алдыңғы артериясы – деп

аударылып жүргені белгілі. Осы терминнің мағынасына қарасақ, бұл артерия асықты жілікті ғана қанмен қамтамасыз етеді, яғни, асықты жіліктің артериясы. Бірақ, осы артерияның анатомиясын талдасақ, ол тек асықты жілікті ғана қандандырып қоймайды: сирақтың алдыңғы бұлшықеттерін, нервтерін, тізе және сирақ - асық буындарын қандандырады. Сондықтан, бұл артерияның топографиясы және қызметі бойынша - асықты жіліктік алдыңғы артерия – деп аталғаны анатомиялық тұрғыдан дұрыс және дәл болады. Осыған сәйкес - асықты жіліктік артқы артерия – болады.

Енді жоғарыда қарастырылған мәселелерге байланысты қарастырылған кейбір терминдерді кесте арқылы көрсетейік.

Келтірілген мәселелер мен мысалдар, медицинаның әрбір саласы атауларына негіз болатын анатомиялық терминдерді бірінші кезекте дұрыс жүйелеп алу қажеттілігін көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Исамбаев М, Сәрсенова Ш. Медицина терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 1982.
2. Рақышев А. Адам анатомиясы, оқулық, 1,2 томдары, Алматы, 1994.
3. Жандар Керімбектің Ермаханы. Тәнтану атауларының латынша-қазақша-орысша сөздігі. Алматы, 1996.
4. Орысша-қазақша сөздік. Жалпы редакциясын басқарған Н.Т.Сауранбаев, Ғ.Ғ.Мұсабаев, Ш.Ш.Сарыбаев. Алматы, 2005.
5. Ахметов Мухамбедия Ахмет-Төре. Медицина терминдерінің сөздігі. Алматы: ЖШС «Сөздік - Словарь», 2005;640 б.
6. Рақышев А. Адам анатомиясының атласы, Алматы, 2006;1-4:
7. Рақышев А. Адам анатомиясындағы халықаралық атау - терминдер. Алматы, 2011.
8. Досаев ТМ, Қосманбетов ТС, Шәкенов БШ. және т.б., Адам анатомиясы, оқулық, Алматы, 2013.
9. Шәкенов БШ, Құсайынов АҚ. және т.б. «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік»,14-том, «Медицина», Алматы, 2014 ж.
10. Куприянов ВВ. Отечественная анатомия на этапах истории, Москва,1981 г.
11. Terminologia anatomica. 1998, Thieme Stuttgart – New York. Международная анатомическая номенклатура (с официальным списком русских эквивалентов). Москва, 2003.

ФАРМАЦИЯ ТЕРМИНДЕР СӨЗДІГІН ЖАСАУДА КЕЗДЕСКЕН МӘСЕЛЕЛЕР

Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент, Қазақстан

Қазақ терминологиясы, оның ішінде терминологиялық сөздіктер батыс елдерімен салыстырғанда кештеу дамыған сала екені жасырын емес. Осы бойынша «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде» «Терминология – ғылым, техника, өндіріс, өнер, білім саласындағы терминдердің жиынтығы. Терминология тілдің жалпы лексикология жүйесінің бір саласы болып табылады. Қазақ терминологиясының жасалуын Қазақстан үкіметі жанында 1935 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан мемтерминком басқарып келеді», - делінген [1,322].

Терминтану туралы В.М.Лейчиктің анықтамасы: «Терминтану – лингвистика, логика, семиотика, информатика, жүйелердің жалпы теориясы және бірқатар салалық пәндік ғылымдардың тоғысқан тұсында пайда болған жаңа кешенді ғылыми-қолданбалы пән».

Осы кезге дейін термин атауы – пән сөзі, пән атаулары, атау, аталым, атаусөз, ұғымсөз, термин, термін, термен түрінді тоғыз түрлі нұсқасымен қолданылып келді [2,9]. Оның әр қайсысы өзінше дұрыстығын дәлелдеп келеді. Терминнің табиғатына үділетін болсақ, барлық терминнің сөз екенін, бірақ барлық сөздің термин емес екенін көру қиын емес. Мүмкін бұл тұжырым дұрыс та шығар. Адамзаттың сауаттана түскен қазіргі кезінде сөз бен терминнің ара жігін ашып қарастыру оңай болмайтынын айта кеткен де жөн.

Терминжасам мәселесі филология ғылымында кеңінен талқыланып келе жатқаны мәлім. Қазақ филологиясы, әрине, бұл жағдайды кештеу бастады. Дегенмен, әлем терминологтары, олардың тәжірибесі бір ғылыми салаға жетерліктей дүние. Қазақ терминологиясында теориялық тұрғыдан да, практикалық жақтан белсенді жұмыс атқарып келе жатқан ғалым деп Шерубай Құрманбайұлын атап айтқан болар едік...

Оңтүстік Қазақстан медицина академиясында бірнеше жыл алдын басталған фармацевтикалық терминдердің жинағын немесе сөздігін жасаудағы жұмыстарға қысқаша шолу жасағымыз келіп отыр. Себебі, алдағы кезде сала терминдерін жасауда тәжірибе ретінде пайдаланар деген ойдамыз.

Фармацевтикалық терминдер сөздігін жасауда - сөздік жасаудың әлемдік әдістерін қолдануға тырыстық.

Алдымен терминдерге не жататын анықап алып, оны жинаудың объектілері анықталды. Объектілері ретінде осы мамандықта жүргізілетін барлық пәндерді, сондағы негізгі оқулықтар алынды. Термин теру, оны қай нұсқада пайдаланып жүргенін анықтау оңай жұмыс емес. Біздің оқу орнымызда осы терминдерді кеңінен күнделікті жұмысы барысында пайдаланатын

5 кафедра бар. Ондағы оқытушылардың барлығы дерлік мол тәжірибеге ие деп айта алмаймыз. Сондықтан әр кафедрада тәжірибесі мол, ақпаратты қазақ тілінде жеткізе алатын, кітап аударумен, материалдарды мемлекеттік тілге аударумен, мемлекеттік тілде кітап жазумен айналысқан қызметкерлерді жұмыс тобына алуға тура келді. Олар негізінен кафедра меңгерушілері немесе оқу ісінің орынбасарлары болды. Терминологиялық топтың жұмысына қаражат төленбейтінін білесіздер. Сол үшін аталған қызметкерлер жұмысын сапалы істеді деп айту қиын. Қаржы төленбеген жерде, талап та аз. Оның үстіне жалақы алып, айналысып отырған күнделікті жұмыстары бар. Соны бітіріп қана, бос уақыт тауып термин жинақтаумен, оны өз пәнінде қалай пайдаланып жүргеніне түсінік беріп, реттеумен айналысты. Бұл жұмыстың ұзақ мерзімге созылуына алып келді. Дегенмен жоғарыдан түскен тапсырыс құсап, бір айдың ішінде қалай болса солай сөздік жасап, оны кейін мың рет түзетіп отыруға қарағанда бұл да дұрыс болған шығар деп ойладық. Терминдер жинақталғаннан кейін екінші мәселе туындады: фармацевтикалық терминдерді басқа сала терминдерінен бөліп алу. Жалпы жинақталған терминдер саны 12 000-ға жуық болды. Оны қарап, зерделеп отырсақ, онда «Фармация ісін ұйымдастыру» кафедрасы бойынша экономикалық, менеджментті тб терминдер қосылып кеткенін, «Фармакология» кафедрасы жинаған терминдерде медициналық терминдердің, «Токсикологиялық химия» кафедрасында химиялық терминдердің тб араласып жатқанын байқадық. Оларды шама-шарқымызша бөліп, 8000 жуық термин қалдырды. Одан келіп әліпбилік жүйемен қойған кезде кейбір терминдердің төрт ретке дейін қайталанатынын көрдік. Қысқарта отырып жиналған терминнің жартысы жойылды. Соңында 4000 тарта терминдер қалып отыр. Оның ішінде де қарастыратынын өте көп.

Сол терминдермен еліміздің басқа жоғары оқу орындарында презентация жасадық. Сол жерлерде таныстырдық. Терминологиялық комиссияның көшпелі отырыстарында Алматы, Қарағанды, Ақтөбе, Астана қалаларында терминдермен таныстыру және келісу жұмыстары жүргізілді. Бізге сын айтып, терминдердің өз нұсқаларын ұсынған, әр термин бойынша дәлелдеп бір пікірге келген кейде келе алмай жатқан Асфендияров атындағы ҚазҰУ ғана болды десем кәтелеспейтін шығармыз. Басқаларды да түсінуге болады. Арнайы жұмыс тобы болмаған соң немесе біз ұсынған терминдер бәрінде солай қолданылып жүргендіктен болар ұсыныс мардымсыз берілді.

Сонымен, терминдерді негізінен сөз немесе сөз тіркесі ретінде жинау ұйғарылды.

Жиналатын терминдерге мынандай талаптар қойылды:

1) Терминнің бірмағыналығы. Термин негізінен бір арнаулы сала ішінде ғана бір мағынаны білдіруі, синонимдерінің болмауы керек. «Бір таңбаланушыға – бір таңба, бір таңбаға – бір таңбаланушы» сәйкес келуі керек деген қағидаттан туындаған бұл талапты орындауға салалық мамандардың қай – қайсысы да мүдделі.

Осы тұрғыда барынша қаталдықты сақтағанымызбен, кейбір терминдерді беру кезінде ауытқулар байқалып жатты.

2) Термин мағынасының дәлдігі. Термин атаудың өзі белгілейтін ұғымның мазмұнын қамтып, ұғымның негізгі басты белгілерінің термин мағына арқылы берілуі. Терминологиядағы шарттылық тұрғысынан келгенде бұл талап та үнемі орындала бермеуі мүмкін.

3) Терминнің қысқалығы немесе ықшамдылығы. Бірнеше сөздің тіркесуінен тұратын көп сыңарлы терминді ұғым атауы ретінде, атаусөз ретінде қолдану қолайлылық туғыза бермейді. Атау сөздердің қысқа да нұсқа болғаны жақсы – ақ. Тіл үнемділікті ұнатады.

4) Терминнің тілдегі сөзжасам заңдылықтарына сәйкес келуі. Терминдер де негізінен жалпы әдеби тілдегі атау сөздер сияқты ұлт тілінің сөзжасам тәсілдерін пайдалану арқылы туындайды. Салалық терминдердің көпшілігі әр саланың ғалымдарының практик мамандарының қаламынан туындайды.

Осы тұрғыда терминдерді барынша қазақша сөйлетуге тырысып бағу жұмысы көрініс табады. Себебі қазір көпшіліктің айтып жатқан «халықаралық» терминдерді өзгеріссіз қалдыру мәселесі осы анықтаманың шеңберіне кіре алмайды да, тіліміздің заңдылықтары сақталмай, бұрмаланып жатады.

5) Терминнің туынды сөз жасауға қолайлы болуы. Бұл талап терминнің ықшам болуы қажет деген талаппен үндеседі. Қазақ тілі жалғамалы тілдер қатарына кіретіндіктен неғұрлым қысқа, ықшам атауларға сөз тудырушы жұрнақтарды үсті – үстіне жалғау арқылы бір түбірден немесе негізден бірнеше туынды сөз, жаңа атау жасауға болады.

6) Терминде эмоционалды пен экспрессиялықтың болмауы. Жалпы ғылым тілі бейнелілікті, образдылықты емес, әр ұғымды өз атымен атауды қажет ететін дәлдікті, нақтылықты қалайды. Сол себептен де ғылым тілінің негізгі құрайтын терминдердің эмоционалды тұрғыдан бейтараптық танытып, оларға экспрессияның тән болмауы талап етіледі.

Бұл түсінікті мәселе.

7) Эстетикалық талаптарға сай келуі. Терминнің дыбысталуы айтуға қолайсыздық туғызбай, естуге жағымды болуы. Құлаққа оғаштау естілетін, айтуға ауыр қарапайым лексика қатарынан, жаргон, анайы сөздердің термин ретінде тандалмағаны жөн. Таза фармация саласының терминдерімен қарағанда бұл жерде мәселе туындамайды. Жалпы медицина саласында жүргеннен соң кейде осы эстетикалық талаптарды

бұзуға тура келетіні де бар. «Әйелдің көкірегінде екі омырауы болады, сүт өндіруге жауапты екі мүшесі. Олар әйелге тән өте тартымды келеді» деген күйде термин жасай алмайтынымыз түсінікті.

Осы талаптарды ұстана отырып, терминдерді жинап, сөздік мақала жасауға кірістік.

Өздеріңізге мәлім, жалпы сөздіктің жүйелігін сақтауда екі түрлі жол қарастырылады. Ол сөздіктің әліпбилік жүйесі немесе тақырыптық топтасуы. Біздің сала мамандарына тақырыптық топтастыруды ұсынған болатынбыз. Дегенмен, олар тақырыптық топтасуды терминдердің кайталануы (түрлі нұсқасында) болуы мүмкін деген уәжбен сөздіктің әліпбилік жүйесінде жұмыс жасауды жөн санадық. Сөздік жасауға жалпы оқу орнымыздың фармация саласына қатысты бес кафедрасы қатысты.

Сөздік жасу кезінде нақты терминологиялық сөздікпен қатар пән сөздіктерін де жасаған тиімді болар еді деген ойымыз бар. Сол кезде студент бір пәннің терминдерін бірнеше сөздіктен іздеп әуре болмайтын еді. Оны да алдағы уақытта қарастырамыз деген ойымыз бар. Ол кезде терминдер: медицина, заң, экономика, мемлекеттік құрылымдар терминдері түрінде жинақталып, бір сөздіктің ішінде топтасытырылып шығарылуы керек деп ойлаймыз.

Себебі, сөздікті істеу барысында терминдердің сөздігі кімге арналып жасалады? Яғни, оның адресаты анықталғаны жөн...

Сонымен қатар сөздіктерді электронды нұсқада жасауды ұсынған болар едік. Ол әсіресе терминдер сөздігіне өте қажет. Себебі тіл қазіргі жаһандық үрдісте терминдермен үнемі толығып отырады.

4000 терминді жинақтап, оны жер-жерде таныстырып болған соң Денсаулық сақтау министрлігіне тіл комитетіндегі комиссияда қарау үшін жібердік. Тіл комитеті бөліп-бөліп бірнеше рет қарауды ұйымдастырды. Әр отырыс үзіліссіз 12 сағаттарға ұласып отырыды. Оның ішінде тартысты мәселелер өте көп болды. Терминком отырыстарында әрбір термин бойынша пікір талас, әрбір терминді терең түсіну бойынша жұмыстар атқарылды. Мысалы, фармацияда қолданылатын дәрілік зат, дәрілік құрал, дәрілік түр, зат, биологиялық тиімділік, пленкалы қабықшалар, фармацевтикалық сияқты көптеген терминдер бойынша әлі шешілмеген мәселелер бар. Терминдер қолданушыларға түсінікті болу үшін балама терминдерді қолдану да керек шығар.

Қазіргі кезде білім саласында қазақ тілінде дайындалған оқулықтардың сапасына көп сын айтылып жатыр. Осы мәселенің пайда болуы дайындалған оқулықтардың сапасы төмен, аудармалар көп жағдайда тікелей аудару нәтижесінде қолдануға түсініксіз, оқулықтарды жазатын авторларға тиісті талаптар болмауына байланысты деп ойлаймыз. Әрине, көп жағдайларда оқулықтар дайындау тез арада қажет болды, оған жоғары оқу орындарының дайын болмауы мен тағы да

басқа мәселелер орын алатыны рас. Отыз жылдан астам уақыт арасында жеткілікті тәжірибе жинақталды, қазақ тілінде оқулық жазатын профессор-оқытушылар енді оқулықтардың сапасына мән аударып жатыр. Бірақ, әлі де оқулықтар дайындау бағытында шешілмеген мәселелер бар. Осы мәселе бойынша министрлік жоғары оқу орындарында әр мамандық саласында оқулықтар дайындайтын мамандарды анықтап, авторлардың кәсіби біліктілігі, ғылыми дәрежесі, білім саласындағы тәжірибесі, білім бағытының сәйкестігі және тағы басқа

факторларды ескеру арқылы, оқулықтар жазу үшін авторларға тиісті талаптарды бекітуі керек. Өйткені, оқулықтарды кейде оқулық шығаруға қаражаты бар, кез келген автор шығарып жүргені де байқалады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі Алматы, 2005;440 б.
2. Ш.Құрманбайұлы. Терминтану. Оқу құралы. Алматы, 2006 ж.

Л. ЕГИЗБАЕВА

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІ ОҚЫТУ БОЙЫНША ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ БИБЛИОМЕТРИЯЛЫҚ ТАЛДАУЛАРҒА ШОЛУЛАР

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Медициналық жоғары оқу орындарында медициналық терминдерді ағылшын тілінде оқыту – бүгінгі күнгі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Ағылшын тіліндегі медициналық терминдерді жақсы білу бүгінгі студент үшін ақпарат алмасу және болашақ кәсіби маман ретінде өзін-өзі дамыту құралдарының бірі. Әлемдегі негізгі ақпараттарға қолы жетпеген ұлт бәсекеге қабілетті бола алмайды. Сондықтан да болашақ дәрігерлеріміз ағылшын тілін жетік игеруі қажет. Кәсіби қарым қатынас процестерінің жаһандануына байланысты ағылшын тілі арнайы білімнің барлық дерлік салаларында барған сайын кең таралған. Қазіргі уақытта ақпараттық технологиялар мен медицина саласында ағылшын тілінде сөйлесу дағдылары өте қажет. Қазіргі уақытта ағылшын тілді ғылыми зерттеулер санының айтарлықтай өсуі байқалады, халықаралық Scopus және WOS дерекқорларында медициналық тақырыптағы жарияланымдар, сонымен қатар ғылыми журналдардың 90% ағылшын тілінде жарияланады. Қазіргі таңда денсаулық сақтау саласындағы көптеген мамандар ағылшын тілін игеруге тырысып жатыр себебі кейбіреулері шет елден тәжірибе алмасу мақсатында ғылыми тағылымдамадан өткісі келсе, кейбіреулері халықаралық ғылыми конференцияларға қатысуды және медицина саласындағы жаңа ғылыми зерттеулерді, ашылуларды немесе ақпараттарды бірінші болып оқуды армандайды. Медициналық тағылымдамалар қазіргі уақытта медицина студенттер үшін қол жетімді болып келеді, бұл сонымен қатар ағылшын тілінде сөйлесу дағдыларын және медициналық терминология білімі туралы сенімді білімді қажет етеді [1].


Жалпы, ағылшын тіліндегі медициналық терминдерді оқыту бойынша үлес қосып жүрген авторларды, елдерді және университеттерді немесе ғылыми орталықтарды, ғылыми журналдарды анықтау мақсатында, Scopus базасындағы ғылыми зерттеулерге библиометриялық талдауларға шолу жасалынды. Библиометриялық талдау оқырманға белгілі бір уақыт аралығында таңдалған зерттеу тақырыбы туралы тұтас түсінік алуға мүмкіндік береді [2]. Бұл библиометриялық талдаудың нәтижесі келесі (Кесте 1) кестеді көрсетілген:

Ағылшын тіліндегі медициналық терминдерді оқыту бойынша алғашқы ғылыми зерттеу 1974 жылы жүргізілген. Бұл зерттеулердің барлығы 1974 жыл мен 2023 жыл аралығындағы зерттеулер құрайды, яғни соңғы 49 жылда 54 ғылыми зерттеулер жүргізілген, оның ішінде ғылыми мақала (39), конференция жинағына шыққан мақала (8), кітап (2), кітап бөлімі (3), шолу (2) зерттеулердің бар екені анықталды. Осы

тақырып бойынша ғылыми зерттеулерді басылымға шығарып, жариялап жүрген ғылыми журналдардың саны 51 құраса, үлес қосып жүрген елдер саны 26-ны құрайды және 26 елден 158 автор үлес қосқан, оның ішінде жеке ғылыми зерттеу жүргізген 17 авторлар саны болып шықты, бірнеше автор болып зерттеген авторлар саны 141 құрайды.

Кесте 1. Ағылшын тіліндегі медициналық терминдерді оқыту бойынша ғылыми зерттеулерге библиометриялық талдау.

Библиометрикалық талдау нәтижелері




2-ші кестеде жыл сайынғы ғылыми зерттеулер жүргізілгенін және 1974ж, 1979ж, 1991ж, 1997ж, 2003ж, 2012ж, 2018ж, 2021ж, 2023ж көп ғылыми зерттеулер жүргізілгені байқалады, оның ішінде соңғы 2012ж, 2018ж, 2021 және 2023ж яғни соңғы жылдары ағылшын тіліндегі медициналық терминдерді оқыту өзекті мәселелер болғанын көрсетеді.


3-ші кестеде осы тақырып бойынша ғылыми зерттеулер жүргізген топ 10 авторлар көрсетілді. Ағылшын тіліндегі медициналық терминдерді оқыту бойынша ғылыми зерттеулерге үлес қосып жүрген топ 10 авторлар: Спигулис Ж, Гросжин Ж, Абдуллаев И, Абдуллина Л.

4-ші кестеде осы тақырып бойынша үлес қосып жүрген топ 10 университеттер көрсетілді. Олар: Плимаус университеті, Сидней университеті, Ганг Конг университеті және т.б.


Кесте 2. Жыл сайынғы ағылын тіліндегі медициналық терминдерді оқыту бойынша зерттеулердің көрсеткіші




Кесте 3. Ағылын тіліндегі медициналық терминдерді оқыту бойынша ғылыми зерттеулерге үлес қосып жүрген топ 10 авторлар.



Кесте 4. Ағылын тіліндегі медициналық терминдерді оқыту бойынша ғылыми зерттеулерге үлес қосып жүрген топ 10 университеттер




Кесте 5. Ағылшын тіліндегі медициналық терминдерді оқыту бойынша ғылыми зерттеулерге үлес қосып жүрген топ 10 елдер.



5-ші кестеде ағылшын тіліндегі медициналық терминдерді оқыту бойынша ғылыми зерттеулерге үлес қосып жүрген топ 10 елдер көрсетілген. Олар: АҚШ (19), Австралия (11), Ұлыбритания (10), Франция (8), Испания (6), Италия (5), Бахрейн (4), Латвия (4), Сауд Арабия (4), Украина (4). Осы тақырып бойынша үлес қосып жүрген топ 10 елдер қатарының 80% Европа елдерінен болса, тек қана 20% Азия елдерінен екені байқалады.

Кесте 6. Ағылшын тіліндегі медициналық терминдерді оқыту бойынша ғылыми зерттеулерге үлес қосып жүрген топ 10 ғылыми журналдар



7-ші кестеді ағылшын тіліндегі медициналық терминдерді оқыту бойынша ғылыми зерттеулерге үлес қосып жүрген топ 10 журналдар көрсетілген, олар SPIE - Халықаралық оптикалық инженерия қоғамының еңбектері, Медициналық білім, ACIMED журналы, Халықаралық ауыз құысы және тіс медицина журналы, Африка урология журналы, Америка бүйрек аурулары журналы және т.б. Бұл журналдардың барлығы WOS базасында индекстеледі және импакт факторлары жоғары журналдар.

Бұл библиометриялық талдаулар ағылшын тіліндегі медициналық терминологияны оқыту бойынша болашақ зерттеушілердің түсінігін кеңейтіп, болашақ бастамалар үшін құнды ақпарат деп ойлаймын және осы тақырып бойынша болашақ отандық зерттеушілеріміз топ 10-дыққа кіреді деп үміттенемін.

Қорытындылай келе, қазіргі таңда жастарымыз қазақ тілімен қатар ағылшын тілі білімдерін жетілдіруде. Сонымен қатар қазіргі таңда өз тілімізді құрметтей отырып және өз тілімізде білім алып жүрген қазақ жастары ағылшын тілінде де ғылыми жұмыстарды жүргізу барысында шет елдерге танымал болуда. Болашақта жастарымыз немесе болашақ зерттеушілеріміз Азия елдерінің қатарынан Қазақстан елінің атын шығарып, одан да жоғары көрсеткіштерге жеткізеді деп сенеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Iwata J, Clayton J, Saravani S J. Learner autonomy, microcredentials and self-reflection: a review of a Moodle-based medical English review course. International Journal of Information and Communication Technology. 2017;10(1):42-50. <https://doi.org/10.1504/IJICT.2017.081008>
2. Gokhale A, Mulay P, Pramod D, Kulkarni R. A Bibliometric Analysis of Digital Image Forensics. Sci. Technol. Libr. 2020;39:96–113. [CrossRef].